

# Сатыбалды ДАУМОВ

Л2016  
3068к

СОҶҒЫ  
ПАРЫЗ











**Сатыбалды ДАУМОВ**

**СОҢҒЫ  
ПАРЫЗ**

  
**ХАНТӘҚІРІ**  
баспасы

Алматы, 2016

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 (5 қаз)-5  
Д 19

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі  
«Мәдениет және өнер саласындағы бәсекелестікті жоғарылату,  
қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерделеу мен насихаттау және  
мұрағат ісінің іске асырылу тиімділігін арттыру» бағдарламасы  
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»  
кіші бағдарламасы бойынша жарық көрді*

**Д 19** **ДАУМОВ Сатыбалды.**  
**СОҢҒЫ ПАРЫЗ:** естеліктер/Сатыбалды Даумов.  
– Алматы, «Хантәңірі» баспасы, 2016. – 286 б.

ISBN 978-601-03-0427-7

Қазақ журналистикасы мен әдебиетінде өзіндік орны бар табиғатынан ерен жаратылған қаламгер Сатыбалды Даумовтың бұл жинағы өмірлік қосағы Ғаббасова Асылғаным мен перзенттері Нұрлан, Өркен және Алмастың құрастыруымен шығып отыр.

Кітап жазушының жарияланбаған дүниелері мен көзкөргендердің естеліктерінен, сондай-ақ қаламгердің мерейтойларында айтылған лебіздерден тұрады.

ӘОЖ 821.512.122-1  
КБЖ 84 (5 қаз)-5

ISBN 978-601-03-0427-7

© Даумов С., 2016.  
© «Хантәңірі» баспасы, 2016.



# БАСТАУ

*(кіріспе орнына)*

Теледидар қосып қалсам бір әсем әуен төгіліп қоя берді. Жүрекке жылы. Құлаққа таныс. Қалай қосылыпшырқай жөнелгенімді өзімде аңғармаппын. Бұл — менің жан жарым, Қазақстанға танымал журналист, ақын Сатыбалды Даумовтың «Перзент сыры» деген әні болатын. Ән демекші, әннің өзі өткен өміріңді бір қайыра еске түсіреді екен. Көз алдымнан маужырай манаураған Нұрланым, топ-топпақ Өркенім, құлдыраңдаған Алмасым кезек-кезек өтіп жатыр... Осылайша ұлдарымызды бірге ержеткізіп, ұяларына жайғастырып, немерелердің қызығын бірге көрер шақта Сатыбалды кенеттен кете барды...

«Мен өтермін, кетермін,  
Жоқтарсың мені бір күні.  
Жәрдемім тимес нетермін,  
Бекінем осы бір сөзге», —

деп Шәкәрім ойшыл айтқандай, мына жарық дүниенің есігін ашқан адамның ерте ме, кеш пе, сол есікті қайыра бір жабары хақ екен. Бәрібір Сатыбалдымен өткен жылдардың бірте-бірте естелікке айнала берерін мойындай бастадым...

Қазақтың текті бір ұрпағы, сол тектіліктің биік адами қасиеттерін адал еңбекпен тел еміп өскен аяулы қосағымның соңында қалып, оның соңынан айтылған қайырлы сөздерден естелік құрастырам деп кім ойлапты?.. Жақсылармен жанаса өскен, бар саналы

ғұмырын сол жақсылықпен суарып та, қуаттандырып та өткен жанмен өз тағдырымның қалай бірігіп кеткенін де аңғармай қалыпшын. Қалай аңғарайын, Ол менің ошағымның бас иесі, отымның алды, суымның тұнығы болса... Асыл қасиеттерінің қайсібірін айтайын....

Балаларым әкесі туралы жазылған жақсы лебіздерді жинақтап, кітап етіп шығармақ болған ойларын ортаға салғанда, бірден құптадым және мен де бірауыз лебіз қоспасам, япыр-ай, бұл кісінің айтары болмағаны ма деп жүрер оқыған ел деген қиялға кірдім. Өзінің: «Өмір қайта басталып, маған жар таңдау құқы тисе, мен тек қана өзіңді таңдар едім» деген сөзі құлақта жаңғырып тұр. Олай деп тек қана сүйген адамы ғана айта алса керек. Мен де сүйтер едім. Мен туралы шығарған әнінде «сүйем демей, күйем демей, ұғысып үнсіз» депті. Біздің бар өміріміз солай үнсіз ұғысудан, түсінісуден тұратын еді-ау...

Қаламгерлігіне келсем, мен дәріптеп отырған қосағым, ақын Қадыр Мырза-Әлі баға бергендей «Ол қазақ әдебиетіне тек кіріп шығу үшін ғана келген адам емес. Ол қазақ әдебиетіне өзіндік орнын лайықты етіп қалдыра білген» Сатыбалды Даумов еді.

Сатыбалды қазақ әдебиеті төрінде қалыптасқан қаламгер боп танылды, солай қалды да. Жазғанынан жазары көп еді. Бірақ жаратқанның өлшеп берген ғұмырында аз жазса да саз жазды, санға емес сапаға еңбек етіпті. Көзі кеткеннен кейін екі томдық толық шығармалар жинағын балалары боп, өзім бас-көз боп жарыққа шығардық. Бұған да тәубе.

Сатыбалды жайында жылы-жылы пікірлер айтушылар көп. Олардың дені дүниеде аялайтын нәрсе көп болғанымен, ең қымбаттысы да болатынын, сол қымбаттылардың біріне жататынын қаламгер екенін күн өткен сайын айта түсуде. Содан да болар 47 жыл бірге ғұмыр кешкен, ізгіліктен жазбаған,



әр ісінде табанды, тұрақты болған Сатыбалдының асыл қасиеттерін одан әрі асқақтатқым келді. Елінің, туып-өскен жерінің, ағайын-тумаларының алдында Сатыбалдының таза болмысын паш етуді ұрпақтары да өздеріне парыз санады. Осындайда Мағжан ақынның: «Ердің бағасы елге еткен еңбегінің зор, яки кішілігінде емес, ел деген жүрегінің таза болуында, тілегінің елмен ортақ болуында», – деген парасатты ойы еске түседі. Ол шынында да пенделік әрекеттерден биік тұратын.

Бұл естелік негізіндегі жинақта сондай-ақ Сатыбалдының баспа беттерінде жарық көрмеген дүниелерін (*балаларымен бірге*) қамтуға тырыстық.

Өзі айтқандай екеуміз бір адам сияқты біріміз көз, біріміз қабақ боп өмір сүріппіз. «Мен қабақпын, көзді желден, жарықтан, тіпті шөп-шалаң түспеу үшін қорғаймын» деген уәдесіне беріктік танытты. Өмірінің соңына дейін менің сүйенішім, болды. Мен де Сатыбалдының бағы көтерілсе, демеушісі бола алдым деп айта аламын. Екеуміз де отбасы үшін жаратылған жұптар екенімізді өмірдің өзі көрсетті.

Қолдарыңызға тиіп отырған осынау естеліктер жинағын жанымның нұры болған, құстай мәпелеп, патшадай күткен Сатыбалдымның аруағына бағыштадым.

***Қаламгердің жары – ҒАББАСОВА Асылғаным***

# ҚОЯНДЫ

(Аза жыр)

*«Іздеме бекер картадан,  
«Қоянды» деген жазуды.  
Жазусыз да оны дәл табам,  
Ауылды сол бір аз ұйлі.*

**(автордың өз өлеңінен)**

Қояндым,  
Көрмегелі көп жыл өтті,  
Сағыныш ет жүректі елжіретті.  
Орныңды қалдым сипап іздеп келіп,  
Ел босып, тоз-тоз болып  
Жер жүдепті.

Ауыл жоқ..  
Тұрмын енді жұртын басып.  
Жадау түз, жатыр сұлық, сиқы қашып.  
Құйрықсыз қызыл шақа қыр түлкісі  
Жанымнан өте берді сылти басып.

Сауы жоқ, адам түгіл аң-құсының,  
Түсінер бұл өңірдің қайғысын кім?!  
Кетіпті бір-ақ жылда киік құрып,  
Еріген қардың ішін «қанды суын».

Зымыран төбесінен құлап-құлап,  
Төбелер жатыр өліп, сұлап-сұлап.  
Жыландай жан-жағына у шашады,  
Жаралы жер төсінен су атқылап.



Өлі су  
Өлі ауа  
Өлген ауыл.  
Аспаннан себеді өлім жерге жаңбыр.  
Ұйтқытып радиация шаң-тозаңын,  
Алмайды күндіз-түні жел де дамыл.

Тағы да соқты, міне, құм бораны,  
Құм борап жүрегімді мұңға орады.  
Бір сұрақ жауабы жоқ тілге оралды,  
«Ойраны шыққан елдің кімге обалы?»»

## II

Қояндым.  
Ауыл едің шағын ғана,  
Жетуші ем құстай ұшып сағынғанда.  
Шалқалап жатушы едің,  
Бір жағаң –құм,  
Бір жағаң– шетсіз-шексіз сайын дала.

Аты да сол бір құмның Қоянды еді,  
Қоянды жалт қаратпай қояр ма еді?!  
Жалқын құм мың құбылып көзді арбайтын,  
Сияқты алуан түсті бояу кені.

Қаншама құт дарыған жал-жал құмға?!  
Бірдей ол пейіш еді мал-жанына.  
Жататын сап-сары құм суси көшіп,  
Балқыған сары алтындай ақ жалынға.

Мен үшін артық мекен бар ма құмнан,  
Құмда мен шағыр шапқам, мал қайырғам.

Аштықта өзім жеген желкегінің,  
Кеткен жоқ дәмі әлі таңдайымнан.

Айтсаңшы, құм тарысы –құмаршықты!  
«...Ішінен құмаршықтың жылан шықты».  
Құмартқан құмаршыққа ел аузында,  
Жүретін осындай бір жыр айшықты.

Бұрқ та сарқпен қырда өмір қайнап,  
Жұмыла көрсететін елің қайрат.  
Қатарда қаршадай боп мен де жүргем,  
Шөп үйіп, масақ теріп, егін баулап.

Жеңістің қадалғанмен жалауы тік,  
Жазылып болмаған кез жара бітіп,  
Сонда да көңіл – көлдей,  
Қиындыққа  
Жатпаушы ек бас қатырып, жан ауыртып.

Жүрсек те тәлтіректен, құлап тұрып,  
Қалатын сәл мызғысаң қуат кіріп.  
Оралып қайта келсе,  
Сол күндермен,  
Шіркін-ай көрісер ем жылап тұрып!

Ол кезең қанша артса да елге зілді,  
Жұтаған көрмеп едім мен кезінді.  
Қояндым,  
Карта түгіл  
Жер бетінен  
Таппаймын сабыла іздеп енді өзінді.

Қаңбақ па әкететін дауыл қуып?  
Не сұмдық кетті деген ауыл құрып?!

Жан дүнием астаң-кестең күйге түсіп,  
Аспаны көңілімнің жамылды бұлт.

### III

Қояндым,  
Менің алтын бесігім ең!  
Өзіңде ашқам дүние есігін мен.  
Алыстан төбең көзге шалынғанда,  
Көңілімнің кіруші еді хошы бірден.

Сап болып енді сол бір қуанышым,  
Жұртыңа тұрмын қарап, жылап ішім.  
«Азғыр» мен «Капустин Яр» –  
Қос тажалдың  
Түбіңе жеткені ме сынағы шын?!

Қарасам оңыма да, солыма да,  
Жағалай сұлап жатқан өлі дала.  
Маңайда бір белгі жоқ тіршіліктен,  
Сияқты бұл далада өмір ада.

Шынымен осы ма мен ұшқан ұя?!  
Көзіме түспеді әкем қыстауы да.  
Кетіпті түгел сіңіп топыраққа  
Су шайып, жел мүжіген қыш қабырға.

Жүрекке қалды-ау демде шер байланып,  
Кетті екен тоз-тоз болып, ел қайда ауып?!  
Бар еді дөң басында көне қорым,  
Жып-жылас болыпты ол да жерге айналып.

Жеті атам жатқан бұл бір қорым еді,  
Орны да көзіме ыстық көрінеді.  
Риза қыла алам ба Құран оқып  
Басында мола да жоқ өлілерді?!

Аятын зулатты деп тірі келіп,  
Бәрібір кетпес көрден тұрып өлік.  
Бағыштап аруақтарға,  
Құран емес,  
Жапанда жыр оқыдым күңіреніп.

#### ІҮ

Қояндым,  
Еншім емес жеке менің,  
Кілең бір жақсылардың мекені едің.  
Мені де түзу жолға салып жастан,  
Қашан да жақсылыққа жетеледің.

Жақсылар қоныс тепкен ауыл – жұмақ!  
Жүресің теріс жолдан дәйім жырақ.  
Осындай жақсы ауылға  
Беделімен  
Сыйлы еді ағайынды Дәуім, Жұмат.

Жақсыдан қалған көз деп жұрт мені де,  
Менен де бір жақсылық кетпеді ме?!  
Сенімнен шықтым деуге бармайды аузым,  
Ел артқан жүр әлі де жүк белімде.

Көп жылдар туған жерден жүріп қашық,  
Жазыпшын ел жайында тиіп-қашып,

Түс көрсем,  
Жыр дәметкен ауылдастар  
Тұрады қаумалап кеп иықтасып.

Тілді еді Қалует шешем,  
Шешен еді.  
Түсімде ол да маған неше келді,  
«Той болса қалмайды екен Машақан таз»—  
Әлі жүр есімде оның осы өлеңі.

Бейім-ді Бақтылы апам ойбайға тым,  
Ойбайлап сиыр сауып, мал жайлайтын,  
Жарықтық қызық еді-ау Есжан атам.  
Өзімен өзі отырып, дойбы ойнайтын.

Жалғаған қос ғасырды көпір нағыз,  
Айтатын Арыстан шал не түрлі аңыз.  
Әкемнің құрдасы еді Аққуан қарт,  
Бір қойдың жеп кететін етін жалғыз.

Көп еді-ау әншілер де, жыршылар да,  
Ән-жырсыз таң ата ма?!  
Күн шыға ма?  
Бір қолмен домбырасын бебеулеткен  
Малайдың Хафизіңдей күйші қайда!

«Күнінде жиырма бестің-ай неғылмадық,  
Иіс су, жұпарменен-ақ сабындандық» —  
Осылай ән салатын Бақау көкем,  
Алдында шаршы топтың сан ырғалып.

Көңілді кездерінде «ұрттап» алған,  
Ешкімге сөз бермейтін Мұхтар ағам.



Қоңқақтап қалған жалғыз тұяқ еді,  
Қоңқылдап бұл жолы ол да шықпады алдан.

Абдолдың кырғи тілді Төлегені  
Күлкіге қыран-топан көмер еді?  
Есілем, Көшен, Егіз,  
Емес пе еді  
Жігіттің шеттерінен кіл төрелері?!

Аталсын, аталмасын жырда аттары,  
Мен үшін ауылдастың қымбат бөрі.  
Кескіні, мінез-құлқы баршасының  
Көңілімнің архивінде тұр қаттаулы.

## Ү

Қояндым  
Бірі – мектеп,  
Кеңсе – бірі.  
Ауылыңның екеуі еді еңселі үйі.  
Қиылған қарағайдан осы екі үйге,  
Ерекше болатұғын ел сенімі.

Кез еді ол қанды соғыс жатқан жүріп,  
Кімді өлім әкетпеді аттан жұлып?!  
Әкесіз кіл жаутаңқөз ұл менен қыз,  
Оқыдық кей күні нәр татпай жүріп.

Кептемеу былай тұрсын қарыңды асқа,  
Қат еді онда дәптер, қарындаш та.  
Бір парта, бір оқулық – үш шәкіртке  
Бәрі ортақ!  
Шығарда тек жаның басқа!

Бірде – «екі»,  
Алып жүріп бірде «бестік»,  
Білімнің теңізін біз бірге кештік.  
Кешпедік қызық бірақ бала болып,  
Не екенін балалықтың білмей өстік.

Соғыстың кешсе әкелер өртін белден,  
Бірге жүрдік біз желдің өтінде елмен.  
Жетілді сауатымыз  
Кітап емес.  
Ежіктеп «қара қағаз» оқуменен.

Көбі онда әйел еді мұғалімнің,  
Әйелдей бала жанын ұғады кім?!  
Қалила Нұрғанымдай апайлардың,  
Тұр үні түбінде әлі құлағымның.

Таусылып жиған отын азын-аулақ,  
Кететін қыста класс азынап-ақ.  
Сабағын өткізетін тонын шешпей,  
Майдангер Бақыт ағай қазық аяқ.

Күлкілі көрінсе де кей іс бүгін,  
Әйтеуір, алып шықтық тегіс білім.  
Қазақша (!)  
Осы ағамыз үш жыл бізге,  
Оқытқан орыс тілін, неміс тілін.

Қанша ұстаз берді тәлім, берді білім,  
Солардың бірі де жоқ енді бүгін.  
Айналып бәрі бір-бір төмпешікке,  
Бұлттып жатыр олар, жер бүйірін.

Мектептің орны да енді өшкен мүлде,  
Қалмаған өткен күннен еш белгі де.  
Түспейді көзге неге құрбыларым  
Тебісіп құлын-тайдай өскен бірге?!

Қайда жүр Нәби, Мұхит, Мардан, Қайыр?  
Апыр-ау, кім бар, кім жоқ жалғанда бұл?!  
Безеріп міз бақпайды, тіл қатпайды  
Достарды құшағына алған қабір.

Қалмаса, ұстаз түгіл, тұстастарың,  
Басыңа шапшып қалай шықпас қаның?!  
Қалыппын аңғармай да  
Кірпігімді  
Ап-ащы зілдей ауыр шық басқанын.

## ҮІ

Қояндым.  
Жұртыңда ауыр сезімді кештім,  
Сірә, енді талай күндер көз ілмеспін.  
Зарымды жаяр жалпақ елге,  
Қалмады-ау тыңдайтын да сөзімді ешкім.

Қиған кім қолы барып сені өлімге?!  
Құныңды ол әлде алтынмен төледі ме?!  
Жырыммен тұттым аза,  
Ең болмаса,  
Қалсын деп Қоянды атың Өлеңімде.

*Қаламгер өзі туып-өскен өлкесі Нарын туралы жан жүрегі езіле-егіле отырып, былайша толғаныпты.*

## **ЖҰМАҚ ПЕН ТОЗАҚ**

Шежірелі тарихымен, тамылжыған табиғатымен талайларды тамсандырған, талайларды ән салдырған, топырағында талай арысымыздың табанының ізі қалған қайран Нарын баяғы кескін-келбетінен айрылғалы қай заман!

Бір кездері жер жұмағы саналған қасиетті өлкеде жер үстіндегі тозақ орнағалы жарты ғасырдан асты. Құм Нарынды жаз жайлап, қыс қыстаған қалың қазақ Капустин Яр полигонының өлім сепкен ракеталарының тірі нысанына айналып, жарты ғасырдан бері радиацияның тозақ отында жанып жатыр. Қатерлі дерттің жан шошырлық небір түрі осы өңірде тіршілік ететін жан-жануарды түгелдей жалмап барады. Көбейсіннің Кәкені сияқты ұлтжанды азаматтың Нарын қоғамдық қозғалысының дүниеге келуіне ұйытқы болып, жалпақ елдің жоғын жоқтап, Кәкең сияқты елім деп еңіреген басқа да ерлердің жанайқайынамен де ақындық үнімді қоссам, Нарынның зары жердегі «құдайлардың» құлағына жетпесе де, бәлкім, көктегі құдайдың құлағына шалынып қалар.

## ЗЕҢГІР КӨГІМ

Мөлдір менің аспаным!  
Кеш байқаппын жанарыңда жас барын.  
Қарай берем солғын тартқан жүзіңе,  
Кеткен бе оңып тысың түгел астарың?!

Кім ойлаған бар деп, сірә, мұның бір,  
Ойландырды жүзің сенің бұлыңғыр.  
Бұрынғыдай көздің жауын алмайсың,  
Бұрынғыдай төккенменен Күнің нұр.

Жанши-жанши иығыңнан басқан мұң,  
Аласарып кеткенсің бе, аспаным?  
Қалай ғана өзгергенсің аз жылда,  
Аз жыл саған емес пе еді қас-қағым?

Байтақ далам жайбарақат далиып,  
Жатушы еді-ау сені айқара жамылып.  
Көк шатырдай күмбезіңнің астында  
Қалықтайтын қыран ғана ақиық.

Самолеттер «шүйке» созса төсіңде,  
Аң-таң болып қарағаным есімде.  
Сол «шүйкеден» басталарын кім білген,  
Апарар жол кесапат пен кесірге.

Ізімізден шұбатылған «шаң» қалып,  
Ұштық қанша Жердің шарын айналып.  
Жерден шыққан «саңырауқұлақ» бұлттарға,  
Сен де менше қарадың ба таңғалып?



«Зауал-көктен!» дейтін бұрын  
бар-ды ырым.  
Табылар ма сенер оған жан бүгін.  
Жерден барған зауал жетіп түбіңе,  
Саф ауаңның шығарды әбден дал-дұлын.

Құм Нарыннан бір-ақ күнде жұрт көшіп,  
Полигонға айналғанда құт-бесік.  
Кім ойлапты,  
Капустин Яр, сені де  
Нысанаға ап атқылар деп шұрқ тесіп.

Аспаным-ау,  
Жаның неткен сірі едің?!  
Жарақатсыз бар ма сау бір сілемің?!  
Денеңдегі сынығынан металдың  
Қалай тұрсың сырқырамай сүйегің?!

Тілгіленсе тіпті сонау беті Айдың,  
Қалай шыдап,  
Қалай сабыр ете алдың?!  
Соны ойлаймын,  
Жинап жүріп жердегі  
«Көктен жауған» сынықтарын металдың.

Жау қиратпай,  
Тау қиратқан қаруым.  
Ауаңа екті бойындағы бар уын.  
Кектен қаны қараймаған жандардың  
Кернеді ақ қан алпыс екі тамырын.

Құрық салып, ажал тұтас халыққа,  
Айналар ма далам алып табытқа?!

Қаншама жан тірісінде көзінің  
Жанып жатыр радиация-тамұқта?!

Тартып жатыр Аспан азап,  
Жер азап!  
Ел жұтпаған қасірет пен шер аз-ақ!  
Қылмыс бар да,  
Қылмыскердің ізі жоқ,  
Бұдан асқан болар енді не ғажап?!

Есуастай от уыстап ойнаған,  
Кімдер еді «ойынға» бір тоймаған?  
Ракеталар жарысында «бөйге» алып,  
Кімдер еді қылмысты да тойлаған?

Бәрі ғайып!  
Мықты болсаң тауып көр!  
Атом ба әлде сотқа сүйрер айыпкер?  
...Сынақ бітті (?)  
Сұрақ бітер түрі жоқ...  
Сұрағына жауап тосып зарықты ел.

Зеңгір Көгім,  
Сен де тұрсың зарығып,  
Өз ауаңнан өз тынысың тарылып.  
Жаутаң-жаутаң қарап саған мен тұрмын,  
Қалмағай деп кірпіктерің жабылып.

Осы күдік мың-миллион түр көзде.  
Білмейді әлем одан асқан мұңды өзге.  
Жарар еді-ау айналмасаң, Аспаным,  
Зират-Жердің үстіндегі күмбезге...

# ҚҰМ БАСҚАН ҚОЯНДЫНЫ ТАСҚА ҚАШАП...

*(Саяқ жүріп, сақа жырлар қалдырған  
Сатыбалды Даумов туралы)*

**Жанарбек ӘШІМЖАН,  
мемлекеттік «Дарын»  
жастар сыйлығының лауреаты**

Бірде ертеректе шыққан газет-журналдардың сарғайған парақтарын ақтарып отырып мына бір өлең жолына көзім түсіп кеткені...

«Керегі болмас деймін түр-тегімнің,  
Әйтеуір, Ит жылының бір төлімін.  
Ит жылы туғаныммен иттігім жоқ,  
Итке де тілемеймін ит өлімін».

Ит жылы. Алты жасымда адырға кеткен әкеме деген сұрапыл сағыныш кеуде-жотамда қай кезде де жанартау секілді атқылап тұрады. Әкем де Ит жылы туған еді. Бұл ақын әкеммен түйдей құрдас болып шықты. Аты — Сатыбалды Даумов! Иә, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырза Әлі де әкемнің құрдастары. Алайда, әлгі бір өлеңнің авторы Тұмағаң мен Қадекең секілді аса танымал емес. Ауған ынтызар ақыры кітаптарымен жолықтырды. Екі томдығы мен «Сонау бір туған Нарында...» дейтін кітабын бас алмай оқып шықтым. «Дала патшасы», «Жәңгір мектебі», «Хан тағының соңғы мұрагері», «Махамбет және Жәңгір хан», «Әкелі-балалы Бабажновтар» сынды

елдің тарихы мен ол жерден шыққан тарихи тұлғаларға қатысты терең талдап, ерен зерттеген шығармалары, өзі өскен өлкенің географиялық ахуалы туралы тамаша деректер көп жанға ой салуы тиіс, әсіресе тарихшыларға. Ең бастысы өз өмірін өлеңмен өріп шыққаны ерекше әсер қалдырды. Ақындық қуаты, өлеңдегі ерекшелігі Кеңес кезінде аты қалыптасқан, бүгінде есімдері аталып жүретін айтулы ақындарыңыздан бір де кем емес. Уақытында кеудесін алға салып өзін насихаттаудан алыс болғанға ұқсайды. Шығармалары мен өмір жолынан түйсінгенім — әдебиетпен әдеби ортадан алыстау жүріп айналысқан көрінеді. Бар саналы ғұмырын Ауылшаруышылық министрлігінің «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналы мен Қазақ зағиптар қоғамына қарасты республикалық «Еңбек таңы» журналында 35 жыл редактор болуға арнапты.

«Салауат дейік, енді өткен күнге,  
Көрдік біз, не көрсек те көпмен бірге.  
Біздің де басып кеткен қалды ізіміз,  
Сарғайған газет-журнал беттерінде...»

деген өлең жолдары «бар ғұмырым сол басылымға кетті-ау...» деген өзекті өртеген өкініштердің табы болса керек.

Сатыбалды ақынның туған елі — Батыс Қазақстан өңіріндегі, әр тасы тарихқа тұнған, жаңа өркендеу дәуірінің бастауында тұрған қасиетті Бөкей Ордасына қарасты Қоянды ауылы. Қара жердің тәніне, адамдардың жанына жара салған Капустин Яр әскери полигонының кесірінен 1952 жылы Бөкей Ордасының бір бөлігі Атырау облысына берілгені ел есінде, сол кезде қаламгер туған өңір

де өзгеріске ұшырағанға ұқсайды. Бірақ, ақын барлық шығармаларында өзінің туған жерін Хан Жәңгірдің билік құрған мекенімен байланыстырып кетті және өзі де өлкетанушы қаламгер ретінде сол елдің тарихын тасқа қашап қалдырды.

Сол кіндігін кескен, бесігін тербеген туған ауылы туралы ақынның көңіл пернесін дөп басатын мына бір «Менің космодромым» дейтін өлеңін тебіренбей оқу мүмкін емес.

«Іздеме бекер картадан,  
«Қоянды» деген жазуды.  
Жазусыз да оны дәл табам,  
Ауылды сол бір аз үйлі.

Емес ол әсте Қоянды,  
Өніне қосқан сал Біржан.  
Жер де емес алуан бояулы,  
Көркімен қайран қалдырған.

Жоқ онда таулар саялы,  
Жуатын төсін сел, жауын.  
Тау емес,  
Құмның табаны,  
Жатады қымтап жел жағын.

Ақпайды жарып өзен де,  
Салмайды сыңсып орман ән.  
Қалпымен ерні кезерген,  
Бәрібір ыстық ол маған.

Кішкене ғана Қоянды –  
Кіндігі жердің мен үшін.  
Белбеулеп жерді орайды,  
Тартқан жол содан желісін.



Қанатын жайып жақсы арман,  
Сол жерде мені тербеген.  
Мен үшін содан басталған,  
Қастерлі ұғым «ЕЛ» деген.

Болса да қораш түрі оның,  
Артық ол маған Мысырдан,  
Сол менің космодромым,  
Ұямнан мені ұшырған».

Бүгінде сол бір Қоянды ауылы карта түгіл жердің бетінен де өшіп кетті десем, кейбір жүректерге салмақ түсіріп аламын ба деп шошимын. Мен түрлі шығармашылық сапармен бұл дәл осы Бөкей Орда өңірінде екі мәрте болып, мұқият аралаған едім. Сонда ақын қиялындағы космодромы — Қоянды ауылы көшкен құмның астында қалыпты. Есесіне, Сатыбалды Даумов туған мекенінің атын әдебиет әлемінде ерекше бедерлеп кетті.

Ақын, публицист, аудармашы, жазушы-өлкетанушы, мәдениет қайраткері Сатыбалды Даумовтың артына қалдырған әдеби мұрасы — оның талмай еңбек етіп, халқына қалтқысыз қызмет еткендігінің көрінісі.

Бозбала шағы Бөкей Ордада өткенімен, білім алып азамат болып атқа мінген кезеңдері мен аға жасыақсақалдыққа беталған керуен-көші, жазудың азап-мехнатын тартқан жылдары талайларды бауырына басқан киелі Алатаудың бауырында өтті. Қаламгер 2004 жылы Алматыда дүние салды...

Жазушылық жолдың тым ауыр, азабы көп, машақаты мол екені бесенеден белгілі. Алайда Алла берген дарынның аздық ететіні тағы бар. Әркез ізденіс үстінде жүріп, замана көшіне ілесіп отыруың қажет. Уақыттың қаламгерге қойған талабы осындай. Дәуірмен үндес, ғасырмен сырлас болудың

сыры тым тереңде жатқанын біреу білсе, біреу білмес. Сатыбалды Даумовтың кітаптарын оқып отырып ойға қаламыз. Ақын өзі туралы: «Сонымен өлең жазуға аңсарым ерте ауса да, әдебиет ауылына 1985 жылы «Жұлдыз» журналына жарияланған «Жалын ғұмыр» атты поэмамен ат басын бұрдым деп есептеймін», — депті. Қаламгердің үлкен әдебиетке аяқ басуы осылай басталыпты. Орыстың үлкен сыншысы, эстеті, қарымды қаламгері Герцен: «Әдеби кезеңді екіге — келу бар да, қалу бар» деп бөлген екен.

Жойқын күш тік көтеріліп тастады ма? —  
Солқ етіп құлап түсті тас қабырға.  
Тоқал там бір ғасырға төтеп берген,  
Жоқ болды жер бетінен қас қағымда.

Үй орнын жаншып-таптап табанымен,  
Бульдозер қалш-қалш етіп алады дем.  
Таңырқап қарап қапты зәулім сарай,  
Жап-жарық жүз терезе жанарымен

Кезінде көрік берген астанаға,  
Жарамай қалды көп үй баспанаға.  
Орнына Алматының  
Аз-ақ жылда  
Қалғандай орнап енді басқа қала.

Ақын «Қыран қала» деген өлеңінде осылай депті. Ол қаланы тұлғаландыру арқылы оған белгілі бір дәрежеде мінез дарытқан-ды. Алматыны қыранға теңеген ақын қиялы Күнге ұмтылған қырандай самғап, сонау бір биіктерде жүреді. Бұ өлеңде көзге ерекше ұратыны шәр шаһарға деген махаббат. Ақын махаббаты!..

Алматым!  
Сел қаптасын, жер туласын,  
Мызғымай мәңгі-бақи сен тұрарсың!  
Ендеп те, бойлап та өскен саған қарап,  
Елімнің көрсін әлем өр тұлғасын!

Ақынның бұнымен айтпағы ару қала — Алматы қазақты мына маңғаз әлемге таныта алады. Рас сөз! Шайырдың айтар ойы анық, сөзі ұғынықты. Оның ішінде бұлқынып жатқан пәлсапасын мына адамдарға, халыққа, көпшілікке жеткізгісі келеді. Осындайда, сол жырды естір құлақ, көрер көз, айтар ауыз болса ғой дейсің...

Еділ қай шығармагер жүрегін козғап, қай туындыгерге шабытына шабыт қоспады десеңізші?! Ен тоғайына ел қондыруды көздеген өр мінезді Махамбет де бұл өзенді жырға қосқан, мадақтаған. Осы орайда, Сатыбалды Даумов та Еділ туралы жырлағанда екіұдай күйге қалдырады.

Валдайдан шыққан тулап ашу буып,  
Талқандап Еділ тау мен тасыңды үгіп,  
Жеткенде жол ортаға,  
Лықсып қана,  
Ағады жанарын сәл ашып-жұмып.

Кезігіп сан тосқауыл, сан асуға,  
Түскендей осындай бір сабасына,  
Көк-ала толқындардан көген есіп,  
Кереді тау мен теңіз арасына.

Шымырлап қайнарынан ол өнгелі,  
Бар тірлік соған ғана көгенделді.  
Тоғытқан сан ғасырды арнасына.  
Осы бір ұлы дария не көрмеді?!

Қат-қабат қалың тарих ол ұққанға,  
Жазылған емес, майдан, жорық, дауда.  
Каспийге қаншама рет құсты ол лоқсып,  
Кеткенде кемерінен толып қанға! –

депақынқартөзенменсырласаотырамыңыншағады,  
жанын жарып береді. Тамырын сонау тереңнен  
тартар алуан сипатты замана жауабын поэзиядан  
іздеген Сатыбалды Даумов уақыт көшін өз ырқына  
көндірсем деген талпынысы менмұндалайды.  
Қаймана қазақтың басынан кешкен қилы-қилы  
кезеңдерді, жүрекке жүк болып, санаға салмақ  
салған оқиғаларды ой елегінен өткізіп, бүгінгі біз  
бетпе-бет келген болмысты өздігінше қорытып  
шығуға талпынады. Ақынның ойы да, сөзі де, өзі де  
көз алдымызға қыранды, бұлтпен тілдесетін, таудың  
ұшар басында ұшатын қыранды елестетеді.

Секунд.  
Минут.  
Жарты сағат.  
Бір сағат...  
Сағат менің ғұмырымды тұр санап.  
Соңғы минут,  
Соңғы секунд,  
Соңғы дем,  
Сендерге мен жақындаймын күн санап.

Соңғы секунд...  
Болмайды аттап кетуге,  
Болмайды оны орағытып өтуге.  
Өткел бермей күтеді ол,  
Күтеді  
Тірлігінің тұйықталар шетінде.

Соңғы секунд...  
Неткен сөз бұл ызғарлы!  
Жаның жаурап,  
Тұла бойың мүздайды.  
Кім-кімнен де сұрар түбі ол бір келіп:  
«Бұл өмірде сенен қандай із қалды?»

Жалпы, әлем поэзиясында, әсіресе орыс ақындарында Ажалдың келе жатқанын сезу, дүние салар күнді, дәм-тұзының таусылуға жақын қалғанын түйсіну секілді құбылысты өлеңдерінен жиі кездестіреміз. Мәселен, Гумилев, Кольцов, Рублев... Қылаяғы Есенинге дейін ертеңгі күні туралы толғанысқа толы жырларын оқығанда сай сүйегің сырқырайды. Бұл орайда қазақтың ұлы ақыны Мұқағали Мақатаевтың өз болашағын өлеңмен болжаған қасиеті туралы сөз қозғамай-ақ қоялық. Даумовтың «Соңғы секунд» жыры өмірінің қиын кезінде жазылған секілді. Өйткені, онда асығу бар, ашу бар, нала бар... Бізге сөйтіп сезілді... Сәт, мезет, уақыт секілді ұғымдар Жаратушы ұлылығын көрсете отыра, адамға берген ғұмыр да тым шолақ, қысқа екенін аңғартады. Шайырдың мінезді жырының төркінінде қаншама адами шындық, адами ақиқат жатыр десеңізші?! Бұл пенде пешенесіне жазылған жазуды мойындау деген сөз! Туындының тұу тереңінде үлкен астар, өмір жалған, өткінші екенін ұғындырғысы келетін ақын айқайы — жанайқай жатыр!.. Соны ести алдық...

Сатыбалды Даумовтың «Жалын ғұмыр», «Тауқыметті тағдыр» (Алма Оразбаева туралы), «Елестер мен белестер», «Қоянды» атты дастандарының ішінен «Қанды ғасырға қарата» атты поэмасы көзімізге оттай басылды. Ақынның толқыған көңілі ХХ ғасыр лаңы туралы толғаныс-

жырды оқырманға үндеу ретінде жазған сияқты көрінді. Оқып отырып ойға қаласың... Өткенге бір қарап, келешекке деген сенім, үміт пайда болады.

Қылтамақтай қылғындырып Даламды,  
Голощекин орнатса ақырзаманды,  
Жер емес пе,  
Құтқарам деп қазақты  
Жолға салған тоқсан тоғыз тарауы?!

Айтады олар,  
Еңіреген елім деп,  
Болғандығын қанша аяулы ерін мерт!  
Айтады олар,  
Айтады олар,  
Сұрашы,  
Қайда қайран Ілияс пен Бейімбет!.. –

деп ақын тынысы кең, өрімі берік, бейнелі де қуатты жырды қалай жайбарақат оқуға болады? Кешегі өткен ғасырдағы сұрқиялықтар мен сұмырайларды қазақты қырып, тыныш жатқан елді қанға бөктіргені жанға қалай батпайды?! Дәуір лүпіліне, заманның зарлы айқайына шайыр өздігінше үн қосып, өлеңді өздігінше өрбітеді, өзгеше реңк береді. Сатыбалды Даумов ХХ ғасырда қазақтың қабырғасына батып, ұлтының жанын жаралаған бүкіл оқиғаларды жіпке тізіп шығады. Соның арқасында ақынның сөзі асқақ естіліп, рухы биіктен көрінеді! Осы бір ұстанымы оның өміріне серік, өнеріне көрік болғандай көрінді, бізге!

Тіл-жағымыз босаса да байлаудан,  
Жүрміз әлі аса алмай құр сайраудан.  
Қазақша топ, кластардың тірлігі,  
Тұрған жандай пәтерлерде жалға алған.

Халық едік ойламаған бас қамын,  
Кімге болсын тегін тартқан ас-дәмін  
Енді ет жесек,  
Қысыламыз сырт көзден,  
Жеп жүргендей ет пен майын басқаның, –

деп ақын қырандай құйылып келіп, қамау тері алынған аттай құйғыта шабуында өзіндік мәнер, нық ұстаным жатқанын аңғарамыз. Көркем сөз, кемел ой, терең білім туындыгердің қорамсасында жатқан қосалқы дүниелері десек, жыр жаратылысын тану мен даралануында осылардың рөлі айрықша екенін атап өткен жөн. Осы орайда, ақын шығармашылығынан осындай бір әдеби ұстындарды аңғарғандай болдық. Орнымен қолданылған тарихи ұғымдар құлпырып, қунақ тартып, ақын сөзі демде арқаланып шыға келеді де оқырманын ойлантады, тыңдаушысын ұйытады. Шығармашыл тұлғаны тану үшін оны толық оқып шығу керек. Әдебиеттің «жазылмаған заңы» осылай дейді. Туынды рухын әлсіретіп, жыр аясын тарылтып алмас үшін өзгеден үйренгеніміз жөн-ақ. Жалқыны айта отырып, жалпыны жырлау, белгілі бір нәрсені айта отыра ұлт намысын қайрау, бабалар рухын шақырып, отты жырмен оқырман жүрегін қозғау – ой тұңғиығындағы сөз-маржанын теру, терең философия айту, халықтың әдебиетке, сөзөнеріне деген құштарлығын ояту, өлең арқылы оның жаралы жанын емдеу кез келген шынайы сөз зергерінің қашаннан қалыптасқан бұлжымас серті, алдына қойған мақсұты. Сатыбалды Даумовтың аударма, жыр, толғау, дастан, сыни мақалары мен естеліктерін оқыған оқырманның жады төрінде оның есімі жаңғырып отырады деп ойлаймыз. Замана ағысын, уақыттың жүрек қағысын сезінген

ақынның өз әлемі, өз Ғаламы бар. Кейбір өлеңдерінде ақын жыры динамикасын бәсеңдетсе, кей тұста қып-қызыл өрт секілді өлең өрісін кеңейтіп, бірте-бірте биікке асқақтай көтеріле түседі. Ол поэзия архитектуралық динамикасына аз мән берсе де, шығарманы өзінше құбылтуға құмартады. Оқығанда қазір түйдек-түйдек екпінді жырды қарша боратып, қара нәсердей толассыз саулатады-ау дегенде өлең орта жолдан үзіліп қалады. Бұл туындының поэтикалық күш-қуатын әлсіретпесе, күшейтпесі белгілі...

Еліміздің арғы-бергі тарихын ақтарып қарасақ заманның қыңыр да қырсық мінезіне көнбей, өз ойын өлең атты ыстық өртпен өрген арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты тұлғалар аз өтпеген. Арғысын айтпағанда, бергі заманда Есенқұл Жақыпбектің қылдан да нәзік өлеңдері өмірге жылу сыйлайтындай көрінеді. Оқыған сайын от аласың, мына әлемге махаббатпен қарауға ұмтыласың. Сондай бір поэзияны сағынатынымызды жасырмаймыз. Толстой бір сөзінде: «Адамның сыншысы — ұят» деген екен. Сол ұят, сол әдебиетке деген адалдық түнек ішінен алып шығар шамшырағымыз. Сонда ғана талғам атты таразы оң жаққа ауады. Әдебиеттің басты миссиясы осы емес пе!.. Аударма саласында да талмай еңбек еткен Сатыбалды Даумов алдағы уақытта өз оқырманымен қайта қауышатынына сеніміміз мол. Даумов дүниелерін сараптайтын әдеби сын да жіберген олқылығының орнын толтыратын кез келіп-ақ тұр... Себебі, оның жазған дүниелерінде жарық, сәуле, нұр бар. Ал кез келген адам сөзден осы бір тылсым сырды іздемей ме?!.



**P.S.** *Өткен жылы Сатыбалды Даумовтың 80 жылдығы өзі білім алған әл-Фараби атындағы ұлттық университетте өз деңгейінде аталып өтті. Сол жиында мен ақынның жары – Асылғаным апамызбен жақынырақ таныстым. Артында іздеушісі, сұраушысы бар қаламгер өте бақытты. Сатыбалды ағамыздың жазған дүниелерін жинап-теріп, елеп-екшеп баспаларға ұсынып, мұраларына ие болып, Жазушылар одағы мен үйінің арасын жол қылып, байыз таппай жүргенін көріп қатты толқыдым. Ерте көктемде қаладағы үйін тарс бекітіп, ала жаздай тіпті алғашқы қар түскенше Тау Түргендегі саяжайда тұратын апамыз сексеннің сеңгірінде. Тіфә-тіфә, ширақ! Бәлкім, таудың таза ауасы мен өмірлік жары, қазақтың қарымды қаламгері Сатыбалды Даумовтың шығармаларына лайықты бағасын беру жолындағы ерік-жігері шығар апамызды ширатып жүрген!*

*Көңілге бір медет болатыны – Орал қаласында Сатыбалды Даумов атында көше бар. Қайсыбір әңгіме арасында Асылғаным апамыз «Сатыбалды атындағы сол көшенің бойымен басынан аяғына дейін бір жүріп өтсем, шіркін...» деп қалғаны. Орындалу аса қиын шаруа да емес қой...*

## ӨРЕЛІ АҚЫН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Сатыбалды Даумовты мен сонау студент кезінен білемін. Поэзиядағы алғашқы қадамдарына да куәмін. Университет бітіріп, журналист атанған сында да сырласудың желісі үзілген емес. Әсіресе, «Еңбек таңы» журналының бас редакторы болған жылдарында оның қаламгерлігі шыңдала түсті, көсемсөз, тарихи зерттеулер жазды. Поэзияда өзіне қатаң талап қойып, алғашқы жинағын шығаруға да асықпағаны сөз өнерін әспеттеудің үлгісі еді. Алғашқы өлеңдер кітабына ағалық шын көңілден қуанып, газетке пікірімді жазып едім.

Сатыбалды аз жазған жоқ, алайда асылын талдап-талғап қана жариялайтын. Бізді сонысымен ырзалайтын. Сатыбалды көп оқитын, білімдар азамат еді. Батыс, Шығыс поэзиясын, туған әдебиетті, тарихты тәптіштеп білгендіктен оның ауызша әңгімесі тағылымы да тартымды болатын.

Біз туған аға мен інідей жақын араластық, іркіліссіз мұңдасушы едік. Басқаларға айтпасымызды қымсынбай ақтаратынбыз. Күнара телефондасып, соңғы жаңалықтарды жайып салатын. Топыраққа бөліп, топ құрап топар сайлауды тәркілеп ашық сөйлейтін. Түргендегі саяжайына кетер алдында «Аман-есен болайық, Мұз аға» деп еді-ау. Жүрегі шіркін, әлденендей қатерді сезді ме екен?!

Иншалла, елін өнерімен талай тәнті еткен, өрелі ақын Сатыбалды халықтың жадында сақталады.

*Мұзафар ӘЛІМБАЕВ*

# БІРІНШІ БӨЛІМ

## ҚАЛАМҒЕРДІҢ 60 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНДА АЙТЫЛҒАН ЛЕБІЗДЕР

*Биязыны халық сүйіп, ұғады,  
Ісі түзу кісі төрге шығады.*

*Ж.Баласағұн.*



## **БІЗДІ ҚАУЫШТЫРҒАН ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫРЫ**

«Анаңды не үшін жақсы көресің, не болмаса бауырыңды не үшін жақсы көресің?» деген сұраққа шынында да адал адам жауап таба алмайды. Мен сондай халді кешіп, Сатыбалдының алпысында осы сауалға жауап таба алмай отырған жайым бар. Мақтанды деменіздер, қарадан-қарап жүріп Алматыда қазақты көрсем іштей өш болып жүретінмін. Неге екенімді білмеймін... Ал енді біреулерін мінез-құлқына, адамгершілігіне қарап жақын тартатынмын. Іші-бауырыңа кіріп кетіп, сол сезімінен айнымайтын адамдар бар. Сатыбалды екіншісіне – сезімнен айнымайтын адалына жатады.

Студент кезінен білемін, сонда бір көргеннен қабылдаған кісімнің біреуі – осы Сатыбалды болатын. Оны енді неге екенін Алла тағалам біледі. Танысқан кезімізден бастау алған сол сыйластығымыз әлі де жалғасып келеді. Сыйлы інім Сатыбалдыны 60 жасқа толу мерейтойына жырмен шашу шашайын.

Көп жұрттың көз түрткінің қарасуын,  
Көп көрдім тіленші мен теперішін,  
Өктемшіл өктем ата таласының,  
Ағайын аз болса да ауылдағым,  
Бар менің тағдыр қосқан бауырларым.  
Өзіңсің соның бірі Сатыбалды  
Өзіңдей өрелі інілер сағынғаным.  
Біреуін армандаған бауырлардың

Сарғайып сағынғанда тауып алдым.  
Қазақтың жыры бізді қауыштырған,  
Қазір сен сара сынды сәруардың.  
Әр істің асықпайын сәті барды  
Демейін жолым болмай қапы қалдым.  
Беу, жақсы ой, түбірлі ой, түйінді ой,  
Асықпай тере білдің Сатыбалдым.  
Үйретіп кетті ме екен абыз талай,  
Сөзден жан сыйламайсың қауыздамай.  
Аптықпай тізіп жүрген ақығынды  
Жамандар жаман түгіл жауыз қалай.  
Екеуміз ұқсаспаймыз түрімізбен.  
Шырынды іздемейміз шегімізден,  
Шарттасып дос атанған пенде емеспіз,  
Ұғыстық жанымызбен, ділімізбен,  
Дүние жатсадағы бүтінделмей,  
Жетелі журналыңның құты көлдей.  
Зағиптар қолға алғанда қуанады,  
От жанар ойға нұрынан бітірердей.  
Болғаны жақсы әр кез көршің ойда,  
Өзі де келіп отыр осы тойға.  
Бір жылдың төлі екен құрдас көршің,  
Қуатын құятындай қосып бойға.  
Тың ойға мұз жарғыштай өзі кеме,  
Татиды Қадыр ақын сөзі неге?  
Тұлпардың дүбірінен қызар тұяқ,  
Шабыттың бағын берсін өзіңе де,  
Дегенге сен алпыста кім нанады,  
Албырап ажарыңда нұр жанады,  
Жаныңда Асылғаным келін барда,  
Аулақсың мың шақырым, мыңнан әрі.  
Кемелді шағыңдасың, бабыңдасың,  
Жүректе жыр қазынаң қалыңдасын.

Лайым, жаңа шыққан жинақтарың,  
Дүкеннен ел іздесе табылмасын!  
Әумин!

*Бисенғали НАУРЫЗБАЕВ*

## **АҒАЛАРЫН СЫЙЛАЙ БІЛЕДІ**

Сатыбалды екеуміз бір жерде, бір топырақта өскен адамдармыз. Қазір менің жерлес бауырым үлкен журналды басқарып отыр, онымен қоса ақындық өнерді де игерген. Ақындығына Мұзафар ағамыз зор бағасын берді. Сатыбалдының жақсы мінезінің бірі — ағаларын сыйлай білуі, солағаларын өзіне ұстаз тұтуы дер едім.

Журналистік қаламыңның жүйріктігі сол күйінен жаңылмасын.

*Қадыр МЫРЗА-ӘЛІ*

## **САТЫБАЛДЫ АДАМГЕРШЛІКТІҢ ӨЛШЕМІНЕ ЖАРАЙТЫН ҚАЗАҚ**

Мен Сатыбалдыны кітабы шықпай тұрып-ақ ақын деп білетінмін. Осындай ақынның кітабы неге шықпаған деп те таңдалатынмын. Тіпті соның өлеңдерін шығармай жүргендерге де таңғалатынмын.

Бірде Сатыбалдымен баспада кездесіп қалдық.

Сәкен Иманасов бас редактор. Сәкеңе кіріп: «Мына жігіт талантты, жасы алпысқа таяп қалды. Мұның жасында ақындар он-он бес кітабын шығарып тастады. Ал бұл жігіттің бір де бір кітабы шықпапты. Мына жігіттің кітабын шығарып бер», – дедім. Обалы не керек, Сәкен Иманасов кітабын жоспарға кіргізді. Сол кітабы шықты.

Өзі әр нәрсенің өлшемдері бар, алысты шақырыммен есептейміз, салмақты килограммен есептейміз, тіпті электрдің өзінің ваты бар. Ал енді адамгершіліктің ондай өлшемі жоқ, болмайтын да шығар. Ал егер адамгершілікке бір өлшем болатын болса, мен Әбу ақсақалға өлшем болатын шығар. Ол кісінің адалдығын, тазалығын, азаматтығын айтып отырмын. Міне, сондай өлшемге жарайтын қазақтың бірі – Сатыбалды дер едім. Сатыбалдыда адамға қажетті жақсы қасиеттің бәрі де бар, тұнып тұр. Алпысқа қатарласа келіпсіз екеуміз де, алпысың құтты болсын!

*Сағынғали СЕЙІТОВ*

## **ЖАЗҒАН ДҮНИЕСІН НӘРЛІ, ДӘМДІ ЕТІП ЖАЗАДЫ**

Сатыбалдының аса назар аударатын қасиеті – оның жазуына деген мықтылығы, тиянақтылығы. Бұл қасиеті тек ақындық құдіретімен ғана шектеліп қалмаған, болмысында да, құдай берген табиғи мінезінде де бар. Ананың сүтімен сіңген деуге болады. Кісіге қылдай жаман ой ойлап көрмеген жан деп, мен осы Сатыбалдыны айтар едім.

Ғабит Мүсірепов айтқандай, асыл ой өлмек емес. Ол айналасына ұрығын шашады. Ол ұрықтар

ойдан-ойға қонып, жетіле түсіп, алдағы белестерден асып кете бермек. Тамыр жайып тарай бермек. Сөзге өлім жоқ, сөз арқылы терең ойға өлім жоқ. Сондықтан Сатыбалдының жазған нәрі, дәмі бар ойлы сөздер ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, қаламгердің аты асқақтай берсін!

Келісті кісінің сөзі ер адам:  
«Алпысқа да алқынбай жеттің...»

Бұрын қазақ алпысқа келгеннен ақыл сұрама дейді, бұл енді бұрынғының мақалы. Елу жылда ел жаңа деген, бұл да бұрынғының әңгімесі. Содан осы сөздерді Сәкеңе айтып: «Осы сөздерге қалай қарайсың?» – деп пікірін білмек болдым. «Алпыс деген жан-жағыңа қарай бастайтын, ақылың толысып, елге ақыл айтатын жас» деп жауап берді ол. Расында да солай ғой.

Мінеки, өзің сол баға берген алпысқа да алқынбай, ақылың кемерінен асып, толысып жетіп отырсың.

Шығармашылығыңды бағалайтын халқың, ағайын-туысың аман болсын. Ұрпағың өсе берсін!

Осынау мерейтойың жалғаса берсін!



*Ғайни ана (Сағынғали Сейітовтың жұбайы)*

## САТЫБАЛДЫ ШЫНЫНДА ДА АУЫЛЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ

Мен өзі арғынның қызымын, бірақ Кіші жүздің келінімін, Кіші жүзге сіңіп кеткен жанмын. Ащы мен тұщыны татқан біледі немесе көп жасағаннан сұрама көпті көргеннен сұра деген нақыл сөз бар. Бүгінгі Сатыбалдының қуанышына жиналып отырғандардың біразын ертеректен білемін. Анау отырған Мұзафар қайнымды бойдақ кезінен білемін.

Ал, мынау алпысқа келіп отырған қайным Сатыбалдыға айтарым, алпыс тал түс деп жүр ғой. Өзім алпысты да, жетпісті де, жетпіс бесті де көріп отырған жанмын. Сондықтан осы шаңырақтың иелері, бір кездері бойжеткен қыз бен жігіт еді. Бүгінде екеуі алып бәйтерек болып отыр. Осы алып бәйтеректің жапырақтары жайыла берсін.

Қазыбек би бабамыз айтқандай «Атадан жақсы ұл туса, олелініңтуыболады» дегенрасекен. Сатыбалдыны бүгінгі биіктен қарап отырсақ, ол шынында да туып-өскен жерінің туы, ауылының мақтанышы.

Жеңгелері біз де Сатыбалды арқылы мақтанып жүре берейік!

## **БӘРІНЕ ТЕҢ ҚАРАЙДЫ**

Сатыбалды жазған дүниесін мынау үлкен, мынау кіші деп бөле-жара қарамайды, дұрысы жіктемейді. Адамды сынау, болмаса сыни көзбен қарау деген атымен жоқ, бәріне тең қарайды. Бұл жұғымдылық осы отырған бәріміз үлгі алатын қасиет деуге болады.

Біздің ауданда Совет Одағының батыры Темір Масиннің тағдыры туралы тамаша дастан жазды. Ұлы Отан соғысынан ауылға аман жетіп, ауылда шыққан бір өрттің зардабынан қайтыс болды. Сондай-ақ соғыстың зардабынан кемтар болып қалған ауылдың бір суретшісі туралы да ерекше дүние жазды. Айтайын дегенім, оның аты шыққан үлкен адам, мынау кішкентай адам деп бөлмейтінін осындай мысалдармен жеткізу.

Сатыбалды қаламың ұштала берсін, жазған шығармаларыңның өрісі кеңейіп, таныла берсін!

*Бәтима апай*

## **ҚАЛАМЫҢЫЗ МҰҚАЛМАСЫН**

Сәке, өзіңіз сияқты азаматтар ұзақ өмір сүрсе екен. Жаратылысы ерекше, тұла бойы парасаттылыққа тұнған өзіңден кейінгі ұрпақтың алары мол, сіздің де береріңіз мол. Қаламыңыз мұқалмасын. Алар асуыңыз,

шығар биігіңіз алда. Сол белестерге деніңіз саулықта, жаныңыз амандықта жүріп жете беріңіз.

*Шафих ДОСПАМБЕТОВ*

## **ТАЛАНТЫҢЫЗДЫҢ ТАУЫ ШАҒЫЛМАСЫН**

Сәкеңнің осы тойын өз басым бір жылдан бері күтіп жүр едім. Жалпы Сәкеңнің өмірін, тарихын қырық-елу жылдан бері білемін, қасында жүрміз.

Отызында орда бұзбаған, қырқында қамал алмайды дейді емес пе. Сәкең жиырма бесінде университет бітіріп, отызында орда бұзып, белгілі журналист атанды. Қырқында қамал бұзып, республикаға таралатын үлкен журналдың төрағалығына көтерілді.

Сәкең өлеңдерінде қаймағы бұзылмаған ауылдың таза табиғи көрінісін мөлдіретіп ғажап суреттейді. Өзі құлай сүйген ауылын арқау етіп поэма да жазды. Мен сыншы да, ақын да емеспін. Тек Сәкеңнің қасында жүрген інісі ғанамын. Бауыр ретінде оның жан дүниесіндегі буырқанған талантты байқайсың ғой. Сол талантыңыздың тауы шағылмасын, Сәке!

Алтын асықтай ұлдар тәрбиелеп қана отырған жоқсыз үлкен әулетіңіздің, әрі халқыңыздың үлкен азаматы болып отырсыз. Біз сіздің осы беделіңізді мақтаныш тұтамыз. Асекең екеуіңіз осы биіктен түспеңіздер, тойыңыз құтты болсын!

## **БІР-БІРІМІЗДІ ЕРЕКШЕ ҚАДІРЛЕЙМІЗ**

Бүгін тамаша тойдың куәсі болып отырмыз. Дәл осы сәт ақпан айы болғанмен, күн жадырап шығып тұр. Сәкеңнің мінезі де өзіне сай. Осындай күн жадырағанда біздер бір-біріміздің үйімізге кіріп амандық сұрасып, әзілдесіп тұратынымыз бар. Екеуміз де бір-бірімізді ерекше қадірлейтін сияқтымыз.

Қадірлі Сәке, асқаралы алпысыңыз құтты болсын!

Алпысқа келгеніңізді құттықтап келіп отырмыз. Ата жасын, баба жасын берсін. Алтай немереңіз жолыңызды қусын, бұл немересі бір жылда екі класты бітірген.

*Игорь ИОСИЕВИЧ,  
құдасы:*

## **САТЫБАЛДЫ ӨТЕ ДАРЫН ИЕСІ**

Сатыбалды өте дарын иесі. Өз ортаңыз өнерде атыңыз асқақтап, шығармашылығыңыз шабыттана түссін. Сіз тек қазақ елі, республика ғана емес, шетелдерге де таныла беріңіз дегім келеді.

## ЖЕДЕЛХАТПЕН КЕЛГЕН ҚҰТТЫҚТАУЛАР

### *«Қадірлі Сәке!*

Күліп күндер, аунап айлар, жылжып жылдар өтіп, сені де 60-қа алып жетті. Кешегі балалық балғын шақ, өзіңмен университетте, жатақханада бірге өткен жігіттік жылдар артта қалғанымен, күні кешегідей, бәрі көз алдында елес беріп өтіп жатыр. Содан бері қаншама жылдар өтсе де арамыз суымай, жиі-жиі жүздесіп, көңілімен көрісіп, пейілімен табысып келеміз. Мұның бәрін бір-бірімізге деген ыстық ықыластың, сыйластықтың белгісіндей сезінемін.

Сәке, өзіңді үлкен өмір жолынан өтіп, шеберлігі шыңдалған журналист, қаламынан талай-талай ойлы өлеңдер туған ақын, парасатты басшы, бойында әзіл-оспағы мол ақжарқын азамат деп білемін. Сүйікті жарыңыз Асылғаным екеуің бірнеше ұл өсіріп, келін түсіріп, немере сүйіп отырған қадірлі ата-ана, үлкен шаңырақ иесісіздер.

Қадірлі Сәке, мерейтойыңыз құтты болсын!

Жансерігіңіз, сондай-ақ ұлдарыңыз Нұрлан, Өркен, Алмас керегесін керіп, уығын шаншыған алтын отауыңыздың шаңырағына шаттық ұяласын, күлдіреуішінен күн күлімдеп тұрғай!

Ғұмырлы, абыройлы бола берулеріңізге тілек-теспіз.»

*Ізгі тілекпен:  
Құмар, Бәтима,  
Атырау қаласы*

\*\*\*

**«Құрметті Сәке!**

Біздің Сәкең келіп қойды алпысқа,  
Әркім арман жетіп алу сол тұсқа.  
Шапан жауып, мінгізер ек арғымақ,  
Соның реті болмай қалды қол қысқа.

Журналиссіз, әрі бастық, әрі ақын,  
Шәкірт те көп сізден сабақ алатын.  
«Еңбек таңын» өрге сүйреп келесіз,  
Қыран құстай талмай қағар қанатын.

Арыстарын сақтайды ғой елі есте,  
Алпыс сізге алқынатын белес пе.  
Асықпаңыз, асықпаған ағалар,  
Аяңымен қоян алған емес пе?!

Алпыс асып, жүздесерсіз жүзбенен,  
Мұратына жетер дейді іздеген.  
Арғымақ та сөз болып па, тәйірі-ай,  
Бір самолет мінгізерміз біз деген!»

**«Еңбек таңы» журналының ұжымы**

## ЕКІНШІ БӨЛІМ

### ПАРАСАТ ПАТШАСЫНДАЙ ЕДІ...

*Екінші бөлімде қаламгер туралы телеарналарда арнайы дайындаған хабарлардың қағазға түсірілген нұсқалары берілді.*

*«Жақсы атақ қалса, ол екінші өмір болады», – дейді ақылды кісілер.*

*Рашид-әд-дин*



# ҰМЫТПАҢДАР МЕНІ

*«Қазақстан» ұлттық арнасында Сатыбалды Даумов туралы дайындалған арнайы хабар. Хабарды жүргізген журналист Дүйсенбек Қанатбаев*

## **Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ:**

– Поэзия – жалпы адам баласына ортақ, оған үлкені де, кішісі де душар болады. Бірінде ән болып келсе, бірінде зар болып келуі мүмкін. Ән айтуға да, зар айтуға да әркімнің қақысы бар. Сатыбалды ақынның шығармаларында осының екеуі де бар. Ол өзінің айтары анық, толғанары нақ, тілі өрнекті, ойы көрнекті ақын екендігін танытып кетті.

Мен осы хабарды дайындау үстінде ескі-құсқы қолжазбаларымды ақтарып, бұдан ширек ғасыр бұрын Даумовтың қолжазбасына арналған жабық рецензиямды тауып алдым. Ол кезде жарық көрмекші кітап күні бұрын бірнеше жабық рецензиядан өтетін. Мұны тек іс қағаз ғана емес, сыни мақала деп те қарауға болады. Мұны айтып отырған себебім, Даумов өлеңдерін жақсы білетіндігімді, ол жайында аз да болса сөз қозғауға құқым бар екенін дәлелдеу. Осы рецензиямда мен Даумовтың поэмалары туралы да біраз тоқталып өтіппін. Өзімше баға берген болыппын. Әсіресе екі поэмаға. Біреуі – Советтер Одағының батыры Темір Масиннің бейбіт күндегі ерлігі жайлы болса, екіншісі – қазақтың белсенді коммунист қызы Алма Оразбаеваның күрделі тағдыры жайлы. Байқаған жанға осы екі дастанның арғы жағында жойқын трагедия жатқандығын түспалмен болса да айтқан болыппын.



**Қадыр МЫРЗА-ӘЛІ:**

– Сатыбалды ісіне ұқыпты, өзінің ішкі жан дүниесіне өте қатал қарайтын жігіттердің бірі. Сондықтан да ол өнерге кешікті. Әйтпесе артында көл-көсір дүние қалатын еді.

Сатыбалды өзінің әдебиетші болатынын білген, іштей дайындалған, өте сауатты жігіт болатын. Дегенменен, азғантай да болса ол әдебиетте үлкен орнын қалдырды. Мұны жолдастықтан, ағайынгершіліктен, құрдастықтан айтып отырған жоқпын, оған көзім жеткендіктен айтып отырмын. Ол соңғы кезде тарихты да қазбалады. Алма Оразбаева жөнінде поэма жазып жүрді. Батыс Қазақстан облысына қарасты Бөкей ордасының тарихын зерттеді. Шығармашылық жолында аудармашылықпен де айналысты. Менің жазған шығармаларымды үзбей оқып жүргендіктен болар, үнемі маған пайдалы пікірлер айтып отыратын.

Тіршіліктегі пенде ретінде айтарым, Сатыбалды жолдастық ретінде, адам ретінде көптеген әсер қалдырды. Ол қазақ әдебиетіне тек кіріп шығу үшін ғана келген адам емес. Ол қазақ әдебиетіне өзіндік орнын лайықты етіп қалдыра білді.

**Сейфолла ОСПАН:**

– Сатыбалдының «Осынау тұрған Нарында» деген кітабы қатты ұнады. Қазіргі айтып жүрген ақындарымыздың, шындығы керек, солардың бәрінен үстем шықты. Бұл кісі сөзге жоқ, тек қана өзін-өзі тұйықтап өскен. Екінші жағынан, бұл кісінің арыны – Хамит Ерғалиев ағамыздың арыны да, ал ішкі астары – Әбу Сәрсенбаевқа келеді. Ана кісілер сондай мінезде болған кезде, бұл кісі өзінің бойындағы осындай мінездерін ішіне бүккен сияқты. Соның нәтижесінде бұл кісі не жазса да тоқ етерін айтуды үйренген. Мына бір өлеңі тіптен ғажап:

Сыртым бүтін, ішім менің көк түтін,  
Жан дүниемде сау тамтық жер жоқ бүтін.  
Іштей жанар двигатель сияқты,  
Мен өзімді іштей мүжіп жеп біттім.

Сыртым күліп, жылайды ішім зар илеп,  
Жүрегіме әжім түсті сан ирек.  
Тірі жанға тіс жара алмай ақ жуып,  
Мен сырымды көмдім іштен арулап.

Сыртым көл де, ішім аптап шөл менің,  
Шөл қысқанда, іштім қосып, шерге мұң.  
Өлгенде де керек емес, көр маған,  
Мен өзімді өз ішіме жерледім.

Мынау ертең қалатын жалған дүниеде мен қандай дәрежеде болам, мен қандай жауапты нәрсені игерем, бұл кісі ол жағынан ойланбайды. Тек мен өз жырымды да, өз қасиетімді де, өзімнің жазар дүниемнің бәрін де өзіме жерледім. Болашаққа көрінсе өзім көрінуім мүмкін, сырттай анау-мынау деп әуре болудың қажеті жоқ, «мен өзім боп қалған адаммын» деген қорытынды тілегін айтады.

### ***Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ:***

— Сатыбалды Даумов сынды творчестволық тұлғамен тағдыр қосқан, ұзақ уақыттар бірге болған, өзі барда демеушісі, өзі жоқта аруағының желеушісі боп отырған Асылғаным жеңгемізді де тыңдап көрелік...

### ***Асылғаным ана:***

— Сатыбалды өте ұстамды, көп сөйлемейтін, аз, сазды кісі еді. Жанұясын жақсы көретін. Отбасы үшін де 40–45 жылдай бір орында жұмысын атқарды, әлгі

жазушылар жаққа кетіп қалмай, балаларын асырап, адам етем деп. Негізінен, екеуміз де жанұя үшін өмір сүрген адамбыз. Ол өз балаларын емес, жалпы балажан болатын. Жора-жолдастардың үйіне қонаққа барсақ, сол үйдің балаларының бәрі де осы кісінің мойнына асылып, құшақтап, мәре-сәре боп жататын. Өте бауырмал, ақылды адам еді...

***Зейнолла ӘЙТІМОВ, ғалым-журналист:***

– Мен Сатыбалдыны жақсы журналист, аудармашы, әрі ұйымдастырушы ретінде таныдым. Сосын сондай тәртіпті, айтқан тапсырманы орындайтын, сезімтал адам ретінде білдім. Зағиптар қоғамының «Еңбек туы» – «Заря труда» журналы арқылы. Журналдың бас редакторы болды. Ол осы журналға басшылыққа келген соң басылымның таралымы да көбейді, көркемдік безендірілуі де өзіндік жолын тапты. Зағиптар қоғамында түрлі мінездегі адамдар бар, сол адамдармен білікті түрде тіл табысып, ұзақ жылдар бойы жұмыс істеу тек Сатыбалдының ғана қолынан келетін іс еді.

***Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ:***

– Даумовтың өмірінің екі ерекшелігі бар. Бірі – кіндік кескен жерінен тірілей ажырасуы, Азғыр мен Капустин сынды полигондардың қыр-сыры, туған жерден еріксіз көшірілуі. Ақын қайтыс болғаннан кейін «Қазақ әдебиеті» газеті ақынның «Қоянды» аза жырын жариялаған еді. Редакция оған мынандай кіріспе сөз жазыпты: «Ажал базарыңа да, ажалыңа да қарамайды» деген сөз рас. Туған жерін барынша сүйген ақынның бізге әкелген соңғы топтамасындағы аза жырының әуені өзіне де арналғандай... Бір жұбанарлығы, оның жыр ғұмыры мәңгі».

Даумов өмірінің екінші ерекшелігі – оның өлең

жазуды тым кешірек бастағандығы. Мұнысын ақынның өзі де сып-сыпайы, әрі дәл жеткізген еді.

Абайша бастағандар көп болғанмен,  
Бола алған қайсысы бар Абай бірақ?».

Демек, мәселе ерте не кеш бастауда емес. Мәселе – айтайын дегеніңді айта білуінде. Абай атамыз да өлеңді қырық жасынан кейін бастаған. Мәселе тіпті онда да емес. Ақын Сатыбалды Даумов дәл осыны терең түсіне білген.

Атым мейлі жыр бәйгеде озбасын,  
Өлең үшін озу емес, тозбау сын.  
Сіңіп кетпей қиқулаған көп үнге,  
Жетіп жатыр тұрса естіліп өз даусым!

Қазақ поэзиясының әуенді әлемінде Сатыбалды Даумовтың дара дауысы да естіліп тұр.

## АЛТЫН БЕСІК

*«Қазақстан-Орал» телеарнасының бағдарламасы. Хабарды дайындап, жүргізген журналист Мұнайдар Балмолда. 2012 жыл*

*Мұнайдар БАЛМОЛДА:*

«Құт қоныс елге аямай барын берген,  
Қараймын осы ма деп Нарын деген.  
Сап-сары алтын артқан сан мың нарға,  
Секілді ол ұбақ-шұбақ қалың керуен».

Бұл өлең жолдары ақын жерлесіміз Сатыбалды Даумовтікі. Армысыздар, «Алтын бесік» бағдарламасының көрермендері. Біз бүгінгі бағдарламамызда жерлесіміз журналист, ақын Сатыбалды Даумовтың өмір жолдарының үзік сырларынан жеткізгіміз бар.

Ағамыздың артында ұрпағы және қалың оқырманға жеткен еңбектері қалды. Орал қаласында ол кісінің атында көше де пайда болғалы көп уақыт өткен жоқ. Біз ақын ағамызды мақтан ете отырып, осы бағдарламамызды қалың бұқарға арнаймыз.

Сатыбалды Даумов 1934 жылдың 15 мамырында Бөкей ордасының топырағында дүниеге келген. Қаламгер ағамыз оқуды 1953 жылы Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы «Азғыр» орта мектебін бітіреді.

1954 жылы Алматыдағы КазГУ-дің филология факультетіне оқуға түседі. 1959 жылы аталмыш оқу орнын аяқтап, еңбек жолын тілші болудан бастайды. Осылайша журналистік ғұмырға қадам басады. Жазуға

деген іңкәрлігі үлкен поэзияға жетелей береді. Қаламы қарымды ағаның келбеті осы тұста оқшауланса да, ол Құдай берген қарапайымдылығынан айнымай ғұмыр кешеді. Абзал ағамыз осы қасиетімен іні-қарындастың жадында қалыпты.

***Ақұштан БАҚТЫГЕРЕЕВА, ақын,  
Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері:***

– Сатыбалды ағамыз өмірде қарапайым, өз шаруасымен бір қалыпты жүріп-ақ ақын-жазушылармен тығыз байланысып өмір сүрген адам. Ақындығымен қоса азаматтығымен де айрықша есте қалған. Ақ Жайығы туралы, құмда қалған балалығы туралы толғаныстарын жазып жүрді. Әсіресе Алма Оразбаева туралы жазғаны көпшілікті елең еткізді. Алма сонау революция кезінде дүниеге келген, сол кездегі қоғамның белсенді мүшесі, қазақ қыздарынан шыққан тұңғыш революционер болғаны, оның батылдығы, мінезінің, жаратылысының ерекшелігі тұтастай ғажап ашылған. Ол кезеңде Алма Оразбаеваның өмірі көп адамдарды қатты қызықтыратын, әсіресе комсомолдарды. Бүгінде Алманың өмірі көп айтылмайды. Алма жайлы жазғаны дегенмен де құнды болып қалды. «Ақ Жайық» кітапханасы сериясымен ағамыздың Алма Оразбаева туралы жазғандарын шығардық. Бұл туған еліне де, жерлестеріне де керек.

***Мұнайдар БАЛМОЛДА (кадрдан тыс оқиды):***

– Республиканың бас басылымдарында істеп, бас редактор да болған жерлесіміз Сатыбалды Даумов қайда жүрсе де өлеңнен қол үзбеді. Оның «Жалын ғұмыр», «Тауқыметті тағдыр», «Сатыбалды», «Нарында» сияқты еңбектері оқырман қолына

тиген. Ақынның «Ғасыр, саған айтам», «Елестер мен белестер», «Аспан асты, жер үсті» поэмалары және қазақтың тарихи тұлғаларына арналған жырлары мен мақалалары бір төбе.

***Ақшитап БАҚТЫГЕРЕЕВА:***

— Сатыбалды ағамыздың ең құнды еңбегінің бірі — Алма Оразбаеваның тағдыр жолы екенін айтып өттім. Алманы «коммунистік дәуірдің қызы» деп бүгінгі жас ұрпақ атамауы мүмкін. Алайда Алманың тағдыры үлкен романның, болмаса бір киноның жүгі деуге болады. Жаңа заманды, қоғамды құрам деп, алғашқы қазақ қызының сауаттылығы сол, партияның тапсырмасымен Монғолияға аттанған кезде отбасындағы жарының, ағайындарының опасыздықтарынан ашық түрде жынданып кетеді. Қазақтың сол кездегі санаулы сауатты қызының бірінің тебіренетін тағдыры адамды қатты ойға қалдырады. Ағамыздың тағы бір құнды шығармасы Совет одағының батыры Темір Масин туралы. Темір Масин соғыстан аман келіп, елдегі бейбіт өмірдегі адамдарға көмектесем деп күйіп өлгені айтылады. Қазір ғой, Темір Масиннің не есімін, не ескерткішін сыйлауды қойдық. Ел боламын деген ұрпақ осындай тарихты білгені дұрыс. Тарихты білмеген ұрпақ күні ертең өзін де сыйлата алмайды. Осындайда Сатыбалды Даумовтың шығармалары аз да болса көмекке келер еді дер едім.

***Мұнайдар БАЛМОЛДА (кадрдан тыс оқиды):***

— Ақын Сатыбалды Даумовтың есімін білетіндер Батыс Қазақстанда біраз. Ал Алатау баурайындағы асқақ қала Алматыда екібастан көп қой. Сол ақпейіл адамдардың барлығы да ақын ағаның адамгершілік

қалпын жақсы сөзбен жеткізуге құштар екенін байқаймыз. Ағаның еңбектерінің бүгінгі құндылықтарын барын бажайлаған жерлесіміз Айдар Батырхановтың да өз айтары бар.

***Айдар БАТЫРХАНОВ,***

***Батыс Қазақстан облыстық мәдениет басқармасының басшысы:***

— Сатыбалды ағамыз да елде өскен, көзіқарақты сауатты азаматтарымыздың бірі. Өзінің кітабында жазғандай «Қоянды» ауылында туған, ерте есейіп, өзінің сауаттылығымен Алматыда оқып, сол жақта қызметтерде болып, қалыптасқан қаламгерге айналған. Қоғамымыздың дамуына өзінің шығармаларын қоса отырып белгілі ақын, қарымды журналист, дарынды аудармашы болды.

Бұл кісінің ең қымбат қасиеті — өзінің қол жеткен табыстарын жариялауға өте сараң болғандығы. Біреулер құттай өлеңін жариялауға жақын тұрса, бұл кісі жайлап қана, байыппен жүрген азамат болған. Бұл оның туа бітті қасиеті де болар.

Туған жерге сүйіспеншілігі шығармаларында да айқын көрінеді. Бұл кісінің өмірінің біразы журналистикамен өткен. Поэзияға да әбден есейіп, пісіп-толысқан шағында келген. Ертеректе бала күнінде қалам ұстап жазғаныменен, нағыз ақындығын кейіндеу танытқан. Елге келгенде де көпшілікті шабылтып, шаршатуды білмеген, себебі елдің тыныс-тіршілігіне қатты мән беріп, аңғарып отырған сыңайлы. «Мен келдім!» деп балашағасын жинап, елді аралап, берекесін алмаған. Қоғам өзгеріп, қиналып отырған тұстарда да солай жүретіндер болды ғой, соған орай айтып отырмын. Өмірінің соңына дейін қарапайымдылығымен,



еңбекқорлығымен өткен тұлға. Бұл кісiде еңбегiне өте жауапкершiлiк деген мықты болған. Айтатын сөзi мығым, орнықты болған. Елдiң санасына жететiн дәмдi сөздердiң орайын келтiрiп өлеңдерiне де орынды кiргiзе бiлген ақын.

Сатыбалды Даумовты Нарынның қасиеттi ұлдарының бiрi деп түсiнемiн. Асылғаным жеңгемiзбен жиi сөйлесiп тұрамыз. Жеңгемiз де сондай бiр асыл адам, ағамыздың отбасының алтын дiңгегi деп санаймыз. Елмен үнемі байланыс жасап жүрген де осы жеңгемiз.

2009 жылы осы қаламыздағы Садовый көшесi қалалық мәслихат пен қалалық әкiмдiктiң шешiмiмен Сатыбалды Даумовтың атындағы көше болып аталады.

### ***Мұнайдар БАЛМОЛДА (кадрдан тыс оқиды)***

–2009 жылы Сатыбалды Даумовтың екi томдық толық шығармалар жинағы басылып шықты. Ақ Жайық атырабын, әсiресе құм Нарынның, ол жерде өмiр сүрген тұлғалар жайындағы зерттеу мақалалары мен ой түйiндерi де өзiндiк мәнiн жоғалтпаған, бәсi бөлек бүтiн дүниелер екенi анық. Мәселен, Салық Бабажанов жайындағы, мемлекет қайраткерi Нұғыман Манаевтың өмiрi мен қызметi туралы зерттеу мақаласы «Қазақстан» газетi, тiптi айтарға жоқ сондай құндылықтарымызды қопара жазған еңбектерiмен екiншi өмiрi бұл жарық дүниеде жалғасып жатыр.

### ***Фазиз ХАЙМУЛДИН, Сатыбалды Даумовтың жерлес iнiсi:***

–Сатыбалды менен азғантай болса да үлкен, сол үшiн мен оны аға деймiн. Өзiмiз жерлеспiз, бұрынғы Орда ауданы, қазiр Бөкей Орда дейдi. Ағаны жас күнiмде көп бiлгенiм жоқ. Ағайын-

тумаларының бәрін білемін. Бірақ ол күндерде мен «Қызылүйір» деген жерде оқып жүрдім де, содан шығар жас күнімде көп кездескенім жоқ. Тек есейгеннен кейін Алматыда, университетті бітіргеннен соң ғана біздер жиі кездесіп жүрдік. Ол кісі мені ауылдас, жерлес деп бауырына тартты. Ол кезде Жоғары Кеңестің депутаты едім. Сонда маған: «Мен сені мақтаныш етем, Жоғары Советтің депутаты болдың жерлес» дейтін. Алматыға барғанда үйінде қонақта да болғаным бар, жеңгеміз де өнердің адамы, сондай жақсы адам. Молдағали Рысқалиев деген ағамызбен жақсы дос еді. Сол кісінің үйінде кездесіп тұратынбыз.

Ағамыздың елдің тарихын, қазақтың тарихын жақсы білетін кісі екенін араласып жүргенде құлағыммен естідім де, көзіммен көрдім де. Сатыбалды Даумовты батыстың мықты азаматтарының бірі деп білемін.

***Мұнайдар БАЛМОЛДА (журналист кадрдан тыс оқиды)***

–Ақын қайраткер Сатыбалды Даумовтың отбасы бүгінде Алматы шаһарында тұрып жатыр. Осы бағдарламаны дайындауға ағаның құдай қосқан қосағы Асылғаным апамыз себепкер болды. Және ұлы Алмас бізге аға туралы суреттер жіберіп, бұл бір шағын бағдарламамыздың мазмұнын байытты. Облыстық Жұбан Молдағалиев атындағы кітапханамыздан еңбектерін көрдік.

Иә...артында Нұрлан, Өркен, Алмастан тараған ұрпағы, ізгі қасиеті қалған еңбектері асыл ағамызды өлді деуге арада қанша мезгіл өтсе де аузым бармайды. Асылы алыс та жақын бейне елдің жадында, баршамыздың жүрегімізде...

Қадірменді көрермен, біз бүгін ақын жерлесіміз

Сатыбалды Даумовтың шығармашылығынан сыр шерттік. Ақын өзінің соңғы бір еңбегінде былай деп толғапты және осы өлеңмен біз бағдарламамызды тәмамдаймыз:

Қалды небір зіл қара тас, күн артта,  
Шыдаудай-ақ шыдап бақтым сынаққа.  
Сынағыңнан өтсем тағдыр шынымен,  
Көмбеме енді жеткенімше құлатпа...

## 80 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ӨТКЕН ЕСКЕ АЛУ КЕШІ

*Сатыбалды Даумовтың жоғары білім алған ордалы ошағы – Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті. Аталмыш оқу орнында қаламгердің 80 жылдығы және шығармашылық еске алу кеші құрметпен аталып өтті. Осынау кешті филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Жоғары мектебі академиясының академигі, филология факультетінің деканы Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ жүргізді. Төменде айтулы кеште айтылған естеліктер мен қаламгердің шығармашылығына шолу жасалған баяндаманы беріп отырмыз. 2014 жыл.*

**Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ, филология факультетінің деканы:**

– Биыл біздің қара шаңырағымыз КазГУ-дің сексен жылдығы. Ордалы шаңырағымыздың түлегі, белгілі қаламгер Даумов Сатыбалды ағамыз да сексенге толып отыр. Ол кісі филология факультетін 1959 жылы бітірген. Қазір ойланып қарасақ, Мұхаңдар сабақ берген кез екен. Сол жылдары Мұхтар Әуезов қазақ әдебиеті тарихынан, халық ауыз әдебиетінен, абайтану курстарынан сабақ берген. Бұл дегеніміз – Сатыбалды ағамыз да Мұхаңның алдын көрген, лекциясын тыңдаған деген сөз. Осындай жазушымыздың шығармашылығын студенттер танысын, білсін деген ниетпен бүгінгі кешті Қазақстан Жазушылар одағымен бірігіп, ұйымдастырып өткізіп отырмыз.

Ағамыздың соңында айтулы рухани дүниелер, яғни поэзиялық, прозалық, очерктік жинақтар қалды. Әсіресе қазақтың сауатты коммунист қызы

Алма Оразбаева туралы зерттеліп жазылған тың дүниесінің өзі шығармашылық ортаны елең еткізіп еді.

2009 жылы таңдамалы 2 томдық жинағы шықты, мұның өзін үлкен дүние деуге болады. Өлкетанушы ретінде де ағамыз өзін танытқан қаламгер. Өзі туып-өскен Бөкей ордасының арғы-бергі тарихы туралы біраз мағлұматтар жинап, оқырманға ұсынды. Мұның бәрі бүгінгі ұрпаққа қымбат дүние екендігін жоққа шығара алмаймыз. Соңында қалған жинақтары, аудармалары, тарихи романы... барлығы құнды дүние, астын сызып тұрып айтып отыруымыздың мәні бар. Қазақ әдебиеті тарихында өз орнын алған және оған мәнін жоғалтпайтын шығармаларын қосқан айтулы қаламгер.

Алғашқы сөзді осы кештің өтуіне ұйытқы болып отырған Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, белгілі қаламгер Жанарбек Әшімжанға бергім кеп отыр.

***Жанарбек ӘШІМЖАН, ақын, «Дарын» жастар сыйлығының иегері:***

– Армысыздар ұстаздар, әріптестер, жас достар! Асылғаным апа! Бүгінгі аса көрнекті қаламгер, публицист, журналист, ақын, есімі алтын әріппен жазылатын үлкен азамат Даумов Сатыбалды ағамыздың 80 жылдық мерейтойы қайырлы болсын!

Мен бұл кісінің шығармаларын оқыған кейінгі жас буын ретінде сөйлейін. Бөкей ордасы тарихқа тұнған өлке. Кейінгі өркениеттің бастауы осы Бөкейден басталатын секілді көрінеді. Өйткені алғашқы банк, алғашқы медицина, емханалар сол жерде ашылған. Хан Жәңгірдің резиденциясының маңайында қазақтың өміріне белсене қатысқан тұлғалар шыққан, қайшылықты тұлғалар да болған. Солардың

барлығымен тағдырлас, тамырлас адамның бірі – осы Сатыбалды Даумов.

Әрине ақынның жастық шағы соғыс кезеңіне тап келді. Алғашқы сауатын қара қағаздан бастаған ұрпақ қой, өте бір ауыр кезеңдер... Қалай болғанда Сатыбалды Даумовтың тағдыры туралы айтқан кезде, біздің көңілге кішкене кірбің салатын тұсы – қаламгердің өте аз насихатталуы. Өте талантты тұлға, өте талантты ақын. Кез келген қаламгерден артық болмаса кем түспейтін қаламгер. Бірақ ойын жасырып жүрген. Қадыр ағамыздың: «Әбу Сәрсенбаевтың абыздығы мен Хамит Ерғалиевтің табандығынан кейін ығын тұратын, солардың алдын кесе көлденең өтпейтін ақын» деген теңеулі сөзі бар. Алдыңғы ағаларын құрметтеп, кейінгі буынды сыйлап өткен. Бірақ өзінің шығармашылығын, өзінің деңгейін соншалықты білген тұлға деп те білуіміз керек. Кейінгі ұрпақты осы Сатыбалды Даумовқа оралту керек қой деп ойлаймын.

Бұл кісі шын мәнінде соншалық сұрапыл дүние жазған жоқ. Аз жазды, аз жазса да саз жазған қаламгер. Өлеңге 85-ші жылдары, сол алғашқы жинағы «Жалын ғұмыр» шыққанда әдебиетке келген деуге болатын шығар. Алғашқы кезеңде Қазақстан ауыл шаруашылығы журналында әдеби қызметкер болып оншақты жыл істеген. Сол нағыз жазатын уақыттарын журналистикаға, публицистикаға бағыттады. Біздің ағаларымыз білуі керек, «Жалын ғұмыры» «Жұлдыз» журналына жарияланған кезде қоғамда үлкен сілкініс тудырған. Хамит ағаларымыз үлкен-үлкен пікірлерін айтқан, мұны осы қасымда отырған Сейфолла (Оспан) ағаларымыз да біледі, содан ол кісі өндіріп жазуға кіріскен.

Негізі бұл кісінің кредосы – туған өлке, туған жер. Алты-ақ үйлі «Қояндыдан» шығып, алты алашқа аты мәлім болған ақынның тағдырын «Қояндыдан» (өлеңін

*айтып тұр) бүкіл жан-дүниеніңізбен түсініп алуға болады. Бұл кісі өте бұйығы жүргенімен, рухы биік болған азамат.*

Енді мен Батыс Қазақстан облысы әкімінің Асылғаным апаға жазған құттықтауын оқып берейін:

*«Құрметті Асылғаным апай! Сатыбалды ағамыздың мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! «Ерлерді ұмытса да, ел жерін ұмытпас» деп ұлы Мағжан Жұмабаев жырлағандай қайран ағамыз соңғы демі таусылғанша сонау қасиетті орын Нарынды бойтұмардай қастерлеп өтіп еді. Енді міне, киелі Ақ Жайық елі де ағамыздың есімін ерекше құрметтеп келеді. Жақсының аты ғалымның хаты өлмейді деген осы.*

*Құлашы кең, қарымы қуатты Сатыбалды Даумовтың қай шығармасы да туған жерге деген махаббат пен адамға деген сүйіспеншілікке мөлдіреп тұнып тұрады. Ақындық жүрегімен, шынайы тілімен шұрайлы сезімге оранып шыққасын солай болса да керек. Журналистиканың да тізгінін қатар алып жүрді. Қай жанрдың да соқтықпалы-соқпақсыз жолынан өтіп, ой тереңіне бойлап тынымсыз еңбек етудің үлгісін көрсетті.*

*Биікке басталған асқақ жол тынымсыз ары қарай жалғаса береді. Өйткені өзінің артында қалған пір тұтқан шәкірттері мен ізін жалғастырар тұяқтары бар. Қара ормандай халқы тұр. Шаңырақта тұтанған оттың шоғын тұтатып келе жатқан Сізге жұрт дән риза. Қызық пен қуанышқа бөлене беріңіз. Ел тілегі осы.*

**Құрметпен, Батыс Қазақстан облысының әкімі  
Нұрлан Асқарұлы НОҒАЕВ**

Қаламгерлердің қайсыбір жиналысында болмасын, біздің Асылғаным апайымыз сол кештің нақ ортасында отырады.

Асылғаным апа, той-тойға ұлассын. Отыңыздың басы, ошағыңыздың қасы аман болсын! Ұлдан тараған немере-шөберелеріңіз қызықтарыңызды молайтсын! Ағамыздың 80 жылдығы құтты болсын! Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды дегендей, Жазушылар одағының атынан иығыңызға қамзол жабайық. (*Жанарбек Асылғаным апаға камзол кигізді*).

***Қансейім ӘБДЕЗҰЛЫ:***

– Жанарбек дұрыс айтып өтті. Енді сценарийден аттап кетпейік. Сонау Батыстан келіп отырған Гүлзада Ниетқалиева қарындасымыз Сатыбалды Даумов туралы баяндама жасайды.

***Гүлзада НИЕТҚАЛИЕВА:***

– Қазақ ақынына деген құрмет – қазақ өлеңіне деген құрмет. Қазақстандағы бүкіл ақын-жазушыларға білім берген қасиетті оқу орны КазГУ-де өтіп жатқан осынау мерейтой құтты болсын!

Сатыбалды ағамыз туып-өскен Орда облысы бұрын Орал облысына қараған. Қазір ол Бөкей орда ауданы деп аталады, Атырау облысына қарайды. Осы облыстың Құрманғазы ауданына қарасты «Қоянды» өңірінде дүниеге келген ақын ағамызға туған жерінен сәлемдеме алып келіп отырмын. Мына қолымдағы естелік хат Құрманғазы ауданының әкімі Амангелді Барақатовтың хаты. Сол хатты оқып берейін:

*«Қадірменді Асылғаным апа!*

*Сізге туған жердің біртуар перзенті айтулы журналист, ақын, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Даумов Сатыбалды ағамыздың*



80 жылдық мерейтойына арналған шығармашылық кешінің еске алу кешіне орай жерлестері де өз көңілін білдіреді.

Құрманғазы топырағы әр кез дарынды ұлдардан кенде емес. Солардың бірі және бірегейі өзіміздің жерлесіміз Даумов Сатыбалды есімін қашанда мақтанышпен айтамыз. Кезінде қазақ әдебиетіне алтысыншы жылдардың басында өзіндік болмысымен келген Сатыбалды ағамызды жерлестері әр кез мақтан тұтады. Ағамыздың «Қазақстан ауыл шаруашылық» журналының әдеби қызметкері, аударма бөлімінің меңгерушісі, «Еңбек таңы» журналының бас редакторы болған жылдары шығармашылық өрлеу кезі болды. Қазақтың журналистикасында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ағамызға қандай мақтау айтса да жарсады. Сіздің бүгінгі жасап отырған сауапты жұмысыңыз қабыл болып, ағамыздың топырағы торқа, жаны жаннатта болсын демекпіз.

*Құрметпен аудан әкімі Амангелді Барақатов».*

Енді баяндамаға өтейін. Кеңес Одағының батыры Темір Масинге арнап жазған «Жалын ғұмыр» деген дастанындағы туған жерге деген махаббат, шығарманың өн бойынан құйылып тұрғандай әсер етеді. Иә, ақын көкірегінен ақ кептер боп ұшқан өлеңнен туған жерге деген ерекше сүйіспеншілік, қоршаған ортаны тану және қабылдау, ата-ананы ардақтау, сүйген жарға деген құрмет, перзентке деген жүрек жылуы айналаны ақ нұрға бөлегендей екен. Өмірді тану, өмірге көзқарас, өмірдісезіну және өмірді сүюді өлеңдері арқылы оқырманға астарлы түрде жеткізу қиынның қиыны. Философиялық тұжырым мен психологиялық иірім арқылы лирикалық кейіпкерді оқырманның көз алдында бірде ашық, ақ көңіл, енді бірде еш

жанға ақтарылмай жүрегіне жүк артатын тұйық та сезімтал кейіпте елестетіп, сырласыңа айналдырып жіберудің өзі де хас шеберге тән қолтаңба. Мәселен, «Балалық шақтан бір елес» деген өлеңінде:

Тұрушы ек ала таңнан,  
Торғайдың шырылымен.  
Салатын сары атан «ән»,  
Үлгермей шығып үйден.

Шаға ма зарын жұртқа,  
«Әнін» ол болмайды айтып.  
Жайқалған шабындыққа  
Жетеміз борбайлатып.

Сол кезде көкжиекке  
Сүйейді күн иегін.  
Қарайсың елжіреп кеп,  
Көркіне дүниенің, –

деген жолдардан соң да елес боп қалған балалық шаққа деген сағынышы кемерінен асып төгілгелі тұрғанын да байқайтынымыз рас. Сол бір жүректің түкпірінде сақталған естелікке айналған сағым жылдар елесін ақын «сары атан» бейнесімен сәтті табыстырғанына қайран қаларымыз да ақиқат. Қазақ үшін түйе малынан аяулы мал жоқ. Тіптен түйе төлін «бота» деп атаған халқымыз, өз баласында «ботам» деп еркелетіп жатпай ма? Ал, сұлу қыздың көркін, бір аяулы жаңды «Ақбота», «Ботакөз» деп атайтыны да бар. Ендеше, қазақ деген ұғыммен біте қайнасып кеткен түйе, «сары атан» қай қазақтың да жүрегіне жылы тиері хақ. «Сары атанның әнінің» өзінде қаншама мән, қазақы жансарайдың көрінісі бар десеңізші!

Алыста қалған балдәуреннің жазиралы күнгеіін

ақын «жайқалған шабындық», «көкжиекке иегін сүйеген Күн» бейнесі арқылы суреттей отырып, алды үміт, соңы өкініш мынау жалған дүниенің жанарына елжіреумен қарайды. Өйткені ол он сегіз мың ғаламға, адамзат баласына, бір сөзбен айтқанда, өмірге өлердей ғашық. Осыны түйсінген сәтте еріксіз көздің көлінің мөлдірегенін де сезінуге болар. Ақын туған жердің сұлулығын жан бітіре, жандандыра өрнектейді. Әдебиет теориясында тілдің бұл көріктеу құралын – кейіптеу деп атайды. Аталмыш өлеңде ақын табиғатты адам түрінде, сұлу қыз түрінде бедерлеген. Мәселен,

«Аспаннан құйылып нұр,  
Кетеді жайнап дала.  
Кірпігін шұғынық гүл,  
Ашады жайлап қана» –

деп, бұл сөзбен салынған суреттен ақын тілінің бай палитрасы, айшықты теңеулері мен мұндалап тұр. Аспаннан құйылған нұрмен жайнаған дала, кірпігін жайлап ашқан шұғынық гүлдің кейпі қандай аяулы еді! Бұл өлеңдегі ақынның бай тілін дәлелдеп тұрған теңеулер мен эпитеттер, метафора мен метонимия, синекдоха мен кейіптеу өлеңге ерекше мазмұн дарытып, мағынасын биіктеткен сынды. Бір сөзбен айтқанда панорма деуге де болады. Туған жердің сөзбен салынған картинасы.

Кез келген жан өзін, өз «менін» іздемесі баршаға аян. Оны тек өзіне-өзі сенген, сөз дертіне шалдыққан, жоғын таппай емделмесін сезген жан ғана айта алатыны мәлім. Арқалы ақын өзінің жұртқа жұмбақ қалпын:

Булығымен,  
бармақты құр тістеумен,

Өтті жылдар жанға жара үстеген...  
Сөйтіп жүріп, оңаша өскен жемістей,  
Көкірегімде көзден таса пісті Өлең!—

деп нақыштайды.

Жаны сондай нәзік, табиғатпен үндестікте өмір сүрген ол өзінің «Ақ қайың» туралы балладасында» бала кездегі бір оқиғасын еске алады. Арманына қанат беріп, иықты мұрат қылуына себепші — жайлаудаға қайыңды біреулердің балталап, сұлатып тастағанын айта отырып, бала көңілінің қалай жараланғаны, өмір бойы сол оқиғаның жүрегінде қалғанын суреттейді. Жараланған бала көңілі сұмдық түс көріп, түсінде қайың емес, өзіне балта алып жүрген адамдардан шошып оянады. Өмір бақи сол бір сурет санасынан кетпейтіні:

Оздырсам да жылдардың сан көшін мен,  
Осы бір түс шықпай қойды есімнен.  
Көз алдыма келеді сол ақ қайың,  
Ағаш көрсем түбінен кесілген,—

дей отырып, бір шыбық сынса жан түршігетінін, керемет шеберлікпен өрген. Иә, ақын жүрегі сезімтал. Ғаламда болып жатқан әрқилы өзгерістер ақын санасына өз ізін қалдырмай кетпейді. Ақын шығармашылығына ден қойған сәтімізде көзге «Басқұншақ көлі» деген өлеңі көзімізге оттай басылды. Туған жеріндегі тұзды көл Басқұншақ арқылы перзент жүрегіндегі туған жерге деген өлмес, өшпес сезімді паш етеді.

Не шара тағдырға нәр бұйыртпаған,  
Өртепті көл өзегін күйікті арман.  
Телегей су орнына өнген ақ тұз,  
Мөп-мөлдір көз жасындай тұнып қалған,—

деген жолдардан теперішті тағдырдың ізін тартқан адам мен Басқұншақ көлінің тағдырын психологиялық параллелизм арқылы суреттегеніне тәнті боласың.

Кепкендей кензесі жұртта қалып,  
Жатады ол жаумай өткен бұлтқа налып.  
Қарт Каспий кеткен аунап оңтүстікке,  
Бар суын Басқұншақтың ұрттап алып.

Безініп туысынан түбі бірге,  
Қашты екен теңіз неге түріп ірге?!  
Көз жасын сыға-сыға сарыққандай,  
Шыдамай ағайынның күйігіне,—

қандай сурет, психологиялық ахуал иірімі, терең философия! Тұнып тұр ғой, тұнып тұр! Өмірде пенде атаулы басынан кешетін туыстан көңіл қалу, ағайынға өкпелеп, жат жерге ірге аудару Каспий мен Басқұншақ көлі арқылы өте бір күрделі драматизмге айналып тұрғандай. Қайшылыққа толы өмірде адам басынан қандай жағдай өтпейді десеңізші! Соның бәрі ақын жүрегін паналап, сыздатады, дертті етеді. Мәселен, туған жері «Қояндының» Азғыр полигонының зардабынан шеккен қасіретін дөп басып бейнелеген «Қоянды» деген аза жырының өзіндегі деректер мен сөз мәйегі, тілдің шұрайы көз сүріндіреді. Үлкен бір романның жүгін арқалап тұрған трагедиялық туынды. Туған жерге өлеңмен өрген құлпытас.

Ақын нені жырласа да, қандай тақырыпқа қалам тербесе де ұлттық дәстүр мен салтты бәрінен биік қояды. Ақынның ұстанымы ұлттық дүние таным биігінен қарап, ұлтжанды ұрпаққа мұра қалдыру, жырлары арқылы ұлттың қамын ойлайтын тұлға тәрбиелеу! Өзі де өлеңдері арқылы перзенттік

парызын өтеуге барын салғаны аян. Қандай асыл мұрат!

Бір баяндамада философияға иек артып, психологизмге қол созған ақынның өлеңдерінің бәрін қамти алмайтынымыз да өздеріңізге де аян. Ал Сатыбалды Даумовтың шығармашылығы туралы талай монографиялық еңбектердің жазылары кәміл деп сенем мен. Ол келешектің үлесінде.

### ***Сейфолла ОСПАН:***

–Биыл үш сексен жылдық қатарласа келіп отыр. Олар –Қазақстан Жазушылар одағының, «Қазақ әдебиетінің» және КазГУ-дің сексен жылдықтарының түспа-түс келуі. Сондықтан менің де үш рет тағзым еткім келеді. Және аса дарынды ақын Сатыбалдының да сексен жылдығы!

Ал Сатыбалды туралы әңгімеге келсек, бұл кісі кезінде атын шығара алмады деуге де болмайды. Екінші жағынан, осы кеш болды-ау, шынында кезінде дәуірлеп шыққанда ғажап болатын еді деп бірыңғай оған да құлаш ұрып кетуге болмайды. Өйткені, сол кезде дүрілдеп шыққан көп ақындардың қазір аттары аталмай қалғандары да бар. Ал енді мұның бергі жағында іздеушісі бар деген тағы бір әңгіме қылаң етеді. Оның үстіне әрбір жазушының, әрбір ақынның өз шығармасының құндылығы өзі өткеннен кейін барып танылатыны кейде заңдылық сияқты боп тұрады. Сол сияқты Сатыбалдының да шығармаларының құны мен құрметі қатар биіктей түсуде деуге болады. Сатыбалды мінезге де, жазуға да бай қаламгер еді. Парасатты, саналы, ақырын жүріп-ақ анық басатын, дөп басатын, оқырманының жүрегіне жететіндей етіп жазатын қаламгер екенін танытты өзін.

*(Кеш соңында филология факультетінің студенттері ақынның өлеңдерін оқып, әнмен шашу шашты.)*

# ҮШІНШІ БӨЛІМ

## ЕСТЕЛІКТЕР

*қаламгер туралы баспа бетінде жарияланған  
естелік мақалалар*

*«Жазылар естеліктер мен туралы...»*

*М.Мақатаев*



*Сейфолла ОСПАН,  
ақын*

## ҮНСІЗ ҚҰЙЫЛҒАН АСЫЛ ЖЫРДЫҢ ИЕСІ

Әр адамның әрқилы тағдыры болатыны екі бастан белгілі. Сондай-ақ әрбір ақын-жазушының тағдыры сан қатпарлы келетіні тағы бар. Мен өз басым осы Сатыбалды замандасымды сыртынан ғана білетінмін. Баспасөз беттерінде шығып тұратын топтамаларынан хабарым бар еді. Енді, міне, бүгін сол кісінің шығармашылығына тоқталудың орайы келіп тұр. Бірақ өзі жоқ болғанмен, оның шығармалары артында мәңгі қалады. Қысқасы, бізді өлтірмейтін сол деп білеміз. Және ол ел ойлағандай үдеден шығып жатса, әрине. Осыған орай мен екі жүйелі ойға кеттім. Оның біріншісі, қайбір жандар өзінің шығармашылықтағы биіктігі қай тұста екендігін біле тұра, өзін айнала қоршап тұрған қағанағын жарып шығуға, яғни көкірегің соғуға құштар екендігі. Екіншісі, қанша білімдарлығы болса да, оны іштей мәпелеп жасырын ұстап, тек андасанда ғана жазатын зерттеу мақалаларында, немесе жырларында ұғымды пайдаланғанды ғана мақсат тұтатындығы десек аса қателеспегендігіміз.

Маған Сатыбалдының адуынды қарқынын Хамит Ерғалиев ағасы, ал даналық жағын Әбу (*Әбу Сәрсенбаев*) ағасы бәсеңдетіп ұстағандай болып көрінеді. Өйткені бұл кісі өзінің көзі тірісінде сол ағаларымен аралас-құралас сыйластықта жүргендігін айнала ел жақсы білсе керек. Оның үстіне өмірдің ащы-тұщы жақтарына да әбден қанығып өскен жан сияқты.



Онысын біз өзінің әрбір сөзді шашау жібермей, айтар ойын шашыратпай, жырларында болсын, зерттеу мақалаларында болсын өте ықшамды түрде жинақы әрі мазмұнды жазуынан аңғардық. Және өзінің бойға біткен талантын кеш сезінгенмен соны нық сеніммен бастайтындығы бізді таңғалдырды. Болмаса оқып көрейік:

Қолға қалам алмадым,  
Шарқ ұрса да ой тынбай.  
Кенже қалдым  
Алманың,  
Кеш пісетін сортындай.

Ұзап шағым көк өрім,  
Асықтырды күз келіп.  
Ақ қағазға төнемін,  
Түн ұйқымды жүз бөліп.

Кезем ойдың көшесін,  
Тынши алмай жай тауып.  
Бедеу жылдар есесін,  
Кім бере алар қайтарып?!

Бер демеймін тағдырға  
Жыр-тұлпарға ер салып.  
Бусанар шақ алдымда,  
Мандайымды тер шайып.

Тыншытпаса ой, шабыт,  
Бойда қалай қызбас қан?!  
Тұрған көптен томсарып  
Өтсін құйып күзгі аспан! –

деп жоғарғыда айтқандай нық сеніммен жазған жырлары, біздің қазіргі «мен мықтымын» деп жүрген

ақындардың жырларынан еш кем түспейтіндігі анық.  
Әсіресе өз қатарынан дегендей. Енді біз ақынның  
«Сөз» деген өлеңін оқиық:

Мінбер біткен сарқырама сияқты,  
Сөз топанын биіктерден құлатты.  
Сөйледік біз, сөйледік біз, сөйледік...  
Ел «тыңдады» бітеп қойып құлақты.

Сөйлей бердік үлкеніміз, кішіміз.  
Сөзден кепті, кепсе біздің ішіміз.  
Сөйлей бердік, сөйлей бердік, бірақ та,  
Сөзімізге үйлеспеді ісіміз...

...Жұрт алдына шыққанменен қасқайып,  
Өзіміз боп өмірде жақ ашпадық.  
Сөйледік біз. Сөзімізді қашан да  
«Пәленшенің атынан» деп бастадық.

Ананың да атынан біз сөйледік,  
Мынаның да атынан біз сөйледік.  
Сол сөздердің шындығына бірақ та,  
Өзге түгіл өзіміз де сенбедік.

Мінберлерде тұрса біреу шіреніп,  
Тұрды біреу ұят қысып, тірі өліп.  
Көзімізді ашып алдық  
Маңдайды,  
Ұрған кезде жарға келіп тіреліп...

Саңқ-саңқ етіп арасынан күллі үннің,  
Өз атыңнан сөйлер енді туды күн.  
Өзгеге емес, өзіңе серт, өлеңім,  
Айта алмасаң заманың шындығын, –

дейді ақын. Байқағанға осы өленде әжуә мысқылмен  
астасып жатқан ақынның ішкі жан күйзелісі толық

берілген. Бұдан артық қалай айту керек. Және нағыз Абай бабамыз айтқандай айналасы жұп-жұмыр; оған енетін ойы да, тіл өрнегі де, ұйқасы да жалпы құйылған құйқасы да сай келіп сөйлеп тұрса не дерсің.

Өзі сонау Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданындағы талай марғасқалар білім алған алғашқы Жәңгір мектебінің маңайындағы Қоянды деген шағын ауылдағы орталау мектептен бастап, кейін 1953 жылы Атырау облысы, Құрманғазы ауданындағы Азғыр орта мектебін, 1959 жылы осы Алматыдағы Әбу Нәсір әл-Фараби атындағы мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген қалпы, Алматыдағы «Қазақ ауыл-шаруашылық», кейін «Еңбек таңы» журналдарында еңбек еткен. Ал шығармашылық жолы сонау 1955 жылы Батыс Қазақстан облыстық «Екпінді құрылыс» газетінде «Жайық жырлары» деген топтамасынан бастап, кейінгі жинақтары «Жалын ғұмыр», «Тауқыметті тағдыр» және «Атырау кітапханасы сериясымен» шыққан «Сатыбалды» жыр жинақтары, оған қоса сол елдің тарихи шежіресін қозғайтын зерттеу мақалаларының жинақталған нұсқасы, «Сонау бір тұрған Нарында» деген атпен жарық көрген. Бұл соңғы жинақ жөнінде тоқтала кетейік. Мұнда біз кезінде «Бөкей ордасы» деген атпен тарихымызға енген жайлардан толық мәліметтер аламыз. Сол кездегі Жәңгір хан оның айналасындағы тұлғалармен қоса, олардың ұрпақтары жөнінде һәм оларға Патшалық Ресейдің жасаған небір зымияндық әрекеттерінің қатпар сырларына қанығамыз. Осының бәрін Сатыбалды замандасымыз егжей-тегжейлі зерттеп, соның нанымды тоқ етерін кейінгі ұрпаққа паш еткен. Қысқасы, айтары мол еңбек. Сатыбалды замандасымыздың не жазса да түбегейлі зерттеп, тұнбасына бас ұратындығына көзіңіз жетеді.

Сондай-ақ ақынның төрт дастаны бар. Алғашқы

дастаны «Жалын ғұмыр» Совет Одағының батыры Темір Масинге арналыпты, ал «Алма» деген дастанында қазақтың алғашқы революционер қызы – Алма Оразбаеваның жарық жұлдыздай жарқ еткен ғұмырын әсерлі суреттеледі. Үшінші дастаны «Елестер мен белестерде» кешегі сталиндік репрессия құрбаны болған жанның ұлының аузынан шыққан ішқұсасын берсе, ал «Қанды ғасырға қарата» дастанында жалпы кешегі жиырмамыншы ғасырдың лаңдары жайлы толғана жырлайды. Бұл былайынша айтқанда, төрт құбыламыз түгел дейтін азаматтарымыздың төрт бірдей қасіретін көз алдына елестететіндей тарихи шежіре деуге әбден болатындай күрсініс көріністері. Бұлардың қай-қайсысында болмасын, сол уақыттың зардапты бейнелері мен заржақты ұсқындары ойлантпай қоймайды. Және оларды ақынның өзі «Оңаша ойында» былай береді:

Сыртым бүтін  
Ішім менің көк түтін.  
Жан дүниемде сау тамтық жер жоқ бүтін.  
Ішім жанар двигатель сияқты,  
Мен өзімді іштей мүжіп жеп біттім.

Сыртым күліп  
Жылайды ішім зар илеп.  
Жүрегіме әжім түсті сан ирек.  
Тірі жанға тіс жара алмай,  
Ақ жуып,  
Мен сырымды көмдім ішке арулап.  
Сыртым – көл де,  
Ішім – аптап шөл менің.  
Шөл қысқанда, іштім қосып шерге мұң.  
Өлгенде де керек емес көр маған,  
Мен өзімді өз ішіме жерледім.

Бұл ақын күйінішінің ең биік нұсқасы және бұрын-соңды айтылмаған теңеу сөз, яғни шын қиналғанда соқыр көзден жас шығардың кері сияқты боп көрінуі де мүмкін әуелде, бірақ екінші жақ мағынасына үңілсек, өз ұлтына жаны ашитын әрбір есті адамның қасіреті сынды. Қысқасы, ақынның қасиетті ұраны іспеттес іштей күңірене күрсіну... Бұдан артық не десін?! Біз жоғарыда айтқан төрт бірдей дастан төрт мезгілдің шері мен серпілісі еді. Оған қоса Бөкей ордасындағы толық баянын қысқа қайырып беретін зерттеу мақалалары да осы ақынның бүкіл жаратылысындағы баянды ұстамдылықтың үрдісіндей із тастайтындығы да содан болар.

Бұл ақынның тағы бір қасиеті, қай өлеңін алсақ та, өмір көрінісін көктен алмайтындығы. Қандай бір ой айтпасын, ол өз айналасындағы қарапайым тірліктен тұтандырып ала жөнеледі және қалай дейсіз ғой, нанымды түрде. Теңеулері де барынша қарапайым. Мысалы:

Картаға әлі түспеген бір аралдай,  
Көп іздедім өзімді-өзім таба алмай.  
Жұмбақ күйде жатты жабық жан дүнием,  
Тас бекітіп тастаған бір қамалдай.

Құлыптаулы сейфімді ашар іштегі,  
Қарманғанмен кілт қолыма түспеді.  
Қамап қойып өз ішіме өзімді,  
Салды азапқа белгісіз бір күш мені.

Булығымен,  
Бармақты құр тістеумен  
Өтті жылдар жанға жара үстеген.  
Сөйтіп жүріп  
Оңаша өскен жемістей  
Көкірегімде көзден таса пісті өлең...—

дейді. Қарапайым ба, қарапайым. Айтар ойы ұтымды беріліп тұр ма, беріліп тұр. Ендеше бұл ақынның өзіне ғана біткен шеберлік. Енді біз ақынның тағы бір қарапайым жырын оқиық:

Кеш тіксем де жыр жайлауға қосымды,  
Атым бірден жыр бәйгеге қосылды.  
Бірақ та бұл қуанышым кеш келген,  
Қуантпады менің кейбір досымды.

Бір саты енді өссе болды мерейім,  
Бір-бір достан салық төлеп келемін.  
Алғаш рет жоғалттым бір досымды,  
Алғаш рет мақталғанда өлеңім.

Жебеді ме қасиетті жыр мені –  
Кеудеме елім тағып еді бір белгі,  
Мен алғандай ол алатын атақты,  
Тағы бір дос сырт айналып үлгірді.

Қарап дәйім кешірімнің көзімен,  
Түрлі-түрлі мінездерге төзіп ем.  
Кешіре алмай кете барды бір досым,  
Шоқтығымның биіктігін өзінен.

Күйдірсе егер қызғаныштың шоғы ішін,  
Іштар саған созар деме қол ұшын.  
Кеттім безіп өзім де, рас, бір достан,  
Өлуге бар төр түгілі көр үшін.

...Жоғалтармын енді қанша досымды?  
Жүрек шіркін әлденеден шошиды.  
Шошытады жан дүниесі кей достың,  
Еске салып қаңыраған бос үйді.

Бұл мінез шығармашылық айналасындағы жандардың бірсыпырасының бойынан шаң берері

хақ. Олай болса ақын уақиғаны алыстан іздемей-ақ, өз айналасында болып жатқан көңіл-күйлердің қордаланған ортасынан іздеуі де орынды. Әр кезде көз көріп, содан көңілге түйгендер ғана шынайы жырланатыны тағы бар. Бірақ ол өте сақтықты қажет ететін ойтүйін. Олай болмаған кезде, әрі-беріден соң өзіңе өкінішті қақпан құрып алуың да мүмкін. Бұл жерде ақын соның бәрін де ескерген, және жеріне жеткізе айта білген де.

Және мына жалған өмірге де онша риза болмай, өз жырларына өзі қанағат айтқан шақтары да кездеседі екен. Оны біз мына жырынан аңдадық.

Салауат дейік енді өткен күнге,  
Көрдік біз, не көрсек те, көпшен бірге.  
Біздің басып кеткен қалды ізіміз,  
Сарғайған газет-журнал беттерінде, –

депті.

Бұл өмірге әдемі келіп, әдемі кеткеннің белгісі болса керек. Ендігі жерде біздің тілегіміз сол, артында қалған осы жазбаларының келер ұрпаққа үлгі-өнеге боп, соларын іздеп жүріп оқып, Сәкеңнің аруағын сан аунатып жатсын.

*Зәкір АСАБАЕВ,  
жазушы*

## ОРДАЛЫҚ ОЙШЫЛ АҚЫН ДОС

*белгілі зерттеуші-ғалым  
Сатыбалды Дауымов жайлы мөлтек сыр*

Қайран Сәке! Сатыбалды! Өмірінің соңғы жылдарында жиі кездесіп, сырлас-мұңдас болған шақтар да келмеске кетті-ау, беу, жалған-ай! Адами пішім, сырт келбет, жұртпен (*өзгелермен*) қарым-қатынас, жүріс-тұрыс, қимыл-қозғалыс, сөйлеу мәнері – бәрі мейлінше қарапайым, табиғи, ойлы көздері мен күлімсіреген жүзінен теңіздей терең білім, парасат иесі екені қашанда аңғарылып тұратын. Бірақ, оны байқатпайтын. Байқатпайды дегенде, қызмет жағдайында болмаса, кез келген орта, жиындар мен бас қосулар, тіпті, екеуара әңгімелесу кезінде де көсіле шалқып, тыңдаушысын түйдек-түйдек цитаттармен тұқыртып, тұншықтырып, оза шауып, суырылмайтынынаденқойып отырмыз. Өмірінің соңғы жылдарында бір адамдай араласып, ашық-жарқын, сыр бүкпей пікір алмасатын шақтарда ондайды әсте байқамаппын. Осы күндерде еске түседі: жабықтау не ақтаңдақтау мәселелер төңірегі, әлде, жазықсыз жапа шеккендер жайлы ой бөлісу үстінде нақты айғаққа сүйеніп, қысқа, дәл дерек-мәліметтермен шектелетін де қоятын. Ауа жайылмайтын. Кесімді аксиомадан ауытқымайтын. Және өз тарапынан бояу қосып, әрлеп-әспеттемейтін. Осындай қарапайым, кішіпейіл,



бір қарағанда, жусаннан аласа, енді бір қарасаң, бетеге емес, асқаралы асудан биік ғазиз жан бақиға озғалы қашан. Мен үшін де өзек өртер өкініш, қимастықпен еске түсетін жарқын бейне. Ол кім десеңіз, ол – ең алдымен қарымды қаламгер, талантты журналист, ақтаңгер ақын, аудармашы, зерттеуші-ғалым, шынайы, дос, жолдас, сүйікті жар, абзал әке, ардақты ата, туматуысқа қамқоршы, аға, пана болған кәдімгі Сәкең, аяулы Сатыбалды Дауымов. Иә, иә, кең-байтақ қазақ өлкесінің батыс аймағы – атақты Орда топырағында дүниеге келіп, саналы ғұмыры Алматыда өткен *(көзі тіріде жарқосағы Асылғанымға үнемі айтып жүргеніндей)* кештеу табыссақ та, диюды жұтып жіберердей қарбалас тіршілік толқынында санадан өшпей, жүректің бір түкпірінде сақталып келе жатқан бірегейлердің бірі... Жас айырмамыз бір жылға жетер-жетпес замандас, әріптес, энциклопедиялық білім иесі, ғұлама. Осы сөздерді ешкім жалған дей алмасына иман кәміл. Бұған оны жақсы білетін жақын-жуықтар ғана емес, күллі көз көргендер куә деуге бәс тігуге бармын.

Ал, енді мен Сәкеңді қашан, қай кезден білдім, – білемін – соған келейік. Шынымды айтсам, Сатыбалдымен бірге оқып, бірге қызметтес болған емеспін. Жазған-сызғандарының да ілуде болмаса, көбі есте қалмай, аты-жөнін ғана еміс-еміс жобалайтынмын. Қандай атақ-марапаттары болғанынан да бейхабар екенмін. *(Ол олқылыққа жатпаса керек. Бәлкім, менде де Сәкеңмен әлдебір ұқсастықтар болуы ғажап емес шығар).*

Иә, солай. Сәкеңмен қызбет бабы не бір-бірімізге ұсынып, автор болған да кезіміз болмапты. Тек өмірден озарынан бес-алты жыл бұрын мен қызмет ететін «Парасат» журналына жиі келіп, мақала, өлеңдері жарияланып, әңгімелесіп, сырласып жүрдік. Еңбекшіқазақ ауданындағы табиғаты керім жерде

саяжай іспетті үйіміз бар, қысы-жазы сонда боламыз, мұндағы үйде балалар тұрады. Қалаға анда-санда жол түседі. қонаққа келіп, таза ауа жұтып, аунап-қунап қайтсаң жақсы болар еді дейтін. Бұлай деуінің кейбір өзіндік себептері де болатын. Әріптес, қызметтес ретінде араласпасаңдар, онда араларың қалай жақын болды дегенге айтарым, осында біраз оралдық азаматтармен ұзақ жыл араласып-құраласып тұрдық. Бүгінде кейбірі бақилық, кейбірінің көзі тірі. Әрине, бәрі зейнеткер. Осы естеліктерде – сәлемнің де сәті бар дегендей – олардың да есімдерін атап, ықылас-ниет таныта отырып аз-кем өткен шақтармен қауышу көптік етпес дейміз. Солардың бірі – Қабдулман Шағиев.

Сегіз жылдай 10-шы микроауданда тұрған біз 1976 жылы орталықтан пәтер алып көшіп келгенде танысқан құдайы көрші Қабдулман ұзамай қонаққа шақырып, сұраса келе менің Жәнібек ауданынан келген (*былтыр дүниеден өткен*) туған балдызыммен туыс боп шықты да, жекжаттық, достық аясы ұлғайып, қарым-қатынас нығая түсті. Қалалық ауруханалардың бірінде бас дәрігер боп істейтін Қабдулман кейін әуелі қалалық, онан соң облыстық медтехника бірлестіктеріне басқарушы болды. Одан кейін басқа мекемелерге жоғарылады. Әйтеуір, сатыдан сатыға өрлеп, өсіп келе жатқанда, он жыл ілгері 59 жасында бақиға озды. Інілік ілтипат-құрметі шексіз еді. Дастарқаны жиылмайтын қонақжайлылығы өзінше. Оның үстіне, арысы Мәскеу, Орал, берісі Қазақстанның түкпір-түкпірінде келетін игі жақсылармен дәмдес, таныс, сыйлас болатын. Милиция полковниктері Қимат, Болат, Басқарма бастығы Мансүр Мәжитов, Министрлер Советінің жауапты қызметкері Баймақан, Орал облыстық комсомол комитетінің бірінші секретары боп істеп, кейін біраз жыл Алматыда ғұмыр кешіп, ерте қайтыс болған Карл Айталиев, Алматы

облыстық автотранспорт басқармасының бастығы Момыш, басқа да жақсылар мен жайсаңдар арасынан еңсегей бойлы, қос жауырыны қақпақтай, бұйра шашы сәл бурыл тартқан ақсарылау жігіт ағасы Сатыбалды Дауымовты да көретінмін. Әйелі Асылғаным жақын апайы болғандықтан, Қабдулманның үйіндегі жиын-тойлардан екеуі де қалмайтын. Өне, сондай күндердің бірінде Сатыбалдымен іштарта әңгімелесіп, әріптес, белгілі ақын екенін тереңірек білдім. Содан кейінгі бас қосуларда мамандығы басқалау өзгелерден гөрі екеуміздің мәмілеміз жарасып, оқшаулау сөйлесіп жүрдік. Бір жолы тарихи тақырыптарға көбірек барып, батыс өңірден шыққан революционер-қайраткерлер өмірін зерттеуге ден қойып жүргенін айтқаны бар. Қазір сәл ұмытыңқырадым, өлең өз алдына, зерделеп камтысам деген тақырыптар мол сияқты еді. Бәрі болмаса да, кейбіріне үлгерді. Олай дейтінім, көзі тірісінде біразын «Парасат» журналында жариялауға септесіп, кейбірінің қайтыс болған соң жарық көруіне көмек жасағанымды айта кету әбестік болмас деймін. Оған зайыбы Асылғаным мен жиен қарындасы Заря Жұманова куә. Енді Сатыбалдымен шығармашылық орайда қалай жақындасып, ынтымағымыз жарасқаны жайлы бір-екі сөз.

Ол кезде күллі газет-журналдар – Көкбазардың қарсысындағы – тоғыз қабат ғимараттан әлі көшпеген кез. Тиражы кәдімгідей құлдыраған «Парасат» журналында оннан астам қызметкер істейді. Жалпы жағдай жаман емес, жалақы, қаламақы – қалыпты. Авторлардан ұялмайсың. Камал Смайыловтың редактор кезі ғой деймін. Бір жолы арсалаңдай кіріп келген Сатыбалды аман-саулық сұрасқан соң, машинкаға басқан көлемі он төрт беттей мақала әкелгенін айтып, алдыма қойды. Сөйтті де, темекі тартып келейін деп шығып кетті. Мұнысы мақаланы

қолма-қол оқып, пікір айтсын дегені шығар деп жорамалдадым да, бір жағы құрмет, әрі сонау Еңбекшіқазақ ауданынан келгенін ескеріп, бірден көз жүгірте бастадым. Не керек, арадан жиырма-отыз минут өтіп, ол келгенше мақаласын оқып бітірдім.

Аса сауатты, зәредей мінсіз, қызықты да тартымды мақала батыс аймақтан шыққан қазақтың революционер қызы Алма Оразбаева жайында екен. Алма жөнінде бұған дейін көзіме түскен нәрселерді оқып, ғұмырнамасын өзімше бір кісідей білетін шығармын деп жүрген мені Сәкеңнің тыңға түрен салғандай мақаласы қатты тебіrentіп, бұрын бейтаныс көп-көп мәліметтер алдан шықты. Алма Оразбаеваның бүкіл өмірбаян, қызметі туралы Сатыбалдыдан артық білетін ешкім жоқтай көрінді. Ал, ол шынында да солай-тын. Бірде-бір екіұшты, дүдәмал, күмәнді факт жоғы тайға таңба басқандай көрініп тұр. Айғақтар дәл, деректер нақты, ай, күн, жыл, қайдан, кімнен алған, бәрі – алақандағыдай. Қағаз бетіндегі маржандай жазуларға тіл бітіп, сөйлеп тұрғандай көрінді (*дәл солай екенін кітаптан оқып, көз жеткізуіңе болады*). Әр мамандықтың – сирек кездесетін – шырқау шыңына шыққан қас шеберлері болады. Мына ғажап дүние сондай дарабоздың қолынан туғаны бірден аңғарылды. Сәкеңе соны айттым. Күлбілтелеусіз. Көлгірсімей. Сәкең жымыды. Мақтауға емес, шындыққа тәнті боп. Өйткені, солай екенін өзі де біледі емес пе? Сондықтан... бұл жолы...

Менің олжам – Алма Оразбаева хақында егжей-тегжей білгенім. Неткен жаратылыс! Қажыр-қайрат, қарым-қабілет, қайраткерлік... онан соң... онан соң... күрмеуі қысқа ғұмыр, жаралы жазмыш, қайғылы тағдыр... Аянышты! Бірақ, артында Алма тұр. Тау тұлға. Қазақтың айбынды қызы! Шығыс шолпаны!

Сәкеңе солай дедім. Журналға қазір-ақ ұсынамын

дедім. Алма туралы менің де көкейімді күпті етіп жүретін әлдебір жұмбақ түйткіл болушы еді. Рас деп те, жалған деп те тон пішуге болмайтын. Жорамал. Оны айтқан бір кездерде Сарыағаш аудандық милицияда бастық болған қарт (*коммунист*) қазақ, өз көзімен көріпті десетін. Түбі анықталар дейтінбіз. Сәкең соны айттым. «Жиырманшы жылдардың соңында Сарыағашта әлдебір есінен ауысқан әйел пайда боп, кейде секіре жұлқынып, кейде нұры семген көздерін бір нүктеден алмай, ұзақ мөлиіп отырады екен. Шашы алба-жұлба, аузынан ақ көбік атылып, шыңғыра жылағанда жұрт жан-жаққа тым-тырақай қашады екен» дейтіндерге әлгі милиция бастығы: «Е, ол соры қайнаған әйел Ленинмен бірге істепті. Күлмеңдер, күлсеңдер бастарыңа келеді. Тағдыры солай болса, амал не? Аты-жөні Алма Оразбаева. Шымкенттегі жындыханадан қашып шығыпты. Қайта апаруға болмай тұр. Бәрібір тағы қашып кетеді. Не істеуді білмей отырмыз. Алда көреміз», – дейді екен.

Осындай әфсана бертінге дейін айтылатын. Кейін тиылды. Айтатын адам да қалмаса керек. Бірақ, менің есімде. Енді реті келген соң ауызға алдым. Бәлкім, бір ұштығы шығып қала ма деп.

Сәкең сәл ойланды да:

Айтқаныңның жаны бар. Себебі, Шымкент пен Сарыағашты қайдам, бірақ, Алма ет жақын адамының (*туған сиңісі*) опасыздығынан есі ауысып, жазылмас ауруға ұшыраған соң, оны қаладан-қалаға ауыстырып, соңында Жамбыл қаласындағы жындыханада болыпты. Кім білсін, Сарыағашта да болса болған шығар. Әйтеуір, қайда, қалай өлгені белгісіз, нақты айғақ жоқ, – деп бұл түйткілге нүкте қойғандай болды. – Бірақ, мұнымен шектелмеймін, Алма Оразбаева туралы алда да ізденіп, тың мәліметтер табуға тырысамын, – деді онан соң.

Мен сол жолы Сәкеңнің басқа шығармашылық қырларынан гөрі зерттеу қабілеті мен жазу шеберлігіне бас иіп, соны ғана мойындағандай күй кешкенімді жасырмаймын. Әрине, ол – ең алдымен – ақын. Анау-мынау ақын емес, поэзия құдіретін қапысыз білген арқалы ақын. Насихаты жетіңкіремесе де. Айтпақшы, Қадырды оқы. Мырзалиевті. Сатыбалды туралы не дейді екен, танысып көр. Бәлкім, сонда...

Ал, өз басым осылай танысып, табысқан Сәкең – Сатыбалды Даумовтың аруағына үнемі тағзым етіп жүремін. Зәредей қоспа, ойдан құраған бір сөз жоқ осынау естелікті марқұмның рухы шат бола берсін деп, әрі, достық парыз ретінде қағазға түсірген жай боп тұр.

*Маркиза БАЗАРБАЙҚЫЗЫ,  
жазушы*

## ӨЛЕҢ СӨЗДЕ ӨЗ ІЗІ БАР АҚЫН

*Білмейміз келгендерді  
Жалындап жанбаған соң,  
Сезбейміз өлгендерді  
Артында із қалмаған соң,  
**Қадыр Мырза Әлі***

Сатыбалды Даумовтың екі томдық толық жинағын қолыма ұстағанда қандай қазынаға тап келгенімді әлі сезбеген едім. Көзім бірден «Қоянды» деген поэмасына түсті.

Ауыл жоқ.  
Тұрмын енді жұртын басып,  
Жадау түз жатыр сұлық өңі қашып,  
Құйрықсыз қызыл шақа түз түлкісі  
Жанымнан өте берді сылти басып.

Сұмдық сурет!

Қызыл жүні алтындай құлпыратыны үшін ғана аңшының құмарын оятатын қызыл түлкінің дәл қасыңнан сылти басып, қызыл шақа кеспірсіз және құйрықсыз, адамнан қорықпай өте беруі — табиғат заңының күл парша бұзылуы!

Бір ғана детальмен жаныңның нәзік қылынды еткізген ақын одан әрі үдемелі түрде үстелеп жердің жетім келбетін, адамдардың — ұстаздары мен тұтастарының — мына құт мекеннен молаға

көшіп кеткенін жоқтап «ойраны шыққан елдің  
кімге обалы» деп егіледі.

Сауы жоқ адам түгіл аң-құсыңның  
Түсінер бұл өңірдің қайғысын кім?

...Жұртыңа тұрмын қарап жылап ішім,  
«Азғыр» мен «Капустин Яр»  
Қос тажалдың  
Түбіңе жеткені ме сынағы шын?!

Әдетте, колына қалам ұстаған жас талант  
өз ауылына деген махаббатын қағаз бетінде  
айшықтауға ұмтылады. Оған өз ауылынан сұлу, өз  
ауылынан керемет жер, жер бетінде жоқ! Бірақ  
Сатыбалды Даумовтың поэмасын оқығанда төбе  
құйқаң шымырлап, жүрегің езіліп сала береді.  
Себебі ол туған ауылын жер бетінен таппай аза  
жырын жазып отыр. **Жаңа ғана Сатыбалды ақын  
суреттеген:**

Жататын сап-сары құм суси көшіп,  
Балқыған сары алтындай ақ жалынға, –

деген әсем сурет-ай! Сусыған құмның жанды  
келбетін көз алдыңа толқындатып әкеледі де,  
«түсінер бұл өңірдің қайғысын кім?!» – деп, жан  
жүрегімен қиналады.

Зымыран төбесінен құлап-құлап  
Төбелер жатыр өліп, сұлап-сұлап...

Туған ауылын Мысыр шәрінен артық санайтын.

Сол менің космодромым  
Ғарышқа мені ұшырған, –



деп әспеттеген, пәк көңілімен құлай сүйген ауылы!

Қаңбақ па әкететін дауыл қуып,  
Не сұмдық кетті деген ауыл құрып, –

деп күңіренеді...

Иә, сол бір елуінші жылдардың басында Кеңестер Одағының империясының басында отырған Сталиннің атом қаруын жетілдіретін, сынайтын полигондар орнатылды. Біздің кең байтақ Қазақстанның сол сынақтан сау өлкесі қалмады. Сексендей нүктеболған екен. Ірілері – Азғыр мен Семей.

Ауылының орынын сипап калған С.Даумовтан гөрі мен бақыттырақ екенмін. Себебі маңдай тіреп баратын ауылым бар. Дәл үйдің қасына бомбадан түскен қазаншұңқырға ойнаған екі ағатайым – Есболған мен Есберген бір түнде ауырып жоқ болды. Сол күні, сол қазаншұңқырда ойнаған ойын баласынан айырылып, аңырамаған түтін,әй, болмаған шығар! Жуас қазақ, көнбіс қазақ «құдай өзі берді, өзі алды» деп жылады да қоя салды. Сонда сондай қанша ауылдар зардап шекті. Әскерилер келіп «жас баланы далаға шығармаңдар, судың бетін жабыңдар» деп, бұйрық айтып кететін. Неше түрлі пайда болған ауру түрін құр бақылағаны болмаса, ем істелінбейтін. Басы жара-жара, шаштары ойдым-ойдым болып түсіп қалған ойын балалары әлі көз алдымда. Сол шаштан бір-екі талын жұлып алып, зертханаға жіберетіні есімде.

Онда біздің отбасы Тайсойған деген шөбі шүйгін, қалыңдығынан уақ жәндік ішіне кірсе бойы көрінбейтін керемет жайлауда болатын. Бір түні «зона алып қойды» деп, ат-арбамен асығыс көшірді. Көшіп келген Кенбай деген жерде де «зона атқылап жатыр» деп, үй қамақта отыратынбыз.

Сатыбалдының жер бетінен өшкен Қоянды ауылы жырсуіер қауымның жүрегіне көшіп алғай.

Кілең бір жақсылардың мекені едің,  
...аталсын-аталмасын жырда аттары  
Мен үшін ауылдастың қымбат бәрі.  
Кескіні, мінездері баршасының  
Көңілімнің архивінде тұр қаттаулы.

Сөйтіп, «кіл жігіттің төрелерін» жүрегін жұлмалай отырып жырыммен тұттым аза

Ең болмаса,  
Қалсын деп Қояндымның аты өлеңде, –

дейді.

Ақын аға, сіздің Қояндыңыз өлеңде ғана емес, қағаз бетінде ғана емес, жырсуіер қауымның, ақын сезімді жандардың жүрегінде қалды деп сеніңіз!

Сатыбалды Даумов не жазса да жүрегiнiң қанын сия етiп төгедi.

Жылан ағып барады Сырдария  
Жүдеп, налып жағада тұр қария, –

деп басталатын өлеңі кешегі қырық бестің жау қашырған батыры мен сылаң қағып елдің сән-салтанаты мен айбынын асырған ару Сырдың қазіргі қасіретін:

Сыр адамды анадай асыраса,  
Адам жетіп тына ма Сыр түбіне, –

деп күңіренеді. Ал «Түпнұсқа» деген өлеңінде:

Байыған сайын адамдар  
Байлықтан көлдер болды ада.  
Өксиді Балқаш, Аралдар  
Дертіне таппай ем-дауа.  
...солардың енді сарқытын  
Жинаймыз Қызыл кітапқа»  
Тонап ап нудың бар құтын...

Осынымыз адамдыққа жата ма өзі?

Болса да тысы алаудай  
Іші оның солғын көшірме.  
Көшірме көпке барар ма  
Түпнұсқа тұрса өшуге!*Бұдан асырып не айтуға  
болады? ...*  
қойны менен қонышына толды өлік!  
«КарЛаг»-тармен «АЛЖИР»-лерден қайысқан  
Бел омыртқаң кетпеді ме шор болып!  
... жоқ! Бітпеді  
Мұңыма мұң қосылды.  
Айдай жүзің айғыз-айғыз жосылды.  
«Тың дастанын» жазып сенің бетіңе  
Тігетін жер таппай қалдым қосымды.  
Туырылған дала түгел құм қапты.  
Құмға белден жасыл шалғын ну батты.  
Түрен түсіп жермен қоса көрге де  
Таппай қалдым әкем жатқан зиратты!  
Құрбандыққа салсақ та өріс, жайлауды  
«Тыңгерлерден» нан қалмады  
Дау қалды  
Шұбырғандар (өзге ұлт) көбейді де  
Аз жылда  
Өз перзентің азшылыққа айналды.

Жүрегіңде өз ұлтыңа деген сәл ғана сезімің  
болса, осы өлеңді миың қайнамай қалай оқи аласың!  
«Тыңгерлер» деген атаумен алшаңдап келіп,

жергілікті момын халыққа ойына келгенін істеген  
бассыздықты көзімен көргенін жолдасым да  
әңгімелеп бергені бар еді. «Бала кезім. Бір әйелді  
өз үйінде баса-көктеп еніп алып, жабылып зорлаған  
нын көргенде, жүгіріп жеткен күйеуі күйінгеннен  
қансырап жатқан байғұсты «на, дальше кушай» деп,  
сол есерсоқтарға қарай терезеден атып жіберіпті».

Ар-намысын, ұлтының қасіретін ойлап  
тыпыршыған ақын жүрегіне енді жер анасының  
жан жарасы қосылады.

Көп көзінше жылауға да қаймығып  
Қаншама жыл жұттым ішке жасымды!  
...Сонда ешкімге көрмеп едік «сен» десіп.  
Булықтырып барады елді енді өксік.  
Кең далам-ау  
Жиіледі зіл-залаң  
Жаның сыздап жатырсың ба дөңбекшіп?!

Жер анасының зарын ақын ұлындай кім  
түсінсін!

Ұйқыңды бұзып дөңбекшітердей жырды  
жүрегінің қанын сорғалата отырып жазған  
С.Даумов:

Перзентіңмін!  
Бірге өзіңмен кіндігім!  
Ұмыта алман  
Бір сен үшін халқымның  
Бастан кешкен қырғыны мен сүргінін!  
Ұмытпа: адам!  
Ұмытпа: ұрпақ!

Ата-баба мекеніңді Сатыбалды ақынша сүйіп,  
өз жүрегіңде Сатыбалды ақынша аялай білсең —  
қазақ болып туылып, мына байтақ елде өмір сүріп

жүргеніңе ақынша қуана алсаң ғана осы елдің перзентісің, елің де сені аялап іздейді.

Өз ұлын,  
Өз перзентін ескермесе  
Ел тегі қайдан алсын кемеңгерді?

*Ілияс Жансүгіров*

Әдебиет айдынында өшпес із қалдырған қарымды қаламгер Сатыбалды Даумовтың сексен жылдығы жақындап келеді.

Жас талант өз тұсында жарқ етіп көрінгенімен КазГУ-ді бітірген бойда, жиырма төрт жасында «Қазақстан ауыл шаруашылығы» журналының мігірсіз жұмысына қапысыз жегіліп, қызметтің дөңгелегін тынымсыз айналдырған еңбектің көпең торысы болды да кетті. Ол жылдар бойы журналистикада қаламын ұштап, талантын жетілдіре берді. Талай тауқыметті тағдырлармен кездесіп, кезек күттірмейтін мәселелерді ғана мерзімдік баспасөзде қозғады.

Әйтсе де ақын өзі айтқан: «өлеңде біреу — дария, біреу — жылға» дегеніндей дариядай лықсып келген тасқын талант жұмыс қамытын мойнынан сыпырған бойда селдетіп қоя берді. Селдеткені емей не, студент кезінен өлең жазуды тежей тұрған Сатыбалды 1985 жылы «Жұлдыз» журналына жариялаған «Жалын ғұмыр» поэмасымен елді бірден аузына қаратты. Жыр отауына еркін де батыл аттаған Сатыбалдының, жігіт ағасының өлеңдері «тілге жеңіл, жүрекке жылы, айналасы теп-тегіс жұмыр» келіп, (Абай) көкейіңе қона кетеді.

Сатыбалдының өлеңге ашқан сырын оқып көріңіз:

Картаға әлі түспеген бір аралдай  
Көп іздедім өзімді өзім таба алмай.  
Құлыптаулы сейфімді ашар іштегі  
Қарманғанмен кілт қолыма түспеді.

Талант дүниесінің тылсым жұмбағын шеше  
алмай, кілтін таба алмай көңілі шартарапты шарқ  
ұрған ақын:

Қамап қойып өз ішіме өзімді  
Салды азапқа белгісіз бір күш мені, –

дейді.

Оны сонша азапқа салған тылсым күш –  
табиғат сыйлаған талант қой!

Сөйтіп жүріп,  
Оңаша өскен жемістей,  
Көкірегімде көзден таса пісті ӨЛЕҢ.

Міне, кілт те табылды. Ол жанына маза бермеген  
өлең екен!

Ол ақ параққа селдей тасқындап, оқыған  
жанның ет жүрегін елжіретіп, тіршіліктің тәтті  
дәміне тұшындырып, санаңа сәуле шашатын ӨЛЕҢ  
екен. Сөз құдіретін сыйлаған талайлы тағдырына  
риза ақын:

Мәуе салса өз басымда жыр гүлдеп,  
Сабағынан неге үзбейін бір-бірден, –

дейді. Сөйтеді де көкірек қазынасын өз  
оқырмандарымен бөліседі.

Оқыңыз. Қуаныңыз. Мақтаныңыз.

Сатыбалды Даумовтың өлеңдерінің осы қалайы

жоқ. Бәрін жеріне жеткізе айтады. Бәрі тұнып тұрған сурет.

«Жүректен шықпаса, жүрекке жетпейді» деп, Қадыр Мырза Әлі айтып кеткеніндей С.Даумов тек өз жүрегінен өтіп өлеңге айналған жайларға ғана қалам тербейді. Сондықтан да ақынның әр өлеңі сіздің өз сөзіңіз сияқты көкірегіңізде жатталып қалады. Өлеңдерін құныға оқи отырып мен ақынның портретін өз өлеңдерінен таптым.

Періштедей жаным таза, ақ денем!  
Жаңа жауған қар да болмас ақ менен!

Өз талантын да өзі бағалапты:

Ал жырларым  
Тұрды үстінде жарқырап,  
Жырдан ада  
Жинақтардың қап-қалың.

Сексен жылдығын елі тойлағалы отырған, ал өзі мәңгілік мекенінде тыныш ұйықтап жатқан ақынға менің марапатым түк те керек емес. Бірақ оқығаннан түйгенімді қағаз бетіне түсіруім өзім үшін, әдебиет деген ардың сөзін сөйлейтін қауым үшін керек деп шештім.

Сатыбалды Даумовтың өлеңдегі рухына, сұлу жырға жаны құштар жас ұрпаққа айту міндетім деп білдім.

*Маркиза БАЗАРБАЙҚЫЗЫ,  
жазушы*

## **САТЫБАЛДЫ ДАУМОВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ СУРЕТТЕРІ**

*Ақындар өледі  
Бәріне таңғалып...  
Қадыр Мырза Әлі*

Сөз құдіреті – ойды дәл бере білуінде.

Шығарманың шырайы – оның көркемдігінде.

Сатыбалды Даумовтың шығармашылығымен таныса келе қарымды қаламгердің сөз сиқырын ең жоғарғы деңгейде меңгергендігіне тәнті болдық. Қиялға қозғау салған жыр көркемдігіне бәріміз бірге үңілсек:

Мына өлең:

«Күміс тұз жалт қарайды жарқыл қағып»...

Ерке қылықты келіншектің жаны қалайтын адамына кездескендегі көрісу қуанышын бүге алмай қалғандай кейпін көз алдына тоспай ма? Және ол «ақ төсін күміс күнге қақтаттырып» еркелеп-ақ жатыр. Қой, қай жақтағы «келіншек»? Бұл бар болғаны суы тартылып, орнына тұз кені ашылған тұзды көлдің келбеті. Ақынның қаламынан туған суреттің әсемдігі сондай сол сорға сізді ынтықтырып қояды.

«Бурадай шөккен сорға жақын барып,  
Тау Боғда етегінде жатыр қалғып»



Дала баласының сөзі екенін бірден танысыз. Шөл мұхитының кемесі түйеге теңеп тұр тауды. Қалғып жатқан... міне-міне ұшып тұрардай Боғда тауына сүйсіне қарайсың. Жанды сурет деген сондай-ақ болар.

Немесе, қайран Сырдариясын жоқтап, іздеген ақын жүрегі не депті?

«Сыр адамды анадай асырап ед,  
Адам жетіп тына ма Сыр түбіне», –

деп күңіреніпті.

«Қайран дария асайтын жарын жұлып...»

Көз алдыңа өжет толқынды, буырқанған өзен ағысының жарды әп-сәтте опыра құлатып асаусынған кезі елестейді. Келесі тармағы: «сал болғандай барады әрең жылжып». Ал керек болса! Енді жаңағы адуын өзеннің елесі де қалмай, шалажансар халіне жүрегіңіз ауырып қоя бермей ме?

Адам өз қолымен Қазақстандағы қанша өзен-көлге осындай «тағдыр» сыйлады? Асылы, ақынның көреген көзі ауру адамдармен көп істес болғандай.

«Тартылып айдын көлдер сығырайды  
Соқырдың жанарындай солып қалған.»

Суы тартылып, кенезесі кепкен көлдерді көзі суалған соқырға теңеуі, сал болып ауырған адамның «шықпа, жаным, шықпа» деп әзер-әзер қозғалатынына дейін дәл суреттеген.

«Көнетоз шапандарын қабат киіп,  
Шал – аспан тұнжырайды қабақ түйіп.»

Қарт кісінің психологиясымен қабат әдеті де

көрініс беріп қалғандай. Табиғаттың түксиген қабағын, жаңбыр алдындағы әбігер даланың келбетін көрсетіпті. Ірі тамшылардың алғаш жерге түскенде шұбарланып, сансыз қара меңге ұқсайтыны, дауыл алдындағы желдің тынши қалуы – бәрі-бәрі таныс. Жылауық бұлтты шолжаң ұлға теңегеніне езу тартпай тұра алмайсыз.

Кірпігіне тамшы іліп,  
Бұлт құшағын желге ашты.  
Ақ жауынға малшынып  
Су-су болып жел қашты.

Су болған «желді» бірінші рет көріп тұрмын. Су-су болып. Жел сіздің көзіңізге суға малшынған жас баладай пана іздеп, не жаңбырмен ойнап қашқан баланы елестетпей ме? Осындай ойнақы тәсілмен оқырманын да жаңбыр жауған даласына ынтықтырмай ма?

Тағы да өзен туралы. Өзен-су тақырыбы жаныма жақындау, дегенмен Сатыбалды Даумов өзен-көл тақырыбына жазса жеріне жеткізіп, тіпті шегінен өткізіп айтады ма деп қалдым.

Оқыңыз. Еділ туралы.

Кімдерге Еділ тірек болмап еді?  
Бейнетқор, көп қайысқан ол да белі.  
Анадай асырады ол алаламай  
Емізіп қырдағы ел мен ойдағы елді.

Менің Еділім сабырлы, баяу, лықсып қана көзін ашып-жұмып салмақпен ағады. «Көк толқыннан көген есіп, тау мен теңізді жалғайды» өзен – шаруақор, жүк тасиды, егін суарады, елді анасы сияқты асырайды, қысқасы, бейнетпен белі қайысады. Құдды бір баласын жеткіземін деп жанталасқан ана сияқты.

Каспийге қаншама рет құсты лоқсып  
Кеткенде кемерінен қанға толып?!  
Иә, бұл соғыстың неше атасын көрген өзен ғой.  
Шаруа өзен  
Бел шешпестен  
Жүк тасып, егін баптап сан қапылды.

Еділім менің, өз бойында мекен еткен жеті жұртқа  
қанша пана болдың, қанша ана болдың. Ақын Еділ  
өзеніне сондай асқақ жанның, асыл жанның бейнесін  
беріп, аялап суреттейді. «Ол тек екі жағалауды ғана  
жалғап жатқан жоқ, ол бүгін мен ертеңді жалғап  
жатыр» дейді. Еділді көрген адам қимай қоштасып,  
көрмеген жан ғашық болғандай.

Ал Сатыбалды ақынның даладағы өртті  
суреттеудегі шеберлігін қараңыз.

Шоқ құсып, жалын бүркіп, күл түкіріп,  
Есірді жынды құйын салып ойнақ.

Шоқ құсып. Жалын бүркіп. Күл түкіріп. Құсу,  
бүрку, түкіру. Шоқ, жалын, күл. Өрт деген алып  
аждаһаның ауызынан пытырлаған шоқ, бүрқыраған  
жалын, тіпті күл түкіртіп қояды ол аз десеңіз. Және  
оны сығымдап бір ғана жолға сыйғызып қойғанын  
көрмейсіз бе? Құйынның өзі есірік құбылыс. Ал ақын  
оған жынды деген айдар тағып, оның үстіне ойнақтатып  
қойған! Жай ойнақтамайды, есіреді. Әрі жанды сурет,  
әрі қорқынышты көрініс. «Жалын ғұмыр» поэмасы  
соғыстан кейінгі шаруашылығы шатқаяқтап тұрған  
елдің тандыры кеуіп жатқан, тіпті «аптап аңызық  
сиырдың желініндегі сүтке дейін қақтап қойған» кезге  
тап келеді. Кенезесі кепкен сары далаға күн еңкейіп  
келіп төне түсіп әдейі шыжғыратындай. Осылай  
төндіре суреттей келе;

«Малшы жүрт малын өз терімен суарғандай»

болып тұрғанда, «аптаптан желдің өзі деміккендей» болып тұрғанда қауға (былтырғы қураған шөп) от тигендей лау еткен жалынды көреміз.

Бірден:

Өңмендей алға қарай ұмтылды өрт  
Мың басты жалмауыздай аран ашып.

...Атылған жемтігіне жолбарыстай  
Ауада айқыш-ұйқыш жалын ұшты.

...Қып-қызыл желкен керіп, өрт пенен жел  
Тұтаса алаулады көк пенен жер.

...Жатқандай жалын бейне жұмыртқалап  
Өрді андап қызыл шақа от шөжелер.

Жай емес, андыздап қаптап келе жатқан өртте керемет сұстылықпен қатар әлемет сұлулық бар. Тағатсыз, ашқарақ шөжелердің сізді көргенде өре жүгіретін жанды суреті. Ал мына бір өрттің сәйгүлігінің жүйткігені әсемдігімен бірге үрей шақырады.

Алаулап жарқ-жүрқ етіп жал құйрығы  
Жүйткіді өрттің қызыл сәйгүлігі.  
Жарысты жапан түзде от сұлулар  
Түріліп қызыл шымқай желге етегі.

Енді жарыса жүгірген сұлулар, әрі етегіне ие бола алмай жатқан қыздар – қызық теңеу емес пе? Негізі от пен судың қимылында көз арбайтын сұлулық бар. Сол қимылға сағаттап қарасаң да еш жалықпайсың. От пен су өмірдің өзіндей мәңгі қозғалыста. Ал ақын болса сол сиқырлы қозғалысты үрейге шымқап орап көз алдыға тосады. Жә, тамашалап болсақ, сол тажал өрттің зардабымен күрескен ерлерге оралайық.

Ыстықтан тамырдағы қаны қайнап,  
Жалынмен айқасты ерлер жалын жүрек.

Өрт даланы ұйпап ұйткенімен қоймай жалын  
жүректі аптал азаматтардың қанын да қайнатып жатыр.  
Жанын да алып жатыр.

Киіздер желпілдеді от үстінде  
Оқ тиген қанатындай шағаланың.

Өрт сөндіру кезіндегі жан алып, жан беріскен  
қимыл. Жай сабалау емес, оқ тиіп аласұрған шағаланың  
қанатындай.

Бурадай құтырынған жын бүріккен  
Өртті жұрт сабалады туырлықпен.

Қаңтардағы бураның құтырынған кейпін көріп пе  
едіңіз? Және ол өзі жын бүркіп, яғни әбден опагейіне  
жеткен кезін көргеніңіз бар ма? Аллаһ сақтасын,  
одан қауіпті нәрсе жоқ. Алаңғасар иесі сол шабынған  
бурасына ие бола алмай қалса, одан өткен тажал жоқ!  
Одан жай жүргіншіңіз не, жүйрікатты жолаушыңыздың  
қашып құтылуы екіталай. Табиғаттың құтырынып  
бой бермеген өртін қазақ санасына сіңісті бураның  
шабытты шағымен теңеуі – ақынның тапқырлығы.  
Өлеңде этнографиялық шендестірулер, жарқ еткізіп  
алдыға тоса қоятын тосын суреттер көп-ақ.

Сатыбалды Даумов өз шығармаларында адам мен  
табиғатты егізекі етіп суреттейді. Табиғаттан адамның  
қимыл әрекетін көруі арқылы: «әй, АДАМ, сен  
табиғаттың төл перзентісің! Өз ананды аялай біл!» деп  
ескертіп тұрғандай.

Шұлғиды қырда қайын  
Кекілін кейін сілкіп.

Ерке ұлдың кекілін кейін сілкіп жіберіп, сізге күлімдей құлшына әрекетке қосылғысы келіп тұрғаны елестемей ме?

Аспаннан құйылып нұр  
Кетеді жайнап дала.  
Кірпігін шұғынық гүл  
Ашады жайлап қана.

Гүлдің кірпігін жайлап қана ашып, сізге жасқана әрі қуана қарағанына елжіремей көріңіз!

Шашыңнан өз анаңдай  
Сипайды самал еппен.

Мынау сұлу суретке жүрегің шымырлап, жаңа оянған мөлдір табиғаттың анаңдай аялы алақанымен ептеп қана сипаған самалына елти бер. Ақын жүрегіндегі өзі туып жатқанда бақилық болған өз анасының мейірімін аңсауына, іздеуіне сенбесеңе, қостамасыңа лажың жоқ.

Ақын келесі шумағында ұйқыдан әбден оянған табиғаттың қимылы пысығанын айшықтапты.

Шұғыла шалғында аунап, – тағы да әсем сурет, шұғылаға жан бітіріп қойған.

Шұғыла шалғында аунап,  
Ойнайды асыр салып.  
Қосаяқ қарғиды аулақ  
Әр шөптің басын шалып.

Бұл Сатыбалдының соншалық мөлдіретіп суреттеп отырған өлеңі – соғыс кезіндегі әкесіз қалып, шаруа тауқыметін талдай жіңішке мойнына артып алып, ала таңмен ересектермен бірдей еңбек майданына араласқан жас баланың көзімен көрген суреттері.

Арсы-гүрсі соғысты емес, жоқ-жұқана тұрмысты емес – бозала таңнан тұрып, ересектермен бірдей жұмысқа кіріскен балғынның табиғатты сезінуі арқылы берілген өлең адам жанының нәзік қылын одан да көбірек қозғайтынын дәп басқан.

Өлең ең басында таңғы торғай шырылымен оянып, шалғынға шөп шабуға беттеген сары атанның боздауымен басталады. Жұртқа «мұң шағып, ән созған» сары атанның үстінде бұғанасы қатпаған бала кетіп барады. Атаңа нәлет қу соғыс! Бұл титімдей алақандарымен шалғынның шөбін жинап, соғысқа қарсы ел ырысына өз үлесін қосқан балаларымыздың еңбек майданындағы келбеті.

Мен үйген шөмелені  
Мүйіздеп сүзеді жел.  
Шұлғиды қырда қайың  
Кекілін кейін сілкіп.  
Сүйеніп айырыма  
Мен тұрмын терім сүртіп... –

солай, жас оқырманым. Бұл ақынның сендердей кездеріндегі портреті. Өлеңмен салған өміршең портреті.

Енді бір сәт Сатыбалды аталарыңның құм даласының суреттеріне үңілсек: Құм даланың да ақын қаламынан туындаған не бір сұлу суреттерін жалықпай оқуға болады.

Жалқын құм мың құбылып көзді арбайтын  
Сияқты алуан түсті бояу кені.

Қаншама құт дарыған жал-жал құмға?!  
Бірдей ол пейіш еді мал-жаныма.  
Жататын сап-сары құм суси көшіп,  
Балқыған сары алтындай ақ жалынға.

Мен үшін артық мекен бар ма құмнан?!  
Құмда мен шағыр шапқам, мал қайырғам.  
Аштықта өзім жеген желкегіңнің  
Кеткен жоқ дәмі әлі таңдайымнан.

Айтсаңшы, құм тарысы құмаршықты!  
«...ішінен құмаршықтың жылан шықты»  
Құмартқан құмаршыққа ел аузында  
Жүретін осындай бір жыр айшықты.

Тұрлаусыз құм көшкіні сияқтанып  
Тастайтын демде бірін-бірі ысырып.

Тағы да соқты, міне, құм бораны  
Құм борап, жүрегімді мұңға орады.  
Бір сұрақ жауабы жоқ тілге оралды:  
Ойраны шыққан елдің кімге обалы?!

Негізі, құм суреті де толқын-толқын болып көзді арбайды. Тек тулаған теңіздің баяулаған қимылы тәрізді. Құмды даланың алуан бояуға малынған әсем суретін талмай жырлаған басқа ақынды білмейді екенмін. Құмның табиғаты жұмбақ. Ырысы мол. Оны игеруге талмас қайрат, мұқалмас жігер керек. Құм далада соған сай табанды, жігерлі жандар өмір сүреді. Ақ жалын балқытқан сап-сары құмында табиғаттың өзіндей боп жетілген жандардың қайсар бейнесін талмай жырлаған ақынға арналар алғыс та шексіз.

Жалпы ақын қаламынан төгілген айшықты теңеулерді тізбелеп тауысу мүмкін емес. Күннің өзін жасқандырып қоятын ақынға не дерсіз?

Таң да атты.  
Жасырынды сүңгіп бұлтқа,  
Сұмдыққа қарай алмай күн жасқанып...  
Жер өз осінен ауытқыды демейді:



Дүние жанарларда дөңгеленді  
Кеткендей ауытқып жер ұршығынан.

Ұршық жазатайым қолдан шығып кетсе бірқалыпты  
қимыл ырғағы бұзылып, ауа қармап әбігер болатын  
әжелердің абыржыңқы жүзі. Қапелімде не болғанын  
сезбей абыржыған, сасқалақтаған жанарлар...

Тағы бір теңеу:

Жағалай ақ мамығын ақпан жайып,  
Көк құрыш мұз бүркеніп қатқан Жайық.  
Ерке өзен айналғандай көк семсерге,  
Ортадан қос құрлықты шапқан жарып.

Өлеңдерде «семсер», «ұршықтармен» қатар өзі  
өмір сүріп отырған қоғамның тіліндегі терминдер де  
айтар ойды шегіне жеткізу үшін дәл орынын тауып  
қолданылған.

Қарағай,  
Қапсағай, жасыл айдар, бұйра тұмсық  
Паң, маңғаз  
Бастықтардай бюрақрат.

Табиғат суреттерінен адам келбетін кейіптеп  
үйренген басымыз, бұл жерде енді табиғаттың  
(қарағайдың) бюрақрат бастықтардай маңғазсынған  
паң тұлғасын көреміз.

Сатыбалды Даумовтың прозалық шығармала-  
рындағы айшықты теңеулер, сұлу суреттер жетерлік.  
Деректі очерк болсын, мейлі ол публистикалық  
мақала болсын, тұлғалар туралы зерттеу еңбек  
болсын Сатыбалды аталарың сөз кестесін түрлі-түсті  
бояулармен әсемдей көмкеріп, оқырманын көркем  
сөзбен әлдилей отырады.

Оңтүстіктен болар-болмас майда леп еседі. Қыс

көрпесін серпіп тастап, жасыл пүліш жамылған жазық дала көздің жауын ала мың құбылып, әлдеқайда көкжиекпен барып астасады. Аспанда шөкімдей бұлт жоқ. Тас төбеге шығып алған күміс күн...» (147-бет)

Жазушы шығармасы емес, әсем палотнодағы түрлі-түсті бояумен салынған сурет көз алдыңызға келеді. Мың құбылған бояулар сағыммен көлбей көтеріліп, көкжиекті кеңейте түседі. Ал осы табиғаттың осыншалық сұлулығын суреттей отырып, кейіпкердің көңіл-күйін оған мүлде қарама қарсы беруі – оқиға шешіміне оқырман көңілін түбегейлі аудару әрекеті. Сатыбалды аталарың композиция құрудың шебері.

«Сауырын күнге қыздырып, әбден манаураған кең дала тыныштық құшағында мүлгиді», «Жолбарыстың жонындай жолақ-жолақтар батар күннің шұғыласына малынып мың құбылады», «Боғда тауы ертегідегідей көзді арбайтын сиқырлы суретке...», (76-бет)

Тіпті туған жердің жотасының өзі «сені танитындай жылы шырай көрсетіп...»

«Әркімнің туған жері – Мысыр шәрі» деп жатқанымызбен, С.Даумов өз өлкесін соншалық нәзік махаббатпен жырлайды. Өлең сөзде айтарын айтып болды («Қоянды» поэмасы) десек тағы «Ауылдастар» очеркінде жырдан кем емес сұлу суреттерді үсті-үстіне төкпектейді. Ауылын сүйген азамат осылай-ақ айтсын! Әйтпесе, көк майсалы жасыл жайлау, тау самалы қалам ұшына өзі ілесіп жыр болып төгіліп-ақ тұрады емес пе? Ал бұжыр тасты аласа жотаның сұлулығын көре қою кез келген қаламгердің қолынан келе қоймас-ты. Бір жолы сондай тауда өскен ақындардың біреуі Атырауға қонаққа барғанда «мына жерде де адам тұрып, шабыт шақырып, өлең жаза ала ма? Ит тұрғысыз жер екен, «ит байласа тұрғысыз» дейтін жер осындай-ақ болар, ит байласа тұра ма?» – дей берсе керек. Ал сол жерде туып-өскен, сол туған жеріне сәби жүрегімен

байланған, атақонысын жан жүрегімен сүйген айтқыш ақын, қарымды қаламгер, өз заманының сарабал суреткері не дейді? Бәрін терміштемей-ақ қояйық, бір ғана сөйлем: Тіпті, туған жердің өз ұлын «танитындай жылы шыраймен қарауының» өзі – сол махаббатың айғағы емей не?

«Атының ауыздығы алулы шопан мынау кең даланың жеке дара билеушісіндей ерге шірене отырып, жан-жағына барлай көз тастайды». (77-бет) Сол даланың иесі, қожасы –еңбек адамы, ерге шірене отырысының өзінен-ақ, маң даланы меншіктей шолған көзқарасынан-ақ атамекенін жанына балап сүйетін тұлғаны көрсетпей ме? Автор өз жүрегіндегі еліне деген махаббатты кейіпкерінің кеудесіне салып отыр.

«Қызғылт нұрға малынған шөп бастары әлдеқандай әсем әуенге толқи тербеліп, баяу найқалғандай» (78-бет)

«Ұйлыға өскен өсімдіктер ертегідегі дәулердің сақалындай сапсып...» (88-бет)

«Іркес-тіркес арыстан жал адырлар кәрі жердің жүзіндегі әжімдей...» (88-бет)

«Өркеш-өркеш құм төбелері шөгіп жатқан түйелі керуен...»

«Кей тұстары қарияның иегіндей қып-қызыл, жап-жалаңаш...»

«Әлі жазғы реңін жоя қоймаған жасыл даланың кірпік қақпас мөлдір жанарындай сұлу көлдер...» (161-бет)

«Теңіз тасқынындай бұйрат-бұйрат құм...»

Әр сөйлемі бейнелі, әр сөзі сәулелі Сатыбалды Даумовтың қай шығармасы да жеріне, еліне деген перзенттік сүйіспеншілікке оралған.

«Сараң қатынның кең дастарқанға селдірете шашқан бауырсағындай...»

«Қоңырқай жүзін торлай бастаған сүреңің

*жазуындай әжім іздері ол жүріп өткен ұзақ та өнегелі өмір жолын еске түсіреді.»*

Адам ойына кіріп те шықпайтын (әжімді сүре жазуларына) теңеулерді табуда Сатыбалды аталарың алдына жан салмайды.

*«Ақындар өледі*

*Бәріне таңғалып»* (Қ. Мырза Әлі) деп айтпақшы, өмірі асқан қатыгездікпен, ашаршылықтақтың қиын кезінде дүниеге келіп, анасынан туа жетім қалып, «ауылда ол сормаған емшек қалмай», жоқ жерден бар ауылға бала болып, жастай еңбектің нанының дәмін бағалап, өсе келе нағыз қоғам үшін керек азамат болып қалыптасқан, өз сезінгендерін қағаз бетінде әсем өрнектеп, жас ұрпаққа жеткізген Сатыбалды Даумовтың еңселі кеудесінде үлпілдей соққан нәзік жүрегі бар адам еді. Айналасына жан шуағын шаша жүріп, Қазақтың соқырлар қоғамында ұзақ жылдар жемісті қызмет етті. Үкімет наградаланына ие болды. Ұл өсірді, немере сүйді.

«Жазатайым жазым болса бір шыбық,  
Жаным менің қалтырайды түршігіп.  
Неткен сұмдық, өңің түгел түсіңде  
Жай түскендей жайрап жатса тіршілік!» –

деп жырлап өткен аталарың туралы айтылар ойлар әлі де көп.

*Гүлзада НИЕТҚАЛИЕВА,  
ақын, филология ғылымдарының кандидаты*

## **ӨЛІ СУ... ӨЛІ АУА... ӨЛГЕН АУЫЛ...**

*немесе ақын Сатыбалды Даумовтың  
«Қоянды» дастанын оқығандағы ой*

Небір аузымен құс тістеген дүлділдер мен шашасына шаң жұқпаған жүйріктердің Отаны болған айналайын туған өлкемнің дара перзенттері туралы сөз қозғаудың иыққа артар жүгі мен салмағы да әжептәуір. Осыны жан дүниеммен сезінгендіктен, қасиетті қаламшөріпке сиына отырып, киелі топырақтан шыққан дарынды ақын, һәм жазушы Сатыбалды Даумов шығармашылығына тоқталып кетуді парыз деп санаған жайым бар. «...Ал, кіндік қаным тамған жер мен дүниеге келген кезде Батыс Қазақстан облысының Орда (қазіргі Бөкей Ордасы) ауданына қараған Қоянды деген аз үйлі ауыл болатын. 1952 жылы Орда ауданының біраз жері Капустин Яр әскери полигонының иелігіне көшіп, іргелес Атырау және Батыс Қазақстан облыстарының шекаралары қайта белгіленгені мәлім. Мен туған ауыл-аймақ содан бері түгелімен Атырау облысына қарайды», -деп басын ашып жазып кеткен екен «Өзім туралы» деген өмірдерегінде. Иә, кімге болсын туған жері-жұмақтың төріндей! Кіндігі Қояндыда кесіліп, алғаш қаз басқанда топырағына ізі түскен құт мекенге ақын жол түскен уақытта айналып келіп

отырған. Келе алмай қалған күнде жүрегінен жыр құсын самғатып, ауыл- аймақтың амандығын біліп жүрген. Өзін түлетіп ұшырған Қояндыны ақын «Менің космодромым» деп атайды.

Іздеме бекер картадан,  
«Қоянды» деген жазуды.  
Жазусыз да одан дәл табам,  
Ауылды мен сол, аз үйлі...

Болса да қораш түрі оның,  
Артық ол маған Мысырдан.  
Сол менің космодромым  
Ұямнан мені ұшырған,—

деп перзенттік махаббатпен, сондай бір жылылықпен суреттейді. Аз үйлі ауылдың жүрекке ыстық келбеті, сол жерде өткен балалық шақ, ата-анасының көзін көрген ауылдастар ақынға ыстық.

Енді қайта айналып келмейтін балауса күндердің легін көз алдына сол ауыл арқылы елестеткен ақын сағынышын қалам арқылы ақ қағазға құя салғандай:

Жоқ онда таулар саялы,  
Жуатын төсін сел, жауын.  
Тау емес, құмның табаны  
Жатады қымтап жел жағын.

Ақпайды жарып өзен де,  
Салмайды сыңсып орман ән.  
Қалпымен ерні кезерген,  
Бәрібір ыстық ол маған...

Құмның табаны жел жағын қымтап жататын,

ерні кезерген сол бір ауыл жанымызға жақын, жүрегімізге таныс. Бейнебір суретшінің салған картинасы іспетті. Сөзбен салынған сурет. Сол Қояндының бүгінде карта түгіл, жер бетінде ізі де қалмапты...Алматыда жүріп, ауылын сағынған ақын араға бірнеше жыл салып туған мекенге оралады... «Картадан жазусыз да дәл табатын» туған ауылы жермен жексен болған екен... Көшіп кеткен аз ғана үйдің орнында қалған жұртын зорға таныған ақын жүрегі аласапыран күйге түседі. Көңілі құлазып, жаны бебеулейді. Сөйтіп, «Қоянды» деп аталатын аза жыр дүниеге келеді. Жер бетінен жоғалған ауылға арналған реквиемнің алғашқы шумағы былай басталады:

Қояндым,  
Көрмегелі көп жыл өтті,  
Сағыныш ет жүректі елжіретті.  
Орныңды қалдым сипап іздеп келіп,  
Ел босып, тоз-тоз болып,  
Жер жүдепті, –

не деген жан жүректі тілгілеген ащы зар! Иә, арғы бергі тарихымызды түгендеп, шежіремізге зер сала қарасақ, біздің тапқанымыздан жоғалтқанымыз көп екен. Осыны ойлағанда ішімізді ит жыртқандай болатыны да рас. Бөтен жұртқа бас иіп, бодандық қамытын киген сол бір күндерде атақұлдігімізден айырылып, ата салты мен дәстүрін ұмыта жаздағанда қол жеткен Тәуелсіздіктің қадірін шынымен біліп жатырмыз ба осы? Елді ел етем деп күні-түні ой түбіне жете алмай, халық қамын ойлаған Елбасының ерен еңбегін бағалап жүрміз бе? Әй қайдам?! Осы бір аза жырын оқығанда ойға нелер түспейді дейсіз?! Иә, қазақ тарихтың тоқсан

тарау тармағында не көрмеді?! Шынында, ел аман жұрт тынышта тұтас бір ауыл неге, неден жоғалды деген сұрақ қамалары сөзсіз. Көкейіміздегі сұраққа жауап іздеп әрі қарай оқи берер болсақ:

Ауыл жоқ...  
Тұрмын енді жұртын басып,  
Жадау тұз жатыр сұлық, сиқы қашып.  
Құйрықсыз қызыл шақа қыр түлкісі,  
Жанымнан өте берді сылти басып.

Сауы жоқ, адам түгіл, аң-құсының,  
Түсінер бұл өңірдің қайғысын кім?!  
Кетіпті бір-ақ жылда киік құрып,  
Еріген қардың ішіп, «қанды суын»...

Зымыран төбесінен құлап-құлап,  
Төбелер жатыр өліп, сұлап-сұлап...  
Жыландай жан-жағына у шашады,  
Жаралы жер төсінен су атқылап, –

деген жолдардан Азғыр өңірінің жанында орналасқан Капустин Яр әскери полигонынан зардап шеккен ауылдың құрып кеткенін, сол маңда тіршілік еткен тағы аңдар мен құстардың да жойылып бара жатқанының куәсі боларымыз анық.

Мен үшін артық мекен бар ма құмнан,  
Құмда мен шағыр шапқам, мал қайырғам.  
Аштықта өзім жеген желкегінің  
Кеткен жоқ дәмі әлі де таңдайымнан.

Айтсаңшы құм тарысы-құмаршықты,  
... «Ішінен құмаршықтың жылан шықты...»  
Құмартқан құмаршыққа ел аузында,  
Жүретін осындай бір жыр айшықты, –



ақын сонау ашаршылық жылдарында ауыл адамдарын аштан алып қалған желкек пен құмаршық тәрізді құмда өсетін өсімдіктерді де ерекше сағынышпен еске алып толғайды. Сол бір аш өзек шақ, соғыс кезіне тұспа тұс келген балалық шақтың елестері, Жеңістің жалауы желбіреген қуанышты сәттер, ел адамдары туралы жүрегі жылап отырып, қалам тербейді. Өзегі өртенген ақын осы бір өзі аза жыры деп атаған реквием-дастанында шырылдаған шындықты ашып айтып, тозып кеткен ел мен жердің обалы кімге деген сұрақ қояды. Жаны қан жылаған ақын жер бетінен жоғалған ауылдан әкенің қара шаңырағын іздейді:

Шынымен, осы ма мен ұшқан ұя,  
Көзіме түспеді әкем қыстауы да...  
Кетіпті түгел сіңіп топыраққа,  
Су шайып, жел мүжіген қыш қабырға...

Әке қыстауын іздеген ол үйлердің мүжілген үйінділерінің арасынан ауыл адамдарының елесін көргендей болады. Бәрін жадына бала күннен тоқып өскен ақын санасы ескірмеген екен. Қиранды үйлердің кімнің үйі екенін, ол адамның мінез-құлқы мен кәсібін, кескін-келбетін көзбен көріп, қолмен ұстатқандай етіп баяндайды.

Жүрекке қалды-ау демде шер байланып,  
Кетті екен тоз-тоз болып, ел қайда ауып?!  
Бар еді дөң басында көне қорым  
Жым-жылас болыпты ол да жерге айналып, –

деген ақын көшіп кеткен ауыл адамдарының ендігі тағдырына алаңдайды. Бабалары жатқан ескі қорым да жым-жылас. Қандай зарлы сурет десеңізші! Нағыз панорама деп осыны айтатын шығар! Қирап,

мүжілген үйлер, дөң басындағы ізі де қалмаған көне қорым...

Жеті атам жатқан бұл бір қорым еді,  
Орны да көзіме ыстық көрінеді.  
Риза қыла алам ба Құран оқып,  
Басында мола да жоқ өлілерді?!  
Аятын заулатты деп тірі келіп,  
Бәрібір кетпес көрден тұрып өлік...  
Бағыштап аруақтарға,  
Құран емес,  
Жапанда жыр оқыдым күңіреніп, –

елсіз-күнсіз жапан далада жалғыздан жалғыз жыр оқып күңіреніп тұрған ақын жанының зары мен запыранын өзіндей боа кім ұғар, сірә?! Иә, туған жерден алысқа кетуге мәжбүр болған, Азғыр мен Капустин Ярдың зұлматын көріп келе жатқан сол Қояндының бір кездегі тұрғындары қайда екен? Қай қиырға тарыдай шашылып кетті? Оны ешкім де білмейді. Алайда, ақын жырын оқығандары болса, сол жер, сол ауыл көздерінің алдына тұра қалар...Тұра қалар да жүректерін толқытып, сағыныштарын оятар...Ол – сөзсіз!

Қояндының жер бетінен жоғалуын аза тұтқан ақын сол ауылдың тұрғындарына да жыр арнаған. Ағайынды Дәуім мен Жұмат аталар, тілі мірдің оғындай Қылует шеше, ойбайшыл Бақтылы апа, қос ғасырдың куәсі Арыстан шал, бір қойдың етін бір өзі жейтін Аққуан қарт, бір қолмен домбыраны безектеткен күйші Малайдың Хафизі, ауыл әншісі Бақау, ешкімге сөз бермейтін Мұхтар көке, қырғи тілді Төлеген ақын көңілінің архивінен көтеріліп, жанына келгендей...Қояндының қирап қалған үйіндісіне қарап жоқтау айтып тұрғандай...Ана

жерде – оқыған мектебі болатын, оның жанында-кеңсе орналасқан. Олар да тып-типыл.

Қояндым, бірі – мектеп,  
Кеңсе – бірі,  
Ауылдың екеу еді еңселі үйі.  
Қиылған қарағайдан осы екі үйге,  
Ерекше болатұғын ел сенімі.

Қалмаса ұстаз түгіл, тұстастарың,  
Басыңа шапшып қалай шықпас қаның?!  
Қалыптын аңғармай да кірпігімді,  
Ап-ащы зілдей ауыр шық басқанын, –

деп сонау алыста, көз ұшында сағымдай мұнартқан балалығын сағынады ақын. Енді сол бір аңғал, албырт сезімдердің куәсіндей болған мектеп те, ұстаздар да, құрдастар да жоқ...Ақын аңырап шер төкпегенде қайтеді енді?! Қаламына жүгінеді, әрине! Бұл негізінен, жоқтау сарынында жазылған аза дастаны.

Жоқтау – қазақ ауыз әдебиетінен бүгінге жеткен асыл қазына. Бұрындары өлімді де өлеңмен тұспалдап естіртіп, дүниеден өткен жанның жақсы қасиетін тілге тиек етіп, жоқтау айтатын болған. Қазір бұл дәстүр Маңғыстау облысында әлі күнге сақталған. Ал, әлем әдебиетінде реквием түрінде жазылған өлең кемде кем. Қазақ поэзиясына Мұқағали Мақатаев қосқан «Реквиемі» – «Жан азасы» өте бір құнды дүние. Содан кейінгі аза жырын жазған ақын – Сатыбалды Даумов. Туған жерінің экологиялық қиын жағдайын, мұңы мен шерін, атомдық сынақтан елге келген зауалды ол өте бір тебіреніспен, жүрегінен зар мен запыранды ақтара отырып жырлаған.

Қиған кім қолы барып сені өлімге,  
Құныңды ол әлде алтынмен төледі ме?!  
Жырыммен тұттым аза,  
Ең болмаса,  
Қалсын деп Қоянды атың өлеңімде, –

деп аяқтайды ақын.

Бұл дастан қазақ емес, әлем әдебиетінен ойып тұрып орын алатын дүние. Өйткені, атомдық сынақ зардабы адамзатқа төнген зауал, он сегізмың ғаламға келген ақырзаманның бастауы. Жер-Ананы, туған табиғатты сүю, қадірлеп, қастерлеу, табиғатпен үндестікте өмір сүру адамзаттың қасиетті міндеті мен парызы. Табиғатпен үйлесім, Жер-Анамен туыстық жойылған сәттен бастап, адамзат өміріне қауіп төнетінін ұмытпаған жөн. Бүгін бір ауыл жер бетінен жойылса, ертеңгі күні тұтас құрлық құрдымға кетпесіне кім кепіл?! Осыны ескертіп тұрғандай бізге ақынның мұң мен сағынышқа толы аза дастаны. Ойлану керек...

*Гүлзада НИЕТҚАЛИЕВА,  
ақын, филология ғылымдарының кандидаты*

## **ӨМІРШЕҢ ӨЛЕҢНІҢ МӘҢГІЛІК ҒҰМЫРЫ**

Өмірде ешқашан көрмеген, білмеген ақынның өлеңдерін оқып, еңбектерімен танысқанда ол кісіні өмір бойы білетіндей, ес білгелі араласқандай әсер алуды ақын, жазушы, аудармашы, журналист Сатыбалды Даумов шығармаларын оқыған кезде білдім. «Жалын-ғұмыр», «Қазына», «Сонау бір тұрған Нарында...» деген жыр жинақтарының, «Тауқыметті тағдыр» атты Алма Оразбаеваның өмірін зерттеген публицистикалық жанрда жазылған кітаптың авторы. Г. А. Бюргерден «Барон Мюнхгаузеннің басынан өткен ғажайып оқиғаларын» аударған. Кеңестер Одағының батыры Темір Масинге арнап жазған «Жалын жүрек» деген дастанындағы туған жерге деген махаббат шығарманың өн бойынан құйылып тұрғандай әсер етеді. Иә, ақын көкірегінен ақ кептер боп ұшқан өлеңнен туған жерге деген ерекше сүйіспеншілік, қоршаған ортаны тану және қабылдау, ата-ананы ардақтау, сүйген жарға деген құрмет, перзентке деген жүрек жылуы айналаны ақ нұрға бөлегендей екен. Өмірді тану, өмірге көзқарас, өмірді сезіну және өмірді сүюді өлеңдері арқылы оқырманға астарлы түрде жеткізу қиынның қиыны. Философиялық тұжырым мен психологиялық иірім арқылы лирикалық кейіпкерді оқырманның көз алдында бірде ашық, ақкөңіл, енді бірде еш жанға ақтарылмай жүрегіне жүк артатын тұйық та сезімтал кейіпте елестетіп, сырласына айналдырып жіберудің

өзі де хас шеберге ғана тән қолтаңба. Мәселен,  
«Балалық шақтан бір елес» деген өлеңінде:

Тұрушы ек ала таңнан,  
Торғайдың шырылымен.  
Салатын сары атан «ән»,  
Үлгермей шығып үйден.

Шаға ма зарын жұртқа,  
«Әнін» ол болмайды айтып.  
Жайқалған шабындыққа  
Жетеміз борбайлатып.

Сол кезде көкжиекке  
Сүйейді күн иегін.  
Қарайсың елжіреп кеп,  
Көркіне дүниенің, –

деген жолдардан сонда елес боп қалған балалық шаққа деген сағынышы кемерінен асып төгілгелі тұрғанын байқайтынымыз рас. Сол бір жүректің түкпірінде сақталған естелікке айналған сағым жылдар елесін ақын «сары атан» бейнесімен сәтті табыстырғанына қайран қаларымыз да ақиқат. Қазақ үшін түйе малынан аяулы мал жоқ. Тіптен түйенің төлін «бота» деп атаған халқымыз, өз баласын да «ботам» деп еркелетіп жатпай ма? Ал, сұлу қыздың көркін, бір аяулы жанды «Ақбота», «ботакөз» деп, атайтыны да бар. Ендеше қазақ деген ұғыммен біте қайнасып кеткен түйе, «сары атан» қай қазақтың да жүрегіне жылы тиері хақ. «Сары атанның әнінің» өзінде қаншама мән, қазақы жан сарайдың көрінісі бар десеңізші! Алыста қалған балдәуреннің жазиралы күнгеіін ақын «жайқалған шабындық», «көкжиекке иегін сүйеген Күн» бейнесі арқылы суреттей отырып, алды үміт, соңы өкініш мынау жалған дүниенің жанарына елжіреумен қарайды. Өйткені

ол он сегіз мың ғаламға, адамзат баласына, бір сөзбен айтқанда Өмірге өлердей ғашық. Осыны түйсінген сәтте еріксіз көздің көлінің мөлдірегенін де сезінуге болар. Ақын туған жердің сұлулығын жан бітіре, жандандыра өрнектейді. Әдебиет теориясында тілдің бұл көріктеу құралын-кейіптеу деп атайды. Аталмыш өлеңде ақын табиғатты адам түрінде, сұлу қыз түрінде бедерлеген. Мәселен, «Аспаннан құйылып нұр,

Кетеді жайнап дала.  
Кірпігін шұғынық гүл,  
Ашады жайлап қана...», –

бұл сөзбен салынған суреттен ақын тілінің бай палитрасы, айшықты теңеулері менмұндалап тұр. Аспаннан құйылған нұрмен жайнаған дала, кірпігін жайлап ашқан шұғынық гүлдің кейпі қандай аяулы еді! Бұл өлеңдегі ақынның бай тілін дәлелдеп тұрған теңеулер мен эпитеттер, метафора мен метонимия, синекдоха мен кейіптеу өлеңге ерекше мазмұн дарытып, мағынасын биіктеткен сынды. «Кетпеп пе ең әрі алыстап,

Уақыттың кемесінде.  
О, қайран балалық шақ,  
Түстің сен неге есіме?!»–

деп аяқталған өлең жолдары жүректің бір қылын қозғап кеткендей, үнсіз ойға шоматыны да шын. Өйткені, өмірдің сан түрлі бел-белесінен өтіп, түрлі сынақтарды бастан кешпеген адам, сірә, жоқ шығар. Ит тірліктің тертесіне жегіліп, иықты қажаған қамыттан жауыр болған арқаның сол бір жүктен босайтын күні және жоқ іспетті. Кемді күнгі тірліктің жоқтарын түгендеп, әлеміші көп, қызылды – жасылды жалған дүниенің уақыт зырлаған сайын өңі кетіп, әрі тозатынын, бояуы

солғын тартатынын да сезінуден қалғалы қашан! Ал, мынау өлең сонау әппақ нұрға толы, асқақ арманға бет алған, тап-таза жүрек пен мөлдір күндерді еске оралтады. Біртүрлі жылағың кеп кетеді екен. Ақынға шағынып. Өмірдің арманыңды ұрлап ізім-қайым болғанын айтқың келеді.

Картаға әлі түспеген бір аралдай,  
Көп іздедім өзімді өзім таба алмай.  
Жұмбақ күйде жатты жабық жан дүнием,  
Тас бекітіп тасталған бір қамалдай, –

ақынның тылсымға толы жан дүниесі айқын өз бояуын тапқан. Иә, «жақсы адамның ішінде ат басындай алтын жатады», демей ме, халқымыз? Сірә, осындай жағдайды меңзеген болса керек. Өзін өзі іздеген ақынның сансырауы, таусылуы, жанын түсінбейтін, түсінгісі де келмейтіндерге ашылмайтын тұйықтығы дәл берілген. Мынау тылсымға толы он сегіз мың ғаламнан өзі іздеудің де бір сыры бар! Кез келген жан өзін, өз «менін» іздемесі баршаға аян. Оны тек өзіне өзі сенген, сөз дертіне шалдыққан, жоғын таппай емделмесін сезген жан ғана айта алатыны мәлім. Арқалы ақын өзінің жұртқа жұмбақ қалпын:

Бұлығымен,  
бармақты құр тістеумен,  
Өтті жылдар жанға жара үстеген..  
Сөйтіп жүріп, оңаша өскен жемістей,  
Көкірегімде көзден таса пісті Өлең! –

деп нақыштайды.

Міне, өзін іздеген ақын ақыры жоғын тапты. Ол –көкірегінде жатқан дарынның жемісі – Өлең екен! Ақынның суреткерлік шеберлігі сондай ғажап! Төндіріп, тілдік қордың бар мәйегіне суғарып жазған



өлеңді оқыған жан лирикалық кейіпкермен біте қайнасып өмір сүргендей сезінеді. Бірде бала болып туған еліне еркелесе, енді бірде дана болып, Өмір пәлсапасын соғып кетеді, Өмір жұмбағын шешіп, оның қиыны мен өткелегі көп сынағын ұрпағының алдына жайып салып, оларды сол Өмірде қателесуден сақтандырғысы бар...

Көңілде шаңқай түстің нұры алаулап,  
Қашқандай көзімнен де мұнар аулақ.  
Астымда – арқыраған тұлпар Пегас,  
Қыр емес, жыр түлкісін шығам аулап, –

осылай басталатын өлеңінде шалқар шабыты шалқыған ақын жыр жазған кездегі жан дүниенің жұмбақ қалпын аң аулауға шыққан аңшының халімен сабақтастыра жырлайды. Әрі қарай :

Жауа алмай шабыт бұлты,  
Жауса қоймай,  
Ақ қағаз көз қариды қансонардай.  
Жігерің болады құм  
Қашқан жырды  
Қаламың қалған кезде дәл соға алмай, –

деген жолдар ақын жанындағы буырқанып жатқан жыр дауылының куәсіндей! Шабыттанған ақын халін қансонарға, жырды түлкіге, ал, сал шабытты Пегасқа теңеген ақынның тілі шұрайлы да көркем.

Бейуақыт осындай бір сезім кешіп,  
Отырам мөлт-мөлт етіп көзімде шық...  
О, Уақыт, әлдилей бер жырларымды,  
Кіндігін, тұсауын да өзің кесіп, –

өлең осылай аяқталады. Ақын нені жырласа да, қандай

тақырыпқа қалам тербесе де ұлттық дәстүр мен салтты бәрінен биік қояды. Ақынның ұстанымы – ұлттық дүниетаным биігінен қарап, ұлтжанды ұрпаққа мұра қалдыру, жырлары арқылы ұлтының қамын ойлайтын тұлға тәрбиелеу. Қандай асыл мұрат! Ана тілдің не бір шұрайлы шалғынын кешіп, мәйегін еміп өскен ақын қазақтың тұрмыс салты мен дәстүрінің ғасырлар көшінде көміліп қалмай, келешекке жол тартуын бар жан-тәнімен тілеп, өзі де өлеңдері арқылы перзенттік парызын өтеуге барын салғаны аян. Иә, бәріне төреші – Уақыт! Сол мықтының жалына жармасып, сынына төтеп беру де кез келгеннің маңдайына бұйырмаған бақ. Жаны сондай нәзік, табиғатпен үндестікте өмір сүрген ол өзінің «Ақ қайың туралы балладасында» бала кездегі бір оқиғаны еске алады. Арманына қанат беріп, биікті мұрат қылуына себепші-жайлаудағы қайыңды біреулердің балталап, сұлатып тастағанын айта отырып, бала көңілінің қалай жараланғаны, өмір бойы сол оқиғаның жүрегінде қалғанын суреттейді. Жараланған бала көңілі сұмдық түс көріп, түсінде қайың емес, өзіне балта алып жүрген адамдардан шошып оянады. Өмір бақи сол бір сурет санасынан кетпейтінін:

Оздырсам да жылдардың сан көшін мен,  
Осы бір түс шықпай қойды есімнен.  
Көз алдыма келеді сол ақ қайың,  
Ағаш көрсем түбірінен кесілген, –

дей отырып, біршыбықсынса жаны түршігетінін керемет шеберлікпен өрген. Иә, ақын жүрегі сезімтал. Ғаламда болып жатқан әрқилы өзгерістер ақын санасына өз ізін қалдырмай кетпейді. Ақын шығармашылығына ден қойған сәтімізге көзге «Басқұншақ көлі» деген өлеңі оттай басылды. Туған жеріндегі тұзды көл Басқұншақ

арқылы перзент жүрегіндегі туған жерге деген өлмес, өшпес сезімді паш етеді.

Не шара тағдырға нәр бұйыртпаған,  
Өртепті көл өзегін күйікті арман.  
Телегей су орнына өнген ақ тұз,  
Мөп-мөлдір көз жасындай тұнып қалған, –

деген жолдардан теперішті тағдырдың ізін тартқан адам мен Басқұншақ көлінің тағдырын психологиялық параллелизм арқылы суреттегеніне тәнті боласың.

Кепкендей кенезесі жұртта қалып,  
Жатады ол жаумай өткен бұлтқа налып.  
Қарт Каспий кеткен аунап оңтүстікке,  
Бар суын Басқұншақтың ұрттап алып.

Безініп туысынан түбі бірге,  
Қашты екен теңіз неге түріп ірге?!  
Көз жасын сыға-сыға сарыққандай,  
Шыдамай ағайынның күйігіне, –

қандай сурет, психологиялық ахуал иірімі, терең философия! Тұнып тұр ғой, тұнып тұр! Өмірде пенде атаулы басынан кешетін туыстан көңіл қалу, ағайынға өкпелеп, жат жерге ірге аудару Каспий мен Басқұншақ көлі арқылы өте бір күрделі драматизмге айналып тұрғандай. Қайшылыққа толы өмірде адам басынан қандай жағдай өтпейді десеңізші! Соның бәрі ақын жүрегін паналап, сыздатады, дертті етеді. Мәселен, туған жері «Қояндының» Азғыр полигонының зардабынан шеккен қасіретін дөп басып бейнелеген «Қоянды» деген аза жырының өзіндегі деректер мен сөз мәйегі, тілдің шұрайы көз сүріндіреді. Үлкен бір романның жүгін арқалап тұрған трагедиялық туынды. Туған жерге өлеңмен өрген құлпытас! Басқаша айта алмайтынымыз да шындық.

Иә, Сатыбалды Даумов шығармашылығы бүгінде өз оқырманын тапты. Ол қазір жырдағы екінші өмірін бастады десек, жаңылыспаспыз, асылы! Біздің тілгетиек еткен өлеңдері дариядан алған су тәрізді. Кенеземіз кепкенде сусындап, шөл басамыз. Одан дария ортайып қалмасы анық. Бір мақалада үлкен философияға иек артып, психологизмге қол созған ақын өлеңдерін қамти алмайтынымыз да баршаға аян. Ал, Сатыбалды шығармашылығы туралы монографиялық еңбектер жүргізілетіні кәміл. Ол келешектің үлесінде.

**P.S.** Осы мақаланы жазу барысында ақынның жары Асылғаным апаймен дидактасқан едік. Сонау 56 жылдары Алматыда табысқан екен. Сатыбалды аға ол кезде ҚазГУ-дің филология факультетінің студенті. Бір құрбысына барып, сол жерден бір-бірін танып, тауыпты. «Неге екенін білмеймін, амандасқан сәтте жүрегім лық еткендей болды», – дейді ағынан жарылып. Ұзын бойлы, көзәйнек киген, үндемейтін, ұялшақ бозбаланың тағдыры боп табысатынын ол сәтте сезген жоқ, әрине. Алайда, сол бір кездесу олардың өмірін 180 градусқа бұрғаны айқын. Бағына Сатыбалды аға өте жақсы адам боп кездесті. Өмірлері бейне бір көрген түстей боп өте шықты. Үш ұлы бар. Келін түсірді, немере сүйді. Бірақ, Сатыбалды аға бардағыдай емес өмір... Аға мұрасын алдыма жайып салған ол кісінің көзінен мұңды көрдім.

Иә, «жақсыменен сырласқан жарты сағат, жаманның өтіп кеткен өміріндей» екені рас. Мынау өмірде адамның көңілінен қымбат ешнәрсе жоқ. Бірақ, ешқандай сөзбен Асылғаным апайдың көңілін жұбата алмайтыны да ақиқат.

Сатыбалды Даумов қазақпен бірге болашақ күндерге жол тартып бара жатыр. Сол ғана айқын.

*Гүлзада НИЕТҚАЛИЕВА,  
ақын, филология ғылымдарының кандидаты*

## **АЛАШТЫҢ АРДАҚТАҒАН АЛМАСЫ ЕДІ**

*немесе жазушы Сатыбалды Даумовтың  
«Тауқыметті тағдыр» атты публицистикалық  
стильде жазылған кітабын оқығандағы ой*

Сатыбалды Даумов! Көрнекті ақын, жалынды журналист қана емес, өлке тарихын зерттеп, тарихи тұлғалардың өміріне әрдайым зейінмен, ыждағатпен қарап, жауапкершілікпен зерттеген жазушы да! Әлем әдебиетінің озық үлгілерін қазақ тіліне тәржімалаған аудармашы да! Ол кісінің еңбектерін оқып, зерделеген сәттерде бейне бір етене жақыныма айналып кеткендей әсер етті. Әсіресе, қазақтан шыққан тұңғыш мұғалима, орысша-қазақша білім алған Алма Оразбаеваның өмір жолы туралы жазған «Тауқыметті тағдыр» кітабы оқырманға ой салмай қоймайтыны айқын. Қоғамдағы әртүрлі дүмпулер мен өзгерістер кезінде ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың өмірі қарама-қайшылыққа толы болатыны рас. Өйткені, қоғамдық-әлеуметтік реформаларды біреу түсінеді, біреу түсінбейді, біреулер сол өзгерістерге үн қосып, бел ортасында жүреді, біреулер жан-тәнімен қарсы шығады. Ал, уақыт зымырап аққан сайын, жылдар шаңы шындықты тұмшалап, сол бір заманына үн қосқан қайраткерлердің өмірі сол жылдар шаңына көміліп жата беретіні бар. Содан

да шығар, сол бір елі үшін күресіп, қарлығаштай су себуге талпынған, халқына аз да болса көмек етіп, сауатын ашқан жандар туралы әртүрлі қауесеттер, алып қашпа сөздер де айтылып, жазылып та жатады. Осының бәрі тарихымызды танымағаннан дер едік. Біз сөз етіп отырған жазушы Сатыбалды Даумов та жоғарыда айтқан кітабында былай деген екен: «Жаңсақ пікір көбінесе, білместіктен туады. Атын ғана естігені болмаса, бүгінгі ұрпақ Алма туралы шыныда, не біледі? Рас, Оразбаева жөнінде жазылған дүниелер сан жағынан аз емес. Оның есімі партия тарихына қатысты еңбектердің бәрінде дерлік аталады... Бірақ солардың көпшілігі- Алманың қызметіне қатысты анкеталық деректерді шұбырта тізумен ғана шектелетін, былайша айтқанда, ауырдың үсті, жеңілдің астын ғана қалқитын дүниелер...» Ал, сол тарихи тұлғаның өмір жолын зерттеу үшін белсеніп кім кіріседі? Зерттеушіге қойылатын талап-ауыр, көмек-жоқтың қасы. Алма Дінмұхамбетқызымен бірге қызмет жасаған, қоян-қолтық жүрген жандардың көбі өмірден өткен. Алайда, осындай қиындықтар мен кездескен тосқауылдарға қарамастан зерттеуші іске батыл, бел шешіп кіріскен. Сөйтіп, халқымыздың аяулы қызы туралы көп адам біле бермейтін тосын деректерді тауып, оның өміріндегі трагедиялық жағдайларды да батыл жазған. «Алма – жүрек сыздатарлықтай аянышты тағдыр иесі», – деп бастаған жазушы өзі жазып отырған кейіпкеріне деген оқырман жүрегін де жаулап алады.

Шындығында да, XIX – XX ғасырлардың тоғысында, 1898 жылғы 28 желтоқсанда, Ішкі Бөкей Ордасында (қазіргі Батыс Қазақстан облысындағы Орда поселкесі) туған оның өмірі де аласапыранға толы еді. Әкесі Дінмұхамбет Оразбаев кедей ұста

екен. Отбасында төрт бала өсіп, тәрбиеленген — Қанипа, Ғатауолла, Алмабет, Мәдина. Алманың әкесі отбасын өзінің ауыр да адал еңбегімен асырап қана қоймай, бала тәрбиесіне де мән берген адам. Олай дейтініміз, қандай қиындық көрсе де, ұл-қыздарын оқытуға бар күшін салыпты. Қанипасы 1904 жылдың өзінде Ордадағы орыс-қазақ училищесінде оқытушы болған. Заман ағымын бағамдаған әкенің ұрпақтарының білім алуына жағдай жасауының өзі — ерлік.

Алма білім алған мектеп 1841 жылы Жәңгір хан негізін қалаған оқу орны екенін айта кеткен дұрыс. Ол білім алған кезеңде қазақтың белгілі ағартушылары С. Меңдешов, М. Сәрсембиев, Н.Залиевтермен бірге орыс және чуваш зиялылары да дәріс оқыпты. Олар алдыңғы қатарлы идеясы мен демократиялық ой-пікірі үшін Бөкей даласына жер аударылып келгендер еді. Міне, осындай ұстаздардан сауат ашқан Алма да алға қарай білімін жоғарылатуға талпынады.

Сөйтіп, Симбирск қаласына сапар шегеді. Кедейліктен қажыған әкесі бар қаражатын түйіп, жетпегесін қарыз да сұрап алған. Оған Ордадағы мектептің инспекторы А. Горечкин қаражат жинап берген сыңайлы. Оны Симбирсктегі мектептің басшысы, чувашағартушысы И.Я. Яковлевке жазған хаты растайды. Осы екі адамның көмегімен Алма Оразбаева мектеп жанынан ашылған педагогикалық курсқа шәкірт дайындайтын училищеге ақысыз-пұлсыз оқуға түскен. Қызын оқуға түсіргенмен, кейін елге қайтайын десе, қалтасында көк тиыны жоқ. Сол кезде көмекке тағы да Яковлев келген. Мектеп қаржысынан қарызға 7 сом береді. Бұның бәрін жазушы Сатыбалды Даумов чуваш жазушысы Мишши Юхманың еңбегінен кездестіріпті.

«...Мен бала кезімнен бері өзімді оқытқан,

бізбен көрші тұрған кәрі мұғалиманың өзінің жастық шағы, Симбирскдегі чуваш мектебінде қалай білім алғаны, И.Я.Яковлевпен, К.В.Ивановпен қалай кездескені туралы әңгімесін жадымда сақтап келемін. Мен ол кісінің алыстағы құм басқан даладан оқуға деген ынтасы Симбирскдегі мектепке жетелеп әкелген қараторы құрбысы туралы да көп естідім.

— Ол қазір қайда? — деп сұрағанымда,

— Ол өзінің даласына, туған өлкесіне кетіп еді. Ментәрізді мұғалима шығар, бәлкім, - деген жауапты естідім...», — деген жолдардан Алма Оразбаевамен бірге оқыған чуваш қызының естелігін оқи аламыз. Әрі қарай жазушы сол қараторы қыздың Алма Оразбаева екенін соңынан білгенін және оның өмірінің Симбирскдегі кезеңін өте жақсы жазған екен. Иә, бүгінгі таңда ол туралы сөз қозғалған кезде большевиктердің сойылын соқты деген айыптауларды да еститініміз шындық. Алайда, Алма Оразбаеваның қазақтан шыққан тұңғыш мұғалима, ағартушы екені айтылмайды. Өзі жоғары қызметте жүрген кезінде туған халқының, соның ішінде қыз-келіншектердің тағдырына алаңдап, қол ұшын да созған.

Иә, ол қоғамдық-әлеуметтік төңкерістер кезеңіне тап келді. Ағы ақ, қызылы қызыл боп екіге бөлініп тұрған дүниенің қай жағына шығуды таңдау небары 17 жастағы жас қызға оңай тимегені де рас. Оның В. И. Ленин бастаған компартия қатарына кіріп, большевиктер жағына шығуында да әлеуметтік мән бар. Өйткені, жоқшылықтан көзі ойылып, қу кедейлік қайда барса да адымын аштырмаған кедейдің қызын осы жолға өмірдің өзі алып келген. Ол есін білгеннен әлеуметтік теңсіздіктен жапа шекті, сондықтан оның дүниетанымы да таптық



негізде қалыптасты. Өздерін кедейлердің мұңын мұңдап, еңбекші елдің жоғын жоқтаймыз деп жар салған большевиктерге, олардың ұстанған бағытына құлай сенді. Сенбеске амал да жоқ еді. 17 жастағы балаң қыз түгілі, санасы қалыптасқан саясаткерлердің өзі де жаңылысып жатпай ма? Алма Оразбаева өзінің терең білімі мен туа бітті алғырлығы арқасында үлкен биіктерге де жетті. Сан ғасырлар бойы қалыптасқан ескілік дәстүр, әменгерлік салт, қыздарды қалыңмалға сату сияқты мәселелерді қаршадайынан көріп өскен ол қазақ әйелдерінің мүшкіл халіне жаны ашыды, мәселе етіп көтерді. Баспасөз беттерінде талай мақалалары жарық көріп, қараңғы елдің санасын оятуға тырысқан.

*«Мені адам етіп, қатарға қосқан Алма ғой, – деп отыратын көп жыл әлеуметтік қамсыздандыру министрінің орынбасары болып істеген Нұржамал Саналиева апай. – Әкем Сейсенғали сіңірі шыққан кедей еді. Тұрмыс тауқыметі қажытқан байғұс әке азынаулақ қалың малға қызығып, бес жасар кезімде мені Сарыбай деген байдың есалаңдау баласына атастырып қойса керек. Сол Сарыбай күш көрсетіп тартып әкетпек болғанда, Алма араша түсіп алып қалды. Ол менің он төрт жасқа жаңа ғана аяқ басқан кезім болатын. Сауат ашу мектебіне де қолымнан жетектен апарып өзі орналастырды», –* бұл жолдар Сатыбалды Даумовтың «Тауқыметті тағдыр» кітабындағы Нұржамал Саналиеваның естілігінен алынып отыр.

Иә, Алма атсалысып, белсене араласқан үлгілі істер көп еді, шіркін! Әсіресе, ұлттық қарулы күшіміздің тұңғышы, Қазақтың бірінші үлгілі атты әскер полкін құрған кездегі белсенділігі мен ұйымдастырушылық дарыны ерекше еді! Ауыл-ауылдан жиналған, сауатсыз жігіттерге хат танытып, орыс тілін үйретеді, саяси сауатын

ашуға күш-жігер салады. Қазақстандағы тұңғыш қызыләскерлер клубын құруға полк комиссары жалынды ақын Бисен Жәнекешовпен бірге бел ортасында жүреді. Бұл клуб Ордада 1919 жылғы 22 маусымда ашылған. Тоқсан жасқа келіп, дүниеден өткен Ермекқали Ниғыметов деген ақсақал ол туралы мынадай естелік айтыпты: «Ордада тұңғыш атты әскер полкі құрылғандағы бір кеш айрықша есімде қалды. Казарманың алдына кең сахна тартылып, Алма бастаған қыз-келіншектер кезек-кезек шығып өнер көрсетті, би биледі, ән салды.

Ал, бұдан бұрын мен Алманы бірінші рет 1917 жылы көрген болатынмын. Кілең жастар Қ. Меңдіхановтың «Малдыбай» атты пьесасын сахнаға шығарғанда, қалыңмалға сатылатын қыздың рөлін Алма ойнап еді. Онымен бірге қазақ қыздары Мүбина Ниязова, Мәдина Бегалиева да сахнаға шыққан. Мұның өзі қазақ қыздары үшін батыл қадам болғанын сол күндері «Ұран» газетінің қуана жазғаны есімде...» Иә, «арқалағаны – алтын, жегені – жантақ» дегендей, зерттеушінің еңбегі де қиямет-қайым. Өйткені өтіп кеткен оқиганы көз алдына елестетіп, оны көне көздердің естелігімен, архив құжаттарымен сабақтастыру үшін қаншама қажыр-қайрат керек!

Сатыбалды Даумов осының бәрін жеңіп, Алманың тағдыры туралы кітапты жазып шықты. Кітап беттеріне қызыға үңілетін болсақ, 21-ге де толмаған жас қыздың Қазақ әскери істері жөніндегі комиссариатының 1919 жылғы 17 маусымдағы №45 бұйрығымен Мәскеуге, Я.М.Свердлов атындағы Коммунистік университет жанынжағы үгітшілер мен насихатшылар курсына оқуға кеткенін білуге болады. Осында ол Н.К.Крупская, Инесса Арманд, Р.С. Землячка, Е.М.Ярославский, В.В.Куйбышев сияқты көрнекті партия қайраткерлерімен

танысқан. Сол кезден бастап, ол Н.К.Крупскаямен де үздіксіз хат жазысып отырғанын жазады жазушы.

Алма сонымен қатар, қазақ өнеріне, қазақтың өнерлі жастарына жасаған қамқорлығы туралы да білмейтініміз өкінішті! Өзінің тұла бойы тұнған өнер екені замандастарының естеліктерінде көп айтылыпты. Қазақтың музыкалық мұрасын жинастырып, жүйеге келтіруде өлшеусіз еңбек сіңірген музыкант-этнограф А.В. Затаевичтің одан халқымыздың он әнін жазып алып, «Қазақ халқының 1000 әні» атты атақты жинағына кіргізгені де шындық. Олар: «Жайық», «Қосай», «Танысу жыры», «Зинешім», «Саржан», «Төрт пішен», «Ғиндаш», «Айнамкөз» және «Қоштасу» әнінің екі түрлі нұсқасы. Алманың даусы мен орындаушылық шеберлігіне А.В.Затаевич былай деп баға берген екен: «Алма Оразбаева — жас халық мұғалімі, қазақ әйелін күндіктен азат ету жолында күресуші көрнекті қайраткер. Тамылжыған нәзік (сопрано) дауысы бар және әнді нақышына келтіріп, мейлінше әсем айтатын музыкаға аса қабілетті жан. Оразбаева менің жұмысыма барынша ықылас білдірген және маған өте құнды деректер берген бөкейлік бірінші қазақ қызы болды» (*«1000 песен казахского народа», Москва, Музгиз, 1963 г.*). Елдің қоғамдық, саяси-әлеуметтік өміріне қызу және батыл араласуы оны тек Қазақстаннан ғана емес, бүкіл Шығыс әйелдері арасынан шыққан аса ірі тұлғаға, Коммунистік әйелдер қозғалысы қайраткерлерінің біріне айналдырды. Оның атқарған қоғамдық жұмыстарына көз салар болсақ: КСРО Орталық Атқару Комитетінің, Бүкілодақтық Атқару Комитетінің мүшесі, РК(б)П Орталық Комитетінің жұмысшы және шаруа әйелдер арасындағы жұмыс жөніндегі комиссияның мүшесі,

Қазақ АССР Орталық Атқару Комитетінің мүшесі әрі оның Президиум мүшесі. РК(б)П XII съезінде партиялық және мемлекеттік құрылыстағы ұлттық кезеңдер туралы И. В. Сталин жасаған баяндама бойынша Алманың да жарыс сөзге шығып, батыл-батыл пікірлер айтқанын съездің стенографиялық есебінде басылған оның сөзінен көруге болады. Осыдан-ақ оның «қазағым» деп соққан жүрегі мен қайсар мінезі менмұңдалап тұрған жоқ па?

1924 жылы ол кеңес делегациясы құрамында коммунист әйелдердің Берлинде өткен III халықаралық конференциясына қатысып, герман және халықаралық жұмысшы қозғалысының қайраткері, Германия Коммунистік партиясының негізін қалаушылардың бірі Клара Цеткинмен жақын танысады. Талабымен тауды бұзып, тасты жарған қазақтың жалынды қызы Алма Оразбаеваны БК(б)П Орталық Комитеті Қазақстаннан шақыртып алып, Саратовқа жұмысқа жібереді. Ол мұнда Нижне-Вольск өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі және әйелдер бөлімінің меңгерушісі болып бекітіліп, әрі өлкелік колхоз одағы төрағасының орынбасарлығы міндетін қоса атқарады. Бұл оның қызмет баспалдағымен өрлеуінің шарықтау шегі екенін ол кезде ешкім білмеген еді. Саратовқа қызмет ауыстырғаннан кейін бір жылдан соң ол Коминтерннің тапсырмасымен Монғол Халық Республикасына ұзақ уақытқа іссапарға кетеді. Бұл кезде оның жұбайы Иван Дмитриевич Каширин де Саратовтағы өлкелік ОГПУ-дің бастығы боп қызмет жасайтын. Жол жүрерде Алма екі жасар Алмарев атты ұлына бас-көз болсын деп, Қанипа апасының Сақыпжамал есімді қызын үйіне әкеледі. Осы қадамының қателік екенін, өміріне де қатер боп төнетінін қайдан сезсін, ақжүрек жан! Иә, Каширин сатқын боп шықты. Алма іссапарға

аттанысымен жас қызды біресе қорқытып, біресе алдап жүріп дегеніне жетеді. Тіпті үйленіп те алады. Алма іссапардан оралғанда үлкен дау боларын сезген ол бәрін ойластырып қойғанға ұқсайды. Көрер жақсылығым алда деп сенген Алма ұзақ жолдан үйге оралғанда төбесіне жай түскендей болғаны анық. Әлбетте, үй ішінде айғай да шықты. Осыны пайдаланған Каширин Алманы «ақылы ауысты» деп ауруханаға салған. Аурухана дәрігерлері бірнеше рет «Науқасты үйге алу керек. Жағдайы жақсы» деп хабарласа да туғандары да, Каширин де оны маңдарына жуытпаған. Олар тек Алмаға тағайындалған жоғары мөлшердегі дербес зейнетақыға қызығып, бір-бірінің үстінен шағым жазумен болған.

Сөйтіп, Алма Оразбаева 1931 жылғы маусым айынан бастап, 1948 жылдың көктеміне дейін аурухана кереуетіне таңылып, дүниеден өткен. Оның сүйегінің Жамбыл облысы Луговой стансасы маңына жерленген болуы керек деп тұжырымдайды жазушы. Сатыбалды Даумовтың бұл кітабы қандай да болсын елімізден шыққан қайраткерлер мен тұлғаларды жоқтап, олардың есімін ұрпақ есіне оралтып отыруымыз қажет екенін ескертіп тұрғандай. Бүкіл Шығыс әйелдерінің көшбасшысы болған Алма өзінің отбасынан, сүйген адамынан опа таппай, қайдағы бір пасықтықтың, сатқындықтың құрбаны болды дегей ойды өзі жүрекке салмақ салатыны рас. Саяси санасы қалыптасып, қабілет-дарыны кемеліне келген шақта қазақтың қайсар қызының ғұмыры осылай аяқталды...Ол елі мен жұртының сауаты ашылып, жаңа өмірге ұмтылса деп арман етіп өткен жан...Сондықтан Алма халықпен бірге...

**Заря ЖҰМАНОВА,**  
*Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,*  
*жазушы*

## **МЕН ЖАС АҚЫН БОЛҒАН ЕМЕН БІР КҮНДЕ!..**

*«Шын талантты өлеңдер қаламға көп ілікпейді, көзге көп шалына бермейді. Оның есесіне ортақол өлеңдердің пысықай авторлары орынсыз әспеттеліп, орынсыз құрметке ие болып жатады.»*

**Темірхан Медетбек,**  
*«Қазақ әдебиеті» газеті,*  
**№41, 13.10.2006.**

*«Дүнияуи дәмі үзілгендер, әрине, енді Сізден, бізден ештеңе дәметпейді. Ал аруаққа адалдық, тындырған істерінің қадіріне жету парызы – бүгінгілерге бәрібір сын. »*

**З. Серікқалиұлы,**  
*«Алтын жамбы», 2001 ж.*

\*\*\*

Еркін, достым, айтқанымға күл, күлме,  
Мен жас ақын болған емен бір күн де!  
Білгің келсе,  
Қарсымын мен жіктеуге  
Ақындарды жасқа, сортқа, түр-түрге! –

деп қалам сілтеген ақын Сатыбалды Даумовтың алғашқы кітабы «Жалын-ғұмыр» жарық көргенде, танымал ақын ағамыз Мұзафар Әлімбаев: «Мектеп

жасына жеткенше балабақшаға бармай, байырғы замандардағыдай әжесі мен атасының бауырында барша бағалы тағылым алып, үйде өсіп-жетіліп, көшпен бірге бірінші класс табалдырығын аттайтын балдырғандар болады. Даумов атты дарынның әдебиет киелі босағаны аттауын мен соған ұқсатамын. Көп оқып, мол тоқып, азамат ретінде қалыптасып, шыңдалып, журналист ретінде республикалық қоғамдық-әдеби «Еңбек таңы» журналының (*әлеуметтік қамсыздандыру саласының журналы.*) ондаған жылдарғы редакторлығын абыройлы атқару арқылы ысылып барып, поэзия патшалығына тіркелудің айып-шамы қандай!» – деген екен.

Картаға түспеген бір аралдай,  
Көп іздедім өзімді өзім таба алмай,  
Жұмбақ күйде жатты жабық жан дүнием,  
Тас бекітіп тастаған бір қамалдай.

Құлыштаулы сейфімді ашар іштегі,  
Қарманғанмен кілт қолыма түспеді,  
Қамап қойып өз ішіме өзімді,  
Салды азапқа белгісіз бір күш мені.

Булығумен,  
Бармақты құр тістеумен  
Өтті жылдар жанға жара үстеген,  
Сөйтіп жүріп  
Оңаша өскен жемістей  
Көкірегімде көзден таса пісті өлең... –

деп жасандылықтан ада, боямасыз жан дүниесін жарқырата жайып салып, ПОЭЗИЯ атты киелі әлемнің табалдырығын, шынайы, табиғи таза жырлармен сенімді түрде аттаған ақын Сатыбалды Даумовтың өмірден өткеніне биыл – 10 жыл.

Ол 1934 жылы мамыр айында Қазақстанның батыс өңіріндегі бұрынғы Бөкей ордасы маңындағы Қоянды атты шағын ауылда өмірге келген. «Менің космодромым» атты өлеңінде ақын:

Кішкене ғана Қоянды –  
Кіндігі жердің мен үшін.  
Белбеулеп жерді орайды,  
Тартқан жол содан желісін.

Болса да қораш түрі оның,  
Артық ол маған Мысырдан.  
Сол менің космодромым  
Ұямнан мені ұшырған, –

деп елжірей еске алады. Ол өзінің ақындық жолы басталған сол шағын ауылын өз өлеңдеріне жиі арқау етеді.

Көңілімнің көнермеген архиві  
Көне күннен шертеді сыр әр қилы.  
Түседі еске алыс қалған балғын шақ,  
Түседі еске кішкене ауыл алты үйлі.

Көк шалғынға көміп қойып балағын,  
Тұрушы еді ол дiңгегiндеi даланың.  
Саясында жатып алып,  
Көркінен  
Көз ала алмай қаншама рет қарадым.

Сол биіктен елес беріп арманым,  
Келер күнге үмітімді жалғадым.  
Қанатына мініп алып қиялдың  
Қай қиырға самғап ұшып бармадым?! –

деп тебіренеді. Ол туған Қоянды ауылы әлемге әйгілі



ас тұзы алынатын Басқұншақ көлінің, Боғда тауының маңында еді.

Бурадай шөккен сорға жақын барып,  
Тау Боғда етегінде жатыр қалғып.  
Аспаннан тастаса күн көз қиығын,  
Күміс тұз жалт қарайды жарқыл қағып.

Сарғайған сан мүжіліп ауа, желмен,  
Аумайды жиектегі дала зерден,  
Көл жонын жұлып жеген көп комбайн  
Жатқандай қаспақ қырып қара жерден.

Үйілген аққаладай тұнық қардан,  
Тау-тау тұз жатыр дерсің шығып қайдан!..  
Басқұншақ – туған жердің бір байлығы  
БІрыс боп шарасында ұйып қалған! –

деп (Басқұншақ көлі) ақынның сөзбен салған жанды суретіне тамсанбау, тәнті болмау мүмкін емес. Алты-ақ үйлі ауылдан шықса да, биік арманға қол созған бала Сатыбалды төрт қыздың ортасындағы, құдайдан сұрап алған жалғыз ұл еді. Әкесі өмірден тым ерте кетіп, жетімдіктің кермек дәмін бала кезінен сезіп өскенімен, ол ешқашан жасқаншақ боп жасымаған жан. Ол өле-өлгенше:

«Тас төбемде – туған дала аспаны,  
Шығара алман төбеме одан басқаны!»,

немесе :

«Туған жерге табанын нық тіреген,  
Мен де өзімше бойлап өскен бір емен», –

деп («Үш тірек – үш тілек») ар-намысын жоғары

ұстап, кеудесін ешкімге бастырмай өтті. Қазақтың сәл анайылау естілетін «Болар бала боғынан» деген сөзі текке айтылмаса керек. Болашағынан үлкен үміт күттірген ұғымтал ұл қазақтың талай жақсы-жайсаңдары білім алған әйгілі Жәңгір мектебінде оқиды. Кейін тұрмыс жағдайына байланысты, білімін одан әрі қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Азғыр орта мектебінде жалғастырады. Бала кезінен төңірегіне ойлы көзбен қарап, бәрін жүрек сүзгісінен өткізгенін ақын Сатыбалдының ұзақ жылдар бойы есінен кетпей жүрген бір көріністі жырға қосудан-ақ айқын аңғаруға болады:

Ару қайың ақ балтырлы, ақ маңдай,  
Не жазды екен қарш-қарш балта шапқандай?!  
Қалтырадым, бұтақ емес, өзімнің  
Қол-аяғым бұтарланып жатқандай.

Алай-түлей дауыл ұйтқып ішімде,  
Жаттым сұлық ұқсап жансыз мүсінге.  
Кетсем керек бір сәт мызғыш...  
Жап-жасыл  
Ақ қайыңға айналыпшын түсімде...

Туған жерге тамыр тартып қайта нық,  
Түр екенмін жапырағым жайқалып,  
Кенет...шулап жан-жағымнан анталап,  
Келе жатты әлдекімдер балта алып.

Жоқ қашуға, тырп етуге дәрменім,  
Жан алқымнан сығымдап кеп алды өлім,  
Айғай салып жылап, шошып ояндым,  
Қалған кезде бітуге енді сәл демім...  
Жазатайым жазым болса бір шыбық,  
Жаным менің қалтырайды түршігіп.

Неткен сұмдық, өнің түгіл түсінде,  
Жай түскендей жайрап жатса тіршілік.

*«Ақ қайың туралы» баллада*

Асқақ армандарға қол созған, ақын жанды өрімдей жас Сатыбалды 1954 жылы Қазақ елінің маңдайындағы сол кездегі жалғыз университет – Қазақ Ұлттық Университетінің (қазіргі әл-Фараби атындағы) филология факультетіне түседі. Алайда бастапқы курста оқып жүрген кезінде жалғыз анасы көз жұмады. Ол қатар-құрбыларымен бірге студенттік өмірдің қызығына батып, сауық-сайран салмастан, ерте үйленіп, үш баласымен пәтерден-пәтерге көше жүріп, оқуын аяқтайды. Алғашқы еңбек жолы Алматыдағы «Қазақстанның ауылшаруашылығы» журналында басталған ол, сол журналда әдеби қызметкер, аударма бөлімінің меңгерушісі болып он жылдай істеген соң, республикалық зағиптар қоғамына қарасты «Еңбек таңы» журналында 1995 жылға дейін, 35 жылдай бас редактор болады. Бастапқыда көлемі шағын, екі тілде шыққан биттің қабығындай бюллетенді, көздері көрмесе де көңілдері тетік жандардың проблемаларын жазатын, жігерін жанып, еңбектерін дәріптейтін ерекше республикалық журналға айналдыру оңай шаруа емес.

Біреулер жүр бақыт санап байлығын,  
Сомға шағып, өмірдің де бар құнын,  
Мен де өзімді дәулетсізге қоса алман,  
Қосылмаса мейлі айлыққа айлығым.

Біреулер жүр бақыт санап үй-жайын,  
Бақ көмкерген жел жағы мен күн жағын,  
Ал мен үшін кең сарайдан кем емес,  
Өз пәтерім: бөлмелері бір жарым.

Өлшеп біреу жүр бақытын «Волгамен»  
Шайқалғанда зорға сыйып жолға кең,  
Жұмысымнан қайтам өзім жаяулап,  
Жұмыртқадай шайқатылып ойда өлең.

*«Бақыт туралы» баллада*

Оның журналда қызмет еткен жылдары жайлы Қазақ зағиптар қоғамының тарихи-мұражайының меңгерушісі болған Мәкен Әлиасқарұлы: «Көлемі азырақ бюллетенді кәдімгідей журнал дәрежесіне көтеруге күш-жігерін сарқа жұмсады. Сол кісінің қамқорлығы арқасында шикілі-пісілі бірдеңелерді жазсам деп талпынған бір топ зағип ұл-қыздарға ағалық пейілімен, ұлағатты ұстаздай ақыл-кеңесін беріп, ұсынған материалдарымыздың кем-кетігін ерінбей-жалықпай, өзі өндеп-жөндеп, өлең шумақтарын бастан-аяқ қайта қарап, журнал бетіне құлпырта шығаратын. Жарым жанымызды жасқап жамағандай-ақ, ұшыраса қалсақ, қай-қайсымызға да: «Ойың тәуір, тілің бар», – деген сияқты, қолтықтан демегендей жылы сөйлеп, «ана жазғаның әжептәуір екен» деп қолпаштап қоятыны бар еді. Жарықтық, туған әкеміздей-ақ әлпештейтін сол шәкірттерінің бірі – мен. Қалам ұстағанымыздың жіберген нәрселерін жаман екен деп кері жолдамай, қалайда жариялануына редакциядағыларды жұмылдырып отыратын-ды Қайран кемеңгер ағайымыз. Ой-парасаты биік, мінезі де байсалды, қашанда өз басынан қоғам мүддесін жоғары тұтатын заңғар азамат еді...», – деп сағына еске алады.

Ал ақын Сатыбалды өмірінің осы кезеңін жалғыз шумақ жырға сыйғызыпты:

Өмірдің бір беті – қыс, бір беті – жаз,  
Айтқандай бұл заманда кімге кім наз.

Соңында өте шықты-ау біздің жастық  
Кәсіптің бейнеті көп, құрметі аз...

Осыдан-ақ, оның әдебиет ауылына бет алған поэзияның салқар көшіне кештеу келіп қосылу себебін ұққандай боласыз. Өзінің төл құрдасы Қадыр Мырза Әлі сияқты қызметтен қол үзіп, бірыңғай өлең жазумен айналысса, Сатыбалды ақынның да шығармашылық тағдыры басқаша болар ма еді, кім білген?! Алайда, ол өзінің өткен өміріне өкінбейді:

Салауат дейік енді өткен күнге,  
Көрдiк бiз, не көрсек те көппен бiрге.  
Бiздiң де басып кеткен қалды iзiмiз  
Сарғайған газет-журнал беттерiнде, –

деп шүкіршілік қылып, кішілігін де кісілігін де көрсетеді.

Қадыр аға демекші, ойымызға Сатыбалды ақынның 60 жылдық мерейтойында айтқан оның мына бір сөздері еріксіз еске түседі: «Әр нәрсенің өз өлшемі болады. Мысалы, қашықтықты – шақырыммен, электр қуатын вольтпен өлшесе, ал адамгершіліктің эталоны деп пенделіктен жоғары, адамгершілігі мол абыз ақсақал Әбу Сәрсенбаевты айтар едім. Менің Сатыбалды құрдасым да тап сол Әбекең сияқты жаны таза, жүрегі кең, адал жан» *(Сол бейнетаспа Даумовтардың отбасылық мұрағатында сақтаулы тұр.)*

Мөлдір бұлақтай таза, түрен түспеген тың жер сияқты Сатыбалды ақынның алғашқы кітабы шыққан кезде жерден жеті қоян тапқандай қуанған тек ақын Мұзафар Әлімбаев қана еді. «Басылым тұрғысынан ғана келсек, бұл автордың тырнақалдысы. Оған қарап жас талапкердің біреуі екен ғой деменіз. Сатыбалды – әдеби басылымдардың біразында соңғы он-он бес

жыл межесінде төбе көрсетіп, көңіл, назар аудартып жүрген қаламгер,» – дей келіп, талантты ақынның өлеңдеріндегі тың теңеулер мен сәтті шумақтарға қызыға талдау жасаған Мұзағаң: «Бейне бір қарияның қызыл иегі». Осы бір теңеу неменге баланып отыр? Сіз не дер едіңіз? Рас-ау, көне неменеге ұқсайды? Сөйтсек, бұл жалаңаш құмдардың ұзын легіне ұқсайды екен. Атақты Нарын құмын, ежелгі өлке келбетін сомдауға талаптанған автордың кәдімгі бояумен салған суреті!» деп, талантты ақынның әр өлеңіне, әр шумағына, әр жолына, әр теңеуіне балаша қуанған үлкен жүректі жан: «Затты затқа ұқсатудың өзі заңғайырлардың да қиялына іліге бермейтін олжа екені аян, ал дерексіз ұғымды нақтылы, қолмен ұстауға, сылап-сипап сезінуге келетін затқа ұқсату ше?

Өткеніңе үңіл, мейлің үңілме,  
Қайта айналып оралмайды ол бүгінге.  
Өткен өмір  
Батып кеткен кемедей,  
Уақыт атты тұңғиықтың түбіне.

Тіршілікте тоссын қанша сый алдан,  
Бал дәуренін бөрібір кім қия алған?!  
Иірімге кетем қойып кейде мен,  
Скафандр жасап киіп қиялдан.

Мынау шумақтарды оқыған мықты ақындардың өздері де «ақ қызғанышпен» қарар-ақ!» – дейді ақ жарыла. Ақын Сатыбалдының мына бір өлеңі, сірә, Мұзағаның сол пікірінен соң жазылса керек:

Кеш тіксем де жыр жайлауға қосымды,  
Атым бірден жыр бәйгеге қосылды.  
Бірақ та бұл қуанышым кеш келген,  
Қуантпады менің кейбір досымды.

Бір саты енді өссе болды мерейім,  
Бір-бір достан салық төлеп келемін.  
Алғаш рет жоғалттым бір досымды,  
Алғаш рет мақталғанда өлеңім... –

деп төңірегінен көріп, көңіліне түйген ащы шын-дықты  
өлеңмен өрнектеген ол:

Қарап дәйім кешірімнің көзімен,  
Түрлі-түрлі мінездерге төзіп ем.  
Кешіре алмай кете барды бір досым,  
Шоқтығымның биіктігін өзінен.

...Жоғалтармын енді қанша досымды?  
Жүрек шіркін әлденеден шошиды.  
Шошытады жан дүниесі кей достың,  
Еске салып қаңыраған бос үйді.

Қарапайым тілмен (қарабайыр емес!), сондай шынайы жазылған ойлы өлең еріксіз ойлантады. Аяқ аттаған сайын пенделікпен, іштарлықпен, қызғанышпен бетпе бет кездесетін қаламгерлердің қай-қайсысына да таныс хал... Әдебиет атты қасиетті шаңырақтың киелі табалдырығынан сеніммен аттаған таланты ақынға лайықты ілтипат, ықылас білдірген тірі жан болсайшы!.. Мұзафар аға айтқан «ақ қызғаныш» емес, кәдімгі қызғаныштың қызыл мысығы талайлардың жан дүниесін дар-дар айырды ма, бәрі үнсіз қалды. Сол үнсіздік ұзаққа созылды. Тым-тым ұзаққа... «Жалын ғұмырдан» соң дүниеге келген «Тауқыметті тағдырға» да, «Атырау ақын-жазушылары кітапханасы» сериясымен жарық көрген оның «Сатыбалды» жыр кітабына да селт еткен сыншы болсайшы?!

Ол тек сыршыл сезімге бай жаны нәзік ақын ғана емес, сан қырлы талант иесі еді. Оның үлкен

жүректі публицист, білімі терең зерттеуші екендігіне республикалық баспасөз беттерінде жарық көрген зерттеу мақалалары дәлел. Қазақстан мен Орта Азия халықтарының ішінен шыққан алғашқы ревоюционер қыз Алма Оразбаеваның тауқыметті тағдырындағы көпшілік біле бермейтін күрделі де күрмеулі кезеңдерді шөмеледен ине іздегендей ерінбей-жалықпай зерттеуінің өзі оның табандылығы мен еңбекқорлығын көрсетеді.

Орыстың патшаларын дәріптегенімен, қазақтың хан, сұлтандарының бәрін халыққа жау қылып көрсеткен, кешегі Кеңестік кезеңде қызыл идеологтар Махамбеттің өлеңін көлденең тартып, халық үшін, ел үшін жасаған жақсылықтарын көпе-көрнеу көзге ілмеген Жәңгір хан есімін жаңғыртуға, оның игілікті істерін ақтауға үлкен үлес қосқан жандардың бірі - Сатыбалды Даумов еді. Бөкей ордасы, Жәңгір хан мен оның төңірегіндегі тарихи тұлғалар жайлы тың деректерге толы зерттеу мақалаларының басын қосқан «Сонау бір тұрған Нарында» кітабын қарапайым оқырман қолдан-қолға түсірмей, іздеп жүріп оқығанымен, сыншы, әдебиетші ағайындар оның ұлан-ғайыр еңбегіне лайықты баға берген жоқ. Тағы да мелшиген үнсіздіктің тас қабырғасына барып тірелді.

Сол ұзаққа созылған үнсіздік те, кеңестік кезең бұғауынан босап, тәуелсіздік алған жылдардағы түрлі «прихватизациялар» мен «оңтайландырулардан» соң, шаңырағы ортасына түскен шалғай ауылдардан қалаға келіп, пойыздарда ала қапшық арқалап, қара базарларда жүк арба итеріп жүрген қазақтардың ауыр тұрмысы да, еңестік әскерилер атом бомбалар сынағы өтетін ашық алаңға айналдырған кіндік кесіп кір жуған атамекенінің экологиялық жағдайы да жүрегі нәзік, сезімтал ақынға ауыр тисе керек. «Оңаша ойларында»:



Сыртым бүтін  
Ішім менің көк түтін.  
Жан дүниемде сау тамтық жер жоқ бүтін.  
Іштей жанар двигатель сияқты,  
Мен өзімді іштей мүжіп жеп біттім.

Сыртым күліп,  
Жылайды ішім зар илеп,  
Жүрегіме әжім түсті сан ирек.  
Тірі жанға тіс жара алмай,  
Ақ жуып,  
Мен сырымды көмдім ішке арулап.

Сыртым –көл де,  
Ішім – аптап шөл менің,  
Шөл қысқанда, іштім қосып шерге мұң,  
Өлгенде де керек емес көр маған,  
Мен өзімді өз ішіме жерледім... –

Ешбір ақын айтпаған, тұла бойды түршіктіретін теңеулерге толы осынау өлең – тілмен айтып жеткізгісіз ақын қасыретінің шырқау шыңы екен!.. «Өзін өз ішіне жерлеген» ақын 2004 жылы фәниден бақиға көшті.

«Енді оның екінші өмірі басталды, өлеңдері мәңгі өлмейді» десті Жазушылар Одағының ғимаратында өткен қаралы жиында бас қосқан әріптестері... Сатыбалды ақын өмірден өткен соң, Жазушылар одағының кең залында өткен еске алу кешінде оның шығармашылығы жайлы алғаш рет егжей-тегжейлі баяндаған белгілі ақын Сейфолла Оспан:

«Маған Сатыбалдының адуынды қарқынын Хамит Ерғалиев ағасы, ал даналық жағын Әбу (Әбу Сәрсенбаев) ағасы бәсеңдетіп ұстағандай болып көрінеді. Өйткені ол өзінің көзі тірісінде сол ағаларымен аралас-құралас сыйластықта жүргендігін

айнала ел жақсы білсе керек. Оның үстіне өмірдің ащы-тұщы жақтарына да әбден қанығып өскен жан сияқты. Онысын біз өзінің әрбір сөзді шашау жібермей, айтар ойын шашыратпай, жырларында болсын, зерттеу мақалаларында болсын өте ықшамды түрде жинақы әрі мазмұнды жазуынан аңғардық. Және өзінің бойға біткен талантын кеш сезінгенімен, соны нық сеніммен бастайтындығы бізді таңғалдырды», – деп ағынан жарыла ақтарылды.

Қолға қалам алмадым  
Шарқ ұрса да ой тынбай,  
Кенже қалдым алманың  
Кеш пісетін сортындай, –

деп өзінің психологиялық портретін дәлме-дәл сипаттаған ақын Сатыбалдының жыр шумақтарынан алма-кезек мысал келтіре отырып, баяндамашы: «... нық сеніммен жазылған жырлары, біздің қазіргі «мен мықтымын» деп жүрген ақындардың жырларынан еш кем түспейтіндігін» айтты.

Ол кеткенімен өмір өз ырғағынан жаңылған жоқ. Ескі үйлер бұзылып, жаңадан зәулім үйлер тұрғызылуда. Кей сәтте Сатыбалды ағамыздың мына бір жыр шумақтары көңілге оралады:

Үй орнын жаншып-таптап табанымен,  
Бульдозер қалш-қалш етіп алады дем.  
Таңырқап қарап қапты зәулім сарай,  
Жап-жарық жүз терезе жанарымен.

Оның саусақтан сорып, қинала құрастырған ешбір шумағы жоқ. Өлеңдері өмірдің өзінен ойып алынған. Ол өмірден өткелі он жыл өтсе де әлі күнге өзектілігін жойған жоқ. Жоймайды да. Сенбесеңіз, оның жырларын қайтадан оқып көріңізші:

Сенде тудым, қурап сенде сүйегім,  
Күлге айналып,  
Топырағыңа сіңемін.  
Өлгенде де  
Өз бойымдай бір құлаш  
Жатам қорғап Даламның бір сілемін!..–

Ол жатқан Көктөбедегі Кеңсай жаққа қараған сайын, Сатыбалды нағашымның өлгеніне көңілім сенбейді.

Жердің шарын көп доптың бірі деме,  
Ортақ тұғыр ол өлі-тіріге де.,  
Орбитада самғасын,  
Ракета емес,  
Тіршілікті тиеген Ұлы кеме!..–

деп, күллі тіршілікті тиеп алған Ұлы кемеріміз – жер шары аман болғай деп, тірілердің түгел тілеуін тілеп жатқан үлкен жарықты тамаша ақынды ұмытуға бола ма?

*Заря ЖҰМАНОВА,  
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
жазушы*

## **КЕНЖЕ ҚАЛДЫМ АЛМАНЫҢ КЕШ ПІСЕТІН СОРТЫНДАЙ...**

*деп өз тағдырын жалғыз ауыз сөзге сыйғызған  
ақын Сатыбалды Даумов жайлы бірер сөз*

Студент кезімізде Жазушылар одағы орналасқан еңселі ғимаратты қасиетті храмдай көретінбіз. Алыс ауылдардан келіп, Алматыда оқып жүрген бізге ондағы ақын-жазушылардың бәрі жақын туысымыздай көзге ыстық, көңілге жақын еді... Өйткені сол жылдары таралымы — елу-алпыс мыңнан кем емес, әрі Қазақстанның түкпір-түкпіріне түгел жететін әдеби кітаптарын тек әдебиетші, тілші, мұғалімдер ғана емес, көзі ашық, көкірегі ояу, сауатты жанның бәрі қолдан-қолға түсірмей, кезектесе оқитын ақын-жазушылардың бәрі шеттерінен танымал болатын. Ал, бүгін, соның бәрі әжелеріміз айтпақшы, «бәлду-бәлду бәрі өтірік» сияқты...

Қазір беттің арын белбеуге түйіп, тамыр-таныс жағалап, қалтасы қалыңдардың табалдырығын тоздыра жүріп, ішпей-жемей, өліп-тіріліп шығарған бірер кітабы жер түбіндегі шалғай ауыл түгілі, жақын-жуық, туыс-туғаны, құда-жекжат, көрші-көлем, жолдас-жорасына да тегіс жетпейтін кейінгі қаламгерлерді бұл күнде біреу білсе, біреу білмейді.

Көзі тірісінде оқырмандардан да, сыншылардан да бірауыз пікір ести алмаған кейбір қаламгерлердің талантты дүниелері жайлы, өздері өмірден өткесін, не қаралы митингі үстінде, не еске алу кештерінде еститін болдық... «Пышағының сабы алтын екенін», жоғалтқасын ғана аңғарып, өкіне бармақ тістейтін бізден басқа халық бар ма екен, сірә, бұл жалғанда?!.

Қазіргі әдеби сынның жай-күйі жайлы, таяуда «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы, Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының иегері Қали Сәрсенбаймен сұхбаттастым. Парасатпайымы мол, санасы сергек, ұлтжанды азаматтың: «Қазіргі сыншылар ақын-жазушылардың шығармашылығына емес, шаруашылығына қарай сын-пікір жазатын болды», — дегені көпке дейін көңілімнен кетпеді.

Шынында да, кімнің тарысы піссе, соның тауығы боп жүрген, өзінің бас пайдасына ғана мықты сыншылар төңірегімізде толып жүрген жоқ па?! Болмаса, сынды өздері ұнатпайтын жандардан өш алудың құралына айналдырып, жуан білек біреулердің қолшоқпары болып жүрген «ұрдажық» - сыншылар бары да ақиқат... Ет бұзылмау үшін — тұз, ал сөз бұзылмау үшін сын керек екені елдің бәріне белгілі. Келер ұрпақтар қолына ұлттық әдебиетімізді тас-түйін табыстау үшін, алдымен, бар-жоғымызды түгендеп, жақсы-жаманымызды екшеп, етек-жеңімізді жинақтап, маржанымыз бен арзанымыздың ара-жігін ашып беретін, «туғаны жоқ, иманы бар» тура билердің сөзін айтатын, әділ де қатал сын керек.

Қазақстан Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, белгілі ақын Темірхан Медетбектің «Қазақ әдебиеті» газетінен (№41, 13.10.2006) «...кейінгі кезде шын талантты өлеңдер сұрқай, ортақол

өлеңдердің лайлы тасқынының астында қалып бара жатыр. Шын талантты өлеңдер қаламға көп ілікпейді, көзге көп шалына бермейді. Оның есесіне ортақол өлеңдердің пысықай авторлары орынсыз әспеттеліп, орынсыз құрметке ие болып жатады,» - деген пікірі менің де ойларымның үстінен дөп түсті.

\*\*\*

Картаға түспеген бір аралдай,  
Көп іздедім өзімді өзім таба алмай,  
Жұмбақ күйде жатты жабық жан дүнием,  
Тас бекітіп тастаған бір қамалдай.

Құлыптаулы сейфімді ашар іштегі,  
Қарманғанмен кілт қолыма түспеді,  
Қамап қойып өз ішіме өзімді,  
Салды азапқа белгісіз бір күш мені.

Булығымен,  
Бармақты құр тістеумен  
Өтті жылдар жанға жара үстеген,  
Сөйтіп жүріп  
Оңаша өскен жемістей  
Көкірегімде көзден таса пісті өлең... –

деп жасандылықтан ада, боямасыз жан дүниесін жарқырата жайып салып, ПОЭЗИЯ атты киелі әлемнің табалдырығын, шынайы, табиғи таза жырлармен сенімді түрде аттаған ақын кім өзі? Жас ақын ба? Жоқ әлде... Зейнет демалысына шыққасын, шөпті де, шөңгені де өлеңге айналдырып, редакциялар есігін тоздырып жүрген көп қарияға ұқсамайды...

Еркің, достым, айтқанымға күл, күлме,  
Мен жас ақын болған емен бір күн де!

Білгің келсе,  
Қарсымын мен жіктеуге  
Ақындарды жасқа, сортқа, түр-түрге!–

деп қалам сілтеген ақынның қажыр-қайратын осынау шымыр шумақтарынан аңғаруға болады.

Оның алғашқы кітабы «Жалын-ғұмыр» жарық көргенде ағалық ақ тілегін білдірген танымал ақын ағамыз Мұзафар Әлімбаев: «Мектеп жасына жеткенше балабақшаға бармай, байырғы замандардағыдай әжесі мен атасының бауырында барша бағалы тағылым алып, үйде өсіп-жетіліп, көшпен бірге бірінші класс табалдырығын аттайтын балдырғандар болады. Даумов атты дарынның әдебиет киелі босағаны аттауын мен соған ұқсатамын. Көп оқып, мол тоқып, азамат ретінде қалыптасып, шыңдалып, журналист ретінде республикалық қоғамдық-әдеби «Еңбек таңы» журналының (әлеуметтік қамсыздандыру саласының журналы. Ескертпе – автордікі.) ондаған жылдарғы редакторлығын абыройлы атқару арқылы ысылып барып, поэзия патшалығына тіркелудің айып-шамы қандай!» – деген екен.

Сатыбалды Даумов 1934 жылы мамыр айында Қазақстанның батыс өңіріндегі бұрынғы Бөкей ордасы маңындағы Қоянды атты шағын ауылда дәулетті отбасында өмірге келген екен. Төрт қыздың ортасындағы жалғыз ұлдарын ата-анасы қазақтың талай жақсы-жайсаңдары білім алған әйгілі Жәңгір мектебіне береді. 1953 жылы орталау білімін одан әрі қазіргі Атырау облысының Құрманғазы ауданындағы Азғыр орта мектебінде жалғастырады. 1959 жылы Қазақ елінің маңдайындағы сол кездегі жалғыз университет – қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің филология факультетіне түседі.

Алғашқы еңбек жолы Алматыдағы «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналында басталған ол, сол журналда әдеби қызметкер, аударма бөлімінің меңгерушісі болып он жылдай істеген соң, республикалық зағиптар қоғамына қарасты «Еңбек таңы» журналында 1995 жылға дейін бас редактор болады. Бастапқыда көлемі шағын, екі тілде шығатын бюллетенді, көздері көрмесе де көңілдері тетік ерен еңбек ететіндерді дәріптейтін, олардың проблемаларын жазатын республикалық журналға айналдыру оңай шаруа емес.

Оның сол кездегі қызметі жайлы Қазақ зағиптар қоғамының тарихи-мұражайының меңгерушісі Мәкен Әлиасқарұлы: «Көлемі азырақ бюллетенді кәдімгідей журнал дәрежесіне көтеруге күш-жігерін сарқа жұмсады. Сол кісінің қамқорлығы арқасында шикілі-пісілі бірдеңелерді жазсам деп талпынған бір топ зағип ұл-қыздарға ағалық пейілімен, ұлағатты ұстаздай ақыл-кеңесін беріп, ұсынған материалдарымыздың кем-кетігін ерінбей-жалықпай, өзі өңдеп-жөндеп, өлең шумақтарын бастан-аяқ қайта қарап, журнал бетіне құлпырта шығаратын. Жарым жанымызды жасқап жамағандай-ақ, ұшыраса қалсақ, қай-қайсымызға да: «Ойың тәуір, тілің бар», — деген сияқты, қолтықтан демегендей жылы сөйлеп, «ана жазғаның әжептәуір екен» деп қолпаштап қоятыны бар еді. Жарықтық, туған әкеміздей-ақ әлпештейтін сол шәкірттерінің бірі — мен. Қалам ұстағанымыздың жіберген нәрселерін жаман екен деп кері жолдамай, қалайда жариялануына редакциядағыларды жұмылдырып отыратын-ды Қайран кемеңгер ағайымыз. Ой-парасаты биік, мінезі де байсалды, қашанда өз басынан қоғам



мүддесін жоғары тұтатын заңғар азамат еді... Сол еңбегін бағалаған Үкімет «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» деген құрметті атақ берді», – деп сағына еске алады.

Алақын Сатыбалды өмірінің осы кезеңін жалғыз шумақ жырға сиғызыпты:

Өмірдің бір беті – қыс, бір беті – жаз,  
Айтқандай бұл заманда кімге кім наз.  
Соңында өте шықты-ау біздің жастық  
Кәсіптің бейнеті көп, құрметі аз...

Осыдан-ақ, оның әдебиет ауылына бет алған поэзияның салқар көшіне кештеу келіп қосылу себебін ұққаңдай боласыз. Өзінің төл құрдасы ақын Қадыр Мырза Әли сияқты қызметтен қол үзіп, ақын Сатыбалды да бірыңғай өзінің шығармашылығымен айналысса, ақындық тағдыры басқаша болар ма еді, кім білген?! Алайда, ол өткен өміріне өкінбейді:

Салауат дейік енді өткен күнге,  
Көрдік біз, не көрсек те көппен бірге.  
Біздің де басып кеткен қалды ізіміз  
Сарғайған газет-журнал беттерінде, –

деп шүкіршілік қылады.

Өмірде біреу – дария, біреу – жылға,  
Келді кез уақытты арнар түгел жырға, –

деп кішілігін де кісілігін де көрсетеді. Мәлдір бұлақтай таза, түрен түспеген тың жер сияқты Сатыбалды ақынның алғашқы кітабы шыққан кезде жерден жеті қоян тапқандай қуанған ақын Мұзафар Әлімбаев: «Басылым тұрғысынан

ғана келсек, бұл автордың тырнақалдысы. Оған қарап жас талапкердің біреуі екен ғой деменіз. Сатыбалды — әдеби басылымдардың біразында соңғы он-он бес жыл межесінде төбе көрсетіп, көңіл, назар аудартып жүрген қаламгер» - дей келіп, талантты ақынның өлеңдеріндегі тың теңеулер мен сәтті шумақтарға қызыға талдау жасаған Мұзағаң: «Бейне бір қарияның қызыл иегі. Осы бір теңеу неменге баланып отыр? Сіз не дер едіңіз? Рас-ау, кәне неменеге ұқсайды? Сөйтсек, бұл жалаңаш құмдардың ұзын легіне ұқсайды екен. Атақты Нарын құмын, ежелгі өлке келбетін сомдауға талаптанған автордың кәдімгі бояумен салған суреті!» деп, талантты ақынның әр өлеңіне, әр шумағына, әр жолына, әр теңеуіне балаша қуанған үлкен жүректі жан: «Затты затқа ұқсатудың өзі заңғайырлардың да қиялына іліге бермейтін олжа екені аян, ал дерексіз ұғымды нақтылы, қолмен ұстауға, сылап-сипап сезінуге келетін затқа ұқсату ше?

Өткеніңе үңіл, мейлің үңілме,  
Қайта айналып оралмайды ол бүгінге.  
Өткен өмір  
Батып кеткен кемедей,  
Уақыт аттың тұңғиықтың түбіне.

Тіршілікте тоссын қанша сый алдан,  
Бал дәуренін бөрібір кім қия алған?!  
Иірімге кетем қойып кетем кейде мен  
Скафандр жасап киіп қиялдан.

Мынау шумақтарды оқыған мықты ақындардың өздері де «ақ қызғанышпен» қарар-ақ!» — дейді ақ жарыла.

Ақын Сатыбалдының мына бір өлеңі, сірә,  
Мұзағаның сол пікірінен соң жазылса керек:

Кеш тіксем де жыр жайлауға қосымды,  
Атым бірден жыр бәйгеге қосылды.  
Бірақта бұл қуанышым кеш келген,  
Қуантпады менің кейбір досымды.

Бір саты енді өссе болды мерейім,  
Бір-бір достан салық төлеп келемін.  
Алғаш рет жоғалттым бір досымды,  
Алғаш рет мақталғанда өлеңім... –

деп төңірегінен көріп, көңіліне түйген ащы  
шындықты өлеңмен өрнектеген ол:

Қарап дәйім кешірімнің көзімен,  
Түрлі-түрлі мінездерге төзіп ем.  
Кешіре алмай кете барды бір досым,  
Шоқтығымның биіктігін өзінен.

...Жоғалтармын енді қанша досымды?  
Жүрек шіркін әлденеден шошиды.  
Шошытады жан дүниесі кей достың,  
Еске салып қаңыраған бос үйді.

Қарапайым тілмен (қарабайыр емес!), сондай  
шынайы жазылған ойлы өлең еріксіз ойлантады.  
Аяқ аттаған сайын пенделікпен, іштарлықпен,  
қызғанышпен бетпе бет кездесетін қаламгерлердің  
қай-қайсысына да таныс хал... Әдебиет атты  
қасиетті шаңырақтың киелі табалдырығынан  
сеніммен аттаған таланты ақынға лайықты ілтипат,  
ықылас білдірген тірі жан болсайшы!.. Мұзафар аға  
айтқан «ақ қызғаныш» емес, кәдімгі қызғаныштың

қызыл мысығы талайлардың жан-дүниесін дар-дар айырды ма, бәрі үнсіз қалды. Сол үнсіздік ұзаққа созылды. Тым-тым ұзаққа...

««Жалын ғұмырдан» соң дүниеге келген «Тауқыметті тағдырға» да, «Атырау ақын-жазушылары кітапханасы» сериясымен жарық көрген оның «Сатыбалды» жыр кітабына да селт еткен сыншы болсайшы?! Бөкей ордасы, Жәңгір хан мен оның төңірегіндегі тарихи тұлғалар жайлы тың деректерге толы зерттеу мақалаларының басын қосқан «Сонау бір тұрған Нарында» кітабын қарапайым оқырман қолдан-қолға түсірмей, іздеп жүріп оқығанымен сыншы, әдебиетші ағайындар оның ұлан-ғайыр еңбегіне лайықты баға берген жоқ. Тағы да мелшиген үнсіздіктің тас қабырғасына барып тірелді.

Сол ұзаққа созылған үнсіздік те, кеңестік кезең бұғауынан босап, тәуелсіздік алған жылдардағы түрлі «прихватизациялар» мен «оңтайландырулардан» соң, шаңырағы ортасына түскен шалғай ауылдардан қалаға келіп, пойыздарда ала қапшық арқалап, қара базарларда жүк арба итеріп жүрген қазақтардың ауыр тұрмысы да, кеңестік әскерилер атом бомбалар сынағы өтетін ашық алаңға айналдырған кіндік кесіп кір жуған атамекенінің экологиялық жағдайы да жүрегі нәзік, сезімтал ақынға ауыр тиді. «Оңаша ойларында»:

Сыртым бүтін  
Ішім менің көк түтін.  
Жан дүниемде сау тамтық жер жоқ бүтін.  
Іштей жанар двигатель сияқты,  
Мен өзімді іштей мүжіп жеп біттім.

Сыртым күліп,  
Жылайды ішім зар илеп,  
Жүрегіме әжім түсті сан ирек.  
Тірі жанға тіс жара алмай,  
Ақ жуып,  
Мен сырымды көмдім ішке арулап.

Сыртым көл де,  
Ішім – аптап шөл менің,  
Шөл қысқанда, іштім қосып шерге мұң,  
Өлгенде де керек емес көр маған,  
Мен өзімді өз ішіме жерледім, –

дейді жарық күнде жарқ еткен найзағай құсап. Ешбір ақын айтпаған, тұла бойды түршіктіретін теңеулерге толы осынау өлең – тілмен айтып жеткізгісіз ақын қасыретінің шырқау шыңы!.. «Өзін өз ішіне жерлеген» ақын 2005 жылы фәниден бақиға көшті. «Енді оның екінші өмірі басталды, өлеңдері мәңгі өлмейді» десті Жазушылар Одағының ғимаратында өткен қаралы жиында бас қосқан әріптестері...

Оның өлеңдері жайлы да жұртшылық оң лебізді алғаш рет Жазушылар одағының кең залында өткен еске алу кешінде естіді: «Маған Сатыбалдының адуынды қарқынын Хамит Ерғалиев ағасы, ал даналық жағын Әбу (Әбу Сәрсенбаев) ағасы бәсеңдетіп ұстағандай болып көрінеді. Өйткені ол өзінің көзі тірісінде сол ағаларымен аралас-құралас сыйластықта жүргендігін айнала ел жақсы білсе керек. Оның үстіне өмірдің ащы-тұщы жақтарына да әбден қанығып өскен жан сияқты. Онысын біз өзінің әрбір сөзді шашау жібермей, айтар ойын шашыратпай, жырларында болсын, зерттеу мақалаларында болсын өте ықшамды түрде жинақы әрі мазмұнды жазуынан аңғардық. Және өзінің

бойға біткен талантын кеш сезінгенімен, соны нық сеніммен бастайтындығы бізді таңқалдырды» деді оның шығармашылығы жайлы егжей-тегжейлі баяндаған белгілі ақын Сейфолла Оспан.

Қолға қалам алмадым  
Шарқ ұрса да ой тынбай,  
Кенже қалдым алманың  
Кеш пісетін сортындай.

Ұзап шағым көк өрім,  
Асықтырды күз келіп,  
Ақ қағазға төнемін,  
Түн ұйқымды жүз бөліп.

Кезем ойдың көшесін,  
Тынши алмай жай тауып.  
Бедеу жылдар есесін,  
Кім бере алар қайтарып?! –

деп толғанған ақын Сатыбалдының жыр шумақтарынан алма-кезек мысал келтіре отырып, баяндамашы: «нық сеніммен жазылған жырлары, біздің қазіргі «мен мықтымын» деп жүрген ақындардың жырларынан еш кем түспейтіндігін» айтты...

***Бұл мақала «Қазақ әдебиеті»  
газетінде жарияланды.***

**Өсербай ҚАРАСАЕВ,  
жерлес інісі**

Ақын Сатыбалды Даумов – Сүйіндікке көрші орналасқан, кейінірек совхоз іріленгенде бір шаруашылыққа енген Лабай ауыл кеңесінің Қоянды деген жерінде 1934 жылдың 15 қаңтарында дүниеге келген. Туған жерін жанындай жақсы көрген ақын. «Қояндыда кіндігім кесілді, алғаш қаз басқанда төсіне ізім түсті. Ол мені қанаттандырып, қияға ұшырды... Қоянды – менің космодромым» – дейді де өлеңмен:

...Болса да қораш түрі оның,  
Артық ол маған Мысырдан.  
Сол менің космодромым  
Ұямнан мені ұшырған, –

деп түйіндейді.

Сатыбалды 1953 жылы Азғыр орта мектебін, 1959 жылы ҚазМУ-ды тәмамдады. Еңбек жолын «Қазақстанның ауыл шаруашылығы» журналынан бастады. Бұл жұмысты он жыл атқарғаннан кейін «Еңбек таңы» журналына бас редактор болып тағайындалды. Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Сатыбалдының «Жалын ғұмыр», «Қазына» атты кітаптары оқушыларының жүректеріне жол тапты.

«Салауат дейін енді өткен күндерге,  
Көрдік біз не көрсек те көппен бірге.  
Біздің де басып кеткен қалды ізіміз  
Сарғайған газет-журнал беттерінде», –

деп айтқандай әдебиет аясында, ел өмірінде өшпестей із қалдырған жерлес ағамызды мақтан тұтамыз. Сатыбалдымен оның университетте оқыған, ертерек жанұялы болып Алматының «Тастағында» тұрған кездерінен бері сиректеу болса да дәмдес бола жүріп, оның аса білікті, жоғары мәдениетті, жан дүниесі кіршіксіз таза азамат екенін көріп қызығатынбыз. Ағамыздың жүріс-тұрысына, адамгершілігі мен талантына бас иген біздер үшін ол тектілік пен бекзаттықтың белгісіндей көрінетін.



*Г.Мырзағалиева,  
Бөкей ордасы тарихи-музей  
кешенінің қызметкері*

## **ӨЗ СӘТСІЗДІГІНЕ ӨЗІ ҚУАНҒАН АҚЫН**

Еркің, достым, айтқаныма күл, күлме,  
Мен жас ақын болған емес бір күнде!  
Білгің келсе,  
Қарсымын мен жіктеуге  
Ақындарды, жасқа, сортқа, түр-түрге, –

деп, жақсы өлеңді жаны қалап, жүрегі лүпілдей оқитын, пендешіліктен таза, өнердің шыңы — поэзия әлеміне шынайы жырларымен жарқырай кірген ақын Сатыбалды Даумов еді.

Қазақстанның қиыр шетіндегі Бөкей ордасының «Қоянды» елді мекенінде 1934 жылдың мамыр айында шыр етіп дүниеге келген, төрт қыздың ортасындағы жалғыз ұлды ата-анасының Сатыбалды атауы да тегін болмаса керек.

Ол білім нәрімен М.Бабажанов, А.Тайманов, Ф.Мұхамедқалиев сынды талай тарландар мен ғұлама-жайсаңдар оқыған Жәңгір мектебінде сусындады. Оның әдебиетке деген құштарлығы осы мектеп қабырғасында оянды. Өз күнделігінде: «Мен әдебиетке ерте құмарттым. Өзім туып-өскен ауылдағы жетіжылдық мектептің кітапханасы мен ауылдық кеңес жанындағы (Лабай ауылдық кеңесі) кітапханадағы қазақша кітаптарды түгел оқып шықтым десем, шындықтың ауылынан

онша алыс кете қоймаспын. Шамасы, бұл кітапханалардың қоры онша бай болмаса керек, бірақ сол азын-аулақ кітаптардың өзі менің әдебиетке деген құштарлығымның оянуына әбден жеткілікті болды. Көзім ұйқыға кеткенге дейін майшамның жарығымен кітап оқитынмын. Кейін сегізінші, тоғызыншы кластарда Ғұмарбай Зарипов деген ғұлама ұстаздың алдын көріп, өзім де сол кісідей әдебиет пәнінің мұғалімі болсам-ау деп армандадым», — деп жазады. («Қазақ әдебиеті» №13, 30.03.2007ж). Ғұмар Зарипов саналы ғұмырын шәкірт тәрбиелеуге арнаған ұстаз, өлкеміздің тарихы туралы деректер жинап, насихаттаушы, жарыққа шығарушы, «Халық ағарту ісінің озаты», еңбегі үшін «Құрмет Белгісі», Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен марапатталған.

Жәңгір мектебінен орталау білім алып, отбасы жағдайына байланысты оқуын одан әрі Азғыр орта мектебінде жалғастырады. Мектепті тәмамдаған әр түлектің арманы алыстарға қанат қағып, жоғары білім алу емес пе?! Сатыбалды да бала күннен бергі ақ қанат арманы — әдебиетші болсам деген оймен Орал педагогикалық институтына жол тартады. Осы бір кезеңдері туралы ақын ағамыз былайша еске алады: «...Адамның өз сәтсіздігіне өзі қуанатын кезі бола ма? Меніңше, болады. Мен өзімнің он жылдықтан кейін Орал пединститутына түсе алмай қалғанымға әлі күнге дейін қуанамын.

...Онжылдықтан кейін Орал пединститутына келсем, қазақ тілі мен әдебиеті факультеті жабылып қалыпты. Тәуекел деп, қазақ мектептеріне орыс тілі мен әдебиетінен мұғалым даярлайтын факультетке құжат тапсырдым. Ауылда туып-өскен, өмірі орыс көрмеген, мектеп-те орыс тілінің өзін «қазақша оқыған» адамның орысшасы белгілі ғой. Сол жалғау,

жұрнақтан жұрдай орысшаммен емтихандардан құламай өткеніме әлі таңым бар. Бірақ, емтиханнан өткенмен, конкурстан өте алмадым.

...Енді ойлап отырсам, сонда жолым болып, оқуға ілігіп кеткенде, менің өмір жолым басқаша қалыптасқан болар еді».

Ақынның алғашқы жыр жинағы 1990 жылы «Жалын-ғұмыр» деген атпен басылып шықты. Жинақтағы алғашқы шығарма Кеңес Одағының Батыры Темір Масинге арналған. Даңқты жерлесіміздің Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт өмірде екінші мәрте от кешкені әсерлі баяндалған, поэманы оқи отырып, ақынның сөз өнерінің киесін қадірлейтін кемеңгер сөз зергері екенін сезінесің.

Ақын туралы белгілі қаламгер Мұзафар Әлімбаев: «...Сатыбалды аз жазған жоқ, алайда, асылын талдап-таңдап қана жариялайтын. Бізді сонысымен ырзалайтын. Сатыбалды көп оқитын, білімдар азамат еді. Батыс, Шығыс поэзиясын, туған әдебиетті, тарихты тәптіштеп білгендіктен, оның ауызша әңгімесі тағылымды да тартымды болатын» – дептолғанажазды. Ол әдебиет әлемінің патшасы – поэзияға кештеу келгенімен, өзгелерге ұқсамайтын теңеулерімен, пендешіліктен ада шынайы жазылған ой-толғамдарымен ерекшеленеді.

Ол тек поэзияда ғана емес, проза да табысқа жеткен қаламгер. Оның туып-өскен Нарын өлкесі мен бөкейліктен шыққан танымал тұлғалар туралы эссе, зерттеу очерктері бір төбе. Әсіресе, Бөкей Ордасы, ұлы реформатор хан Жәңгір туралы «Сонау бір тұған Нарында» және алмағайып тағдыр иесі, қазақтан шыққан тұңғыш коммунист Алма Оразбаева туралы «Тауқыметті тағдыр» кітаптары зерттеушілер үшін де, оқырман үшін де таптырмайтын тың деректерге толы дүниелер.

Құт қоныс елге аямай барын берген,  
Қараймын осы ма деп Нарын деген.  
Сап-сары алтын артқан сан мың нарға  
Секілді ол ұбақ-шұбақ қалың керуен, –

деп, туған жерге деген сағынышын өлеңмен өрген ақын ағамыз Нарынын бір сәтте те есінен шығармаған.

Ақынын Нарыны да естен шығарған емес, Бөкей ордасы тарихи-музей кешенінің құрамындағы тарих музейінің жерлес ақындарға арналған бөлімінде С.Даумовтың фотосуреті мен алғашқы жыр жинағы қойылған. Кешен қызметкерлері ақынның шығармаларымен таныстыру, насихаттау мақсатында көрмелер мен әдеби кештер, т.б. шаралар ұйымдастырып отырады.

Қолға қалам алмадым,  
Шарқ ұрса да ой тынбай.  
Кенже қалдым алманың,  
Кеш пісетін сортындай, –

деп ақын өзі жырлағандай, поэзияға кейін келсе де, қайталанбас жырларымен із қалдырған Сатыбалды Даумов Нарынның нар ұлы.

*2016 жыл.*

*ҚОЖАНОВА Шолтан Бауыржанқызы,  
Бөкей ордасы тарихи-музей  
кешенінің қызметкері*

## **ЖЫРАҚТА ЖҮРСЕ ДЕ ЕЛІН, ЖЕРІН ЖЫРҒА ҚОСҚАН АҚЫН**

Елімізге белгілі ақын, жазушы-өлкетанушы, зерттеуші, аудармашы Сатыбалды Даумовтың бөкейліктер үшінде орны ерекше. Жәңгір мектебінің түлегі, есімі республикамызға танылған ұлағатты ұстаз Ғұмар Зариповтың шәкірті. Бөкей ордасы тарихи-музейлік кешені қызметкерлері ақынның мұрасын сақтап, келер ұрпаққа мақтанышпен айтып, дәріптеуде. Кешеннің «Бөкей ордасы тарихы музейі» экспозициясында фотосуреті мен «Жалын-ғұмыр» кітабы бар. Ал өзге кітаптары, фотосуреттері, мақалалары, құттықтаулары және қазақ радиосының алтын қорында сақталған өз даусымен жазылған өлеңдері музей қорында сақталулы. Бұл экспонаттар ақынның мерейтойына орай көрмеге шығарылып, кешен қызметкері Г.Мырзағалиева өткізген «Кеш тіксем де жыр-жайлауға қосымды» атты әдеби кешінде пайдаланылды. С.Даумовтың зерттеу жұмыстарын ғылыми қызметкерлер ізденіс жұмыстарында көрсетуде.

Ақын ағамыздың кешен қорындағы материалдарына тоқтала кетсем, алғаш тырнақалды еңбегі 1990 жылы шыққан «Жалын ғұмыр» деген кітабын ағамыз сол жылы кешен директоры марқұм Т.Махимовқа: «Өзінің елі мен жерінің арғы-бергі тарихына ай

көзімен үңіліп, тынбай ізденіс үстінде жүрген зерделі азамат Темірболат Махымұлына ағалық ақ тілекпен. 20 қараша 1990 жыл» деп жазып, жіберген екен. Бұл оның туған өлке тарихына ерекше сезіммен қарайтындығын көрсетсе керек.

Даумов ақындық өнерімен қатар зерттеу ісін де бірге алып жүрген жан. Қаламын қалай сермесе де әр жинағы алдымен туған өлкесінен басталған. Жырақта жүрсе де туған жерінің тарихын қозғап, басты оқиғалардың бетін ашып, қай істі де бүге-шегесіне дейін жеткізіп, ара жігін айырып, белгілі тарихи тұлғаларды зерттеп, елге келген зерттеушілердің еңбегін жарыққа шығарып отырған. Айта кететін болсақ Жәңгір ханның саясатын, сол кездегі елдің ахуалын және ханның отбасы жөнінде толғаса, әкелі-балалы Бабажановтар, Ғ.Жәңгіров, Е.Бұйрин, Ғ.Зариповтардың өміріне қатысты еңбектері аса ыждағаттылықпен зерделеніп жазылған.

Әр жылдары шыққан жинағы өзіндік бір мәнімен, сөйлете білген деректерімен құнды. Өзінің еңбегін бірнеше мәрте ой елегінен өткізіп, талдап, таразылап барып жариялаған. Осындай тағылымды да тартымды «Жалын ғұмыр», «Сатыбалды», «Сонау бір тұрған Нарында...», Аудармалар жинағы, «Сатыбалды Даумов» (*Толық шығармалар жинағы*) 1–2 том, «Тауқыметті тағдыр» кітаптары музей қорындағы құнды жәдігерлердің бірі.

Сонымен бірге С.Даумовтың жеке архивінен әр жылдары газет, журнал бетіне шыққан мақалалары мен өлеңдері, мүшелік билеттері, Құрмет грамоталары, «Еңбек таңы» – «Заря труда» журналының редакторында, Қазақстан жазушылар одағының, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мәдениет қызметкері атағын алғандығы жөніндегі куәліктердің көшірмесі, С.Даумовқа Орал қаласынан көше берілгендігі

жөніндегі қаулысы, көптеген фотолары, Мұзафар Әлімбаевтың акынның 60 жылдығына арналған өлең жолдары, құттықтаулар және әріптестерінің еске алып жазған естеліктері музей қорымызда сақтаулы.

Жерлесіміздің еліне қызмет жасап, адалдықты ту етіп, туған жерінің тарихын танытудағы еңбегі біз үшін қашанда мақтаныш.

*2016 жыл.*

*Дүйсенбек ҚАНАТБАЕВ,  
ақын*

## **САТЫБАЛДЫ ДАУМОВТЫҢ «КҮЗ» АТТЫ ЖИНАҒЫНЫҢ ҚОЛЖАЗБАСЫНА**

### **П І К І Р**

Сатыбалды Даумовтың творчествосымен бұрыннан таныс едім деп айта алмаймын. Рас, соңғы бірер жылдың көлемінде ара-тұра мерзімді баспасөз бетінен өлеңдерін көріп, оқығаным бар. Бірақ дәл осы жолғыдай шұқшия танысқаным жоқ еді... «Тентектен тез хабар» демекші, қолжазба мені қуантты. Баспада біраз жыл істеген редактор ретінде де, соңғы жылдары «қол бос» кездерде рецензент ретінде де талай қолжазбаларды көзден де, көңілден де өткіздік қой. Бегенгенімізден ренжігеніміз көп болғанын несіне жасырамыз...

Қолжазбаның көркемдік сапасы да, идеялық мазмұны да оқушысын қанағаттандырады. Автордың өзіндік қолтаңбасы, тақырып аясы, көркемдік құралы, шеберлік нышаны бар. Автордың өмірден түйгені бар, өзіндік ой-жүйесі бар. Авторлық кредосы, ақындық позициясы айқын. Осы айтқанымды дәлелдеу үшін не істеуім керек? Әрине, бұрынғы өткен дуалы ауыз сыншылардың айтып кеткендерін сәл де болса еске алған жөн болар. Олардың көбі бір-ақ пікірді алға тартады. Әдебиеттің алдында екі жол бар: дәл



мағынасындағы сөз өнері және беллетристика. Орыс сыны үшін сонау Иван Киреевскийден бастап, осылай болу — әдеби баға берудің таразысы, безбені секілді боп келген. Белинский мен Добролюбов еңбектерінде де солай. Жазушының шығармасын талдарда сыншы алдына бір-ақ мақсат қойған, бір-ақ мәселені анықтауға талпынған — алдындағы суреткер ме, жоқ беллетрист пе? Өзінің берер бағасын соған қарап тұжырымдаған. Осы реттен келгенде, мендағы, өз шама-шарқыма, қолжазбаны сол жолмен бағаламақ болдым. Менің ойымша С.Даумов жәй «Ұйқастырғыш» емес, суреткер. Әрине, оның жазғандарының бәрі кем-кетіктен ада, төрт аяғын тең басып тұрған кінәратсыз дүниелер деуден аулақпын. Айтпағым — автордың ақын екендігі, қолжазбада шын мәніндегі поэзиялық туындылардың бар екендігі. Қарапайым ғана бір өлеңін мысалға келтірейін. Бастан өткен, өтіп жатқан өмір жайлы талай өлеңдер жазылған, С.Даумов та жазыпты.

Өткен өмір  
Батып кеткен кемедей  
Уақыт атты тұңғиықтың түбіне, —

деп алғашқы шумақты ой қазығына күрмеп байлайды да, әрі қарай желі тартады.

Тіршілікте тоссын қанша сый алдан,  
Бал дәуренін бәрібір кім қия алған.  
Иірімге кетем қойып кейде мен  
Скафандр жасап киіп қиялдан.  
Сүңгуірдей шарлап жүріп тереңді,  
Табам іздеп батып жатқан кемемді.

Балғын шақпен кездесемін бетпе-бет,  
Белгісіз бір шаттық билеп денемді.

Уақыт-тұңғиықтың түбіне батып кеткен кеме  
— образды ақын нысанаға алды, оған біздің де  
назарымызды аударды, енді оны іздеп тапты, яғни  
балалық шағымен қауышты.

Бесігімді анам тербеп шайқаған,  
Нәрестеге айналамын қайтадан.  
Сезіп сонда шын бақыттың не екенін,  
Рақатыңа батып жаным жай табам.  
Пенделіктің болып бір сәт бәрі ұмыт,  
Жатам үнсіз ой толқынын жамылып...  
Содан кейін қайта малтып шығамын  
Тазарғандай бар күнәмнан арылып.

Өлеңнің ассоциативтік әсері бар. Онда адам  
жанының күрделі қозғалысы бар, образдық  
линиялар тартылған. Эмоциялық күші бар.  
Уақыт — тұңғиық, өмір — кеме, ой — толқын,  
пәктік-пендешілік... Осылардың бәрі оқушыны  
жайбарақат қалдыруға тиіс емес. Қашан да адам  
жанын тазартатын католлизатор — адамның өзіне-  
өзі үңілуі, өзіне-өзі есеп беруі. «Қайта құруды әркім  
өзінен бастауы керек» дейтініміз де сондықтан  
болар... Осы өлеңге қарап-ақ ақынның мүмкіндігі  
жайлы, жинақталған тәжірибесі жайлы бекем  
сөйлеуге болатын секілді.

Қолжазбаның бірінші бөлімі поэмалар. Біреуі  
— Советтер Одағының батыры Темір Масиннің  
бейбіт күндегі ерлігі жайлы, екіншісі — қазақтың  
революционер қызы Алма Оразбаеваның күрделі  
тағдыры жайлы. Екеуі де кең құлашты, эпикалық  
ауқымдағы дүниелер. Шабытпен, ширақ жазылған.

Халықта жігер басым, мүмкіндік аз,  
Болса ғой техника, шіркін, біраз!  
Қысқа жіп күрмеуіне келмегесін,  
Малшыны ақпан түгіл сілкиді жаз.

Көріп отырғанымыздай, ақынның тынысы кең, тілі бай. Сәтті оралымдар, пәрменді пайымдаулар жасап, өлеңнің экспрессивтік қасиетін арттыра түседі. Мен екі поэманы да қызыға оқып шықтым. Оны тәптіштеп айтып жатудың қажеті жоқ шығар. Екеуінің де, тақырыбынан-ақ белгілі, саяси платформасы бекем, тәрбиелік мәні зор. Кейбір байқаған кемістердің тұсына қара қарындашпен дағлап қана белгі соғып отырдым. Олардың көбі — ұйқасқа, ырғаққа байланысты ескертпелер. Автор оларды қабыл алса, оңай-ақ жөнделер еді...

Екінші бөлім — өлеңдер. Бұл бөлімнің де тақырыптық аясы кең, бүгінгі күн мәселелеріне, бейбітшілікке, достыққа, жалпы адамгершілік қасиеттерге арналған тәуір өлеңдер аз емес. Жақсы ешқайда қашпас, мен одан аңғарған кейбір «өттеген-айларға» тоқтала кетейін,

1. «Волга» деген тым-тәуір өлеңішінде кездесетін «Каспийге қаншама рет құсты ол лоқсып» деген жолды өзгерткен абзал. Өзіміз де «лоқсып» жіберерміз.

2. Осы өлеңнің концовкасын қайта қараған жөн. Ұйқас жағынан.

Бақи жас, көпті көрген дана әрі  
Волга әсте ай-жылыңды санамайды.

Осы екі жолма поэтикалық қуат аз. Ұйқасы да осал.

3. «Қыран қала» атты өлең онша тебірентпейді. Техникасы мықты болғанмен, тым жадағайлау.

4. «Қырық бестің көктемi» біршама тәуір өлең, айтары бар.

Қуаныштан жарылардай жүрегі  
Көрдiм сонда ән салғанын Мұңның да!

Тауып айтылған. Үлкен қуаныштың алдында жеке бастың мұңы ұмытылады ғой. Бірақ осы өлеңдегі кейбір стильдік орашолақтықты жою керек. Мәселен:

Жанарсыз жан сырынайын құлаштап,  
Бастағанда әсем сазды бір асқақ,  
Шықты ортаға балақ-жеңі салбырап  
Қос мүгедек, бірі – шолақ, бірі – ақсақ.

Осы шумақтың алғашқы екі жолын қайта қарау керек.

Біріншіден «сырынай» емес, сырнай... Екіншіден «Бастаған да әсем сазды бір асқақ» – осы ситуацияға тым жылтыр. «Әсем сазды бір асқақ» деген болмайды, реализмге жақындату керек. Мәселен, автор «Суретші» деген бір өлеңінде драмалық ситуациядан соған қарай қорытынды жасай білген. Соғыстан кейін, бірнеше жылдан кейін минаға жарылып, бір қолынан айрылған бала туралы:

Қара бала кетік тіс, сыңар қолды,  
Шарқ ұрды іздеп түйықтан шығар жолды, –

дейді. Сол бала ақыры арманына жетіп суретші болады. Автордың да айтар ойы орнықты:

Түсіре алған қағазға жан дірілін  
Өнерінің шырағы жанды бүгін –

Шығармады сыңар қол уысынан  
Қос тізгінін қатыгез тағдырының...

5. «Күмбез көтерген әйел» деген өлеңнің аяқталуындағы «модель» деген ұғымды қазақшалап болмас па?

Көтеріп әйел барады  
Моделін жердің кішкене.

«Мүсінін», «нұсқасын», тағы да немене, әйтеуір бір қазақи сөз тапса...

6. Қысқасын айтқанда — менің аңғарғаным осы тектес кемшіліктер; жөндеуге әбден болатын, жинақтың жалпы болмысына пәлендей кедергі көрсете қоймайтын, редактор мен автордың шүйіркелескен қимылынан қалмайтын кемшіліктер. Оның бәрін жіпке тізіп айтып жатудың қажеті жоқ деп таптым.

7. Тағы да бір ескертпем, жинақтың беташар өлеңі. Эпиграфы жөнінде. Хамаңның екі жолы:

... Көркем сөздің көрмесіне, көп болса,  
Біздің дастан бір парағын кеш ілді.

Кімге қалай көрінерін білмеймін, маған дәл осы көлбең ете қалған ой қылаңы сәл де болса оғаштау көрінді. Автордың әдебиетке кешірек араласқанын айтуға, әрине, қақысы бар. Дегенмен... Оны автордың өзі де кейінгі өлеңдерінде сып-сыпайы, әрі дәл жеткізген.

Абайша бастағандар көп болғанмен,  
Бола алған қайсысы бар Абай бірақ?!

Мәселе осында ғой. Түпкі нәтижеде ғой. Оны автор жақсы түсінеді.

Атым мейлі жыр бәйгеде озбасын,  
Өлең үшін озу емес, тозбау сын.  
Сіңіп кетпей қиқулаған көп үнге,  
Жетіп жатыр тұрса естіліп өз даусым!

Осындай ізгі ниет, ықыласты еңбек қана ақын даусын дараламақ. Бұл қолжазба кітап боп шықса — оқушы қауымға тартылған жақсы бір сыйлық болар еді.

Мен соған тілектеспін.

## МЕНИҢ БАЛА КҮНГІ ДОСЫМ САТЫБАЛДЫ (САРЫ БАЛА) ХАҚЫНДА

Ұмытпасам, өткен ғасырдың 1942–1943 оқу жылының күзі (*қыркүйек айы*) болса керек, мен екінші класта оқитын Қоянды жетіжылдық мектебінің бірінші класына өзіміздей бір топ жаңа қара домалақ балалар келіпті. Біз мектепке жеті-сегіз шақырым жердегі Қырыққұдық ауылынан қатынап оқитын болсақ, жаңадан келген балалар жергілікті, яғни сол Қоянды ауылындағы құмның арғы бетінен (*мектепке 2–3 шақырым*) келген Қуйбышев атындағы колхоз балалары екен. Біз болсақ, «Новая жизнь» атты колхозданбыз. (*бірде-бір орыс болмаса да сол жерде аттары орысша төрт колхоз 1960 жылдарға дейін болған.*) Сабақтар арасындағы үзілістерде балалар жаңадан танысып, таныстар кездесіп, күресіп жатады. Қуйбышектен келген балалардың ішінде бойы да, өңі де басқалардан өзгеше, бойшаңдау бір сары бара болды. Сол ауылдан келіп өзіммен бірге оқитын (*5–7-ші болар*) Уәзипа, Нәзипа апайлардың інісі, біздің әкелеріміз біліп айтып отыратын марқұм Дәуімнің баласы екен, аты Сатыбалды.

Қуйбышев колхозында белгілі, беделді (*мүмкін дәулетті*) ағайынды Дәуім, Жұматтар болған. Дәуімнің үлкен ұлы Бисекен соғыстан келіп қайтыс болған, Сатыбалды сол кісінің төрт қызының ішіндегі жалғыз ұлы екен. Мектепте оқу үрдісі жалғасып жатыр, көп ұзамай белгілі болды, әлгі сары бала

үйдегі апаларынан сабақ алып, «бәрін біліп» келген мен сияқты «қу» екен. Алғашқы тоқсандардан бастап мектепте аты шыға бастады. Кейін танысып, болашақ достығымыз, сыйластығымыз сол кезден басталған болатын. Әрине, ауылымыз, оқитын класымыз бөлек болғандықтан, екеуміз жасымыздың үнемі бірге жүріп өскен жоқпыз.

Екеуміздің бірге тоғысқан жеріміз 1949-1950 жылдары Орда орта мектебінде тоғызыншы класс оқып жүргенде Сатыбалды сегізінші класқа оқуға келгенде болды. Оқуы, тәртібі жақсы және әдемі жазатын сары бала мен шығарысатын қабырға газетіне шақырылмай ма! Кейін көп жылдардан соң ол белгілі газет, журнал редакторы болғанда, мен сол мектепті есіне салып, «бала, сенің алғашқы редакторың мен едім ғой» деп қалжыңдап жүретін болдым. Әрине, достарымыз біледі, кімнің кімге редактор екенін, күлісеміз. Ол да мен сияқты қалжың, қағытпа сөздерді жақсы көретін.

Менің мамандығым басқа бола тұра азды-кем әдебиеттен хабарым бар екеніне, кейде өзімен айтысып қалатыныма ол риза болатын сияқты еді. Жас күнімізде кімнің-кім болатынын ешкім білмейді ғой. Бірақ Сатыбалдының ақын, көркем сөз шебері болуына өскен орта, әсіресе Орда орта мектебінде әдебиет пәнінен сабақ берген атақты ғұлама ұстаз Ғұмар Зарипов ағамыз себепші болғаны анық. Ол кісіден сабақ алып, әрі жақсы оқыған бала әдебиетке жақын болмауы мүмкін емес еді.

Сатыбалдының жан-жақты қаламгер, ақын, шебер журналист болғанын мен 1970 жылдары Алматыға біржола көшіп келгесін білдім және сол жылдардан өмірінің соңына дейін байланысымыз үзілген емес, күнде болмаса да жұма сайын, ай сайын хабарласып, кездесіп жүрдік. Ол менің мүлдем басқа саладағы (*геология*) жетістіктеріме, мен оның әдебиет, тарих,



өлкетанудағы білімдарлығына риза болып (*бала күнінен белгілі едің* ғой дегендей) жүруші еді. Солай болуға тиісті сияқты. Сатыбалдының кітаптары шыққанша мерзімді басылымдарда жарық көрген өлең, мақалаларын қиып алып жинаған бірнеше папкілер, кейін кітап болып шықса да үйде әлі де сақтаулы.

Қазір орны да жоқ, тіпті ешкім де білмейтін Қоянды ауыл мектебінен шыққан алғашқы да соңғы ақын осы біздің Сатыбалды болды. Ол Қояндыны «Менің космодромым» деген өлеңіне арқау еткен.

Ол Бөкей Ордасы тарихын, хан Жәңгір, Исатай-Махамбет көтерілісін көп зерттеген азамат. Қазіргі ғылыми дәрежеге шаққанда оның ауқымды зерттеулері бір емес бірнеше ғылыми атаққа, диссертация қорғауға тұратын еңбек екені даусыз. Басында шығармашылыққа ара-тұра (*негізі жұмысын істей жүріп*) кірісіп, дендеп, кейін зейнетке шыққанан соң жазғанының өзінде ол татымды өлең жинақтар қалдырды. Соған қарап, егер журналистиканы қойып, басынан бастап біржола шығармашылыққа бет бұрғанда ол екінші Қадір, Жұбан болмас па еді деп ойлайсың. Дегенмен оларды бір-бірімен салыстырмай, әрқайсысының қазақ тарихында, әдебиетінде өзіндік орны бар екенін ескеруіміз керек.

Сөз саптаудың шебері ол, қалжыңын араластырып отырып көптеген жолдас-жораларының (*оның ішінде ақын-жазушы ағаларының да*) қонақ, мерейтой кештерін басқарып отыратын. 2003 жылы желтоқсанда 1-2 жыл бұрын жол апатына түсіп, жасының да келіп қалғанына қарамастан менің 70 жылдық кешімді өзі бастап өткізгені досымның соңғы жазылып қалған түсірілімі болыпты, келесі жылдың сәуірінде ол бақилыққа аттанды. Одан екі жыл бұрын, яғни 2001 жылдың қыркүйегінде өзінің бір кітабына маған былай деп қолтаңба қалдырған болатын.

«Айеке!

Баяғыда «Жас патриоттар» атты беделді басылымның бас редакторы болып «дүрілдеп» тұрған шағында мені жұмысқа алып, жазу-сызуға «баулып» едің. Осы кітапты сол «еңбегіңнің» өтеуі, яғни маған жасаған «қамқорлығыңның» зая кетпегендігінің белгісі деп қабыл алғайсың!

Және де:

Қояндының құмына аунап бірге өстік,  
Жастық шақтың хан базарын бір кештік.  
Бұл фәниден бақилыққа көшкенде,  
Өзімізбен бірге кетсін бұл достық!

**Өзіңнің «Сары балаң»,  
14 қыркүйек, 2001 жыл».**

Мен, әрине, оған «ақылың бар екен, ұмытпапсың» деп рақметімді айта отырып, тек анау «тырнақшаға алғаныңмен «келіспейтінімді» телефонмен айтып, «айтысып», ол ана жақтан ішек-сілесі қатып күлетін, қайда сол күлкің?..

Аруағыңнан айналайын, Сары бала, сен жүрек талмасының не екенін білмей жол жүріп, қалаға жете алмай үзілмегенде, аман жүріп бүгін 80-ге келіп, мен саған аға болып, сонау 70 жыл бұрынғы Қояндығымызды, онда қазір біреуі де қалмаған өрімдей өркендердің аттарын атап еске алып, олардың ішінде кімнің қалай күресіп, кімнің атқа шабудың шебері болғанын айтып Құран оқытып, Жаратқанға ризашылығымызды айтып отырар едік... Амал не, қазір оны білетін осы жақта менен басқа біреу бар ма екен?.. Әмір, Әбіл қайдасыңдар? Қояндыны Сатыбалдыны еске алайық!

**26 ақпан, 2014 жыл.**

**Менгер ШАЙТОВ,**  
**Қазақстан зағиптар қоғамының**  
**Құрметті мүшесі, «Ерен еңбегі үшін» және**  
**«Қазақстанға – 10 жыл» медальдарының иегері**

## **АБЗАЛ АҒА, ҮЗЕҢГІ ЖОЛДАС**

1974 жылы Орал балық комбинатында партия ұйымының жетекшісі болып жүрген жерімнен Қазақстан зағиптар (*соқырлар*) қоғамының облыстық бөлімшесін басқаруға жіберді. Мекеменің қордаланып қалған өндірістік-шаруашылық проблемаларына білек сыбанып кірістім де кеттім. Көп ұзамай астанамыз Алматыға республикалық деңгейдегі жиналысқа да жол түсті. Жиналыс бітісімен сырттан келген жаңа басшы ретінде Қоғамның орталық басқару органдары жұмысымен және Алматыда орналасқан өндірістік мекемелердің жай-күйімен таныстым. Танысу барысында зағиптардың әлеуметтік мұң-мұқтажын жоқтайтын ведомстволық «Еңбек таңы» журналының редакциясында болдым. Журнал редакторы, маған бір көргеннен өз жұмысына шын берілген, сөзіне — берік, ісіне — адал адам сияқты көрінді, өзін — Сатыбалды Даумовпын деп таныстырды.

Ол тек мерзімді баспасөз жұмысымен шектелмей, зағиптар үшін аса қажетті арнайы кітапхана қызметі туралы да біраз егжей-тегжейлі мағлұмат берді. Толқындаған қара шашын қайта-қайта шалқасынан қайырып тастап беріле сөйлегені сондай, осы істердің шын жанашыры екені анық байқалып тұрды. Ресми кездесулер біткесін,

Сатыбалды ретін тауып мені оңашалап алып шықты. «Елден екенсің, жерлес екенсің, жаңа жұмысқа келіп жатыр екенсің, ел дегенде елеңдеп тұрамыз» деп, біраз жанашырлық ақыл-кеңесін айтты. Жақын таныса келе білдім: тұлғасы тіптік, бойы менен едәуір биік Сатыбалды, сыртынан салиқалы көрінгенмен, жас жөнінен өзім құралпы, бар болғаны бір-ақ жыл ғана үлкеңдігі бар болып шықты. Бірақ оның сол жолғы айтқандары бұл салаға келіп жұмыс бастап жатқан мен үшін шынында да соншалықты құнды болғанын, мен тек жылдар өткеннен кейін ғана түсіндім. «Менгер, сен өндірістен келдің, шаруашылық тәжірибеңе шүбә келтірмеймін, бізде де өндіріс бар, дегенмен «айттым — бітті, кестім — үзілді» деген принциптен сақ бол, зағиптар тек тәні ғана жаралы емес, жаны да жаралы жандар ғой» — деді. «Сондықтан басшы ретінде «жеті рет өлшеп, бір рет кескен» абзал, ұжыммен ақылдасып, ардагерлердің, әсіресе Қоғамның со кездегі негізін қалайтын соғыс ардагерлерінің көзқарасын *(ол тұста Ұлы Отан соғысына қатысқандар зағиптар қоғамның басым бөлігін құрайтын)* біліп барып, өз ойыңды әуелі соларға құптатып барып, шешім қабылдағаның дұрыс» — дегенді.

Өнер мәдениетінің қаймағы болған Алматының торқалы топырағы бұйыруы — біз, оны білетіндер үшін абырой, ал жүріп өткен жолы — артында қалған кейінгі ұрпақ үшін үлгі-өнеге екені айдан анық.

**Қасен ТОҚШАНОВ,**  
**Қазақ соқырлар қоғамының «Құрметті мүшесі»**

## АСЫЛ ТҰЛҒА

*(қайта келмес күндер-ай)*

Ұлы данышпан аталарымыздан айтылмаған сөз, қозғалмаған ой қалмаған ғой. Сонын бірі «Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік» – деген ұғым-пікір бар.

Жан-жағымызды барлап, төңірегімізді түгендеп көз жетер жердегіні бағдарлап қарасақ, тоқсанға бет бұрған шағымда, бірталай өмір жолын артқа тастаппын. Алланың өлшеп берген тіршілігін кешіп бұйырған дәмін татып, өмірдің қызығына бөлендім деп ойлаймын. Осы өмірде талай адамдармен дәмдес, қызметтес, айрылмастай достас болдым. Солардың біразы бұл өмірден өтіп, бақилық болды. Талай қимас адамдардан айрылып, жылдар өткен сайын қатарымыз сиреп барады. Бір кезде, өмірдің қызығына тоймай, ойнап-күліп жүрген құрбылар мен қатарластарымыздың елестері ғана қалды. Өтіп жатқан жылдар жоғынды іздетін, жоғалтқаныңды сағындырады екен.

Сол жоғалтқандарымның бірі – Сатыбалды Даумов. «Өмір – өтіп жатқан күндер емес, есте қалған күндер», – дегендей Сатыбалдымен бірге өткізген күндеріміз аз болған жоқ.

1973 жылы мен Соқырлар қоғамының орталық басқармасының председателі, абзал азамат Сакең Өтегеновтың шақыруымен қоғам басқармасының аппаратына қызметке орналастым. Осы жылы Орталық басқарманың Президиумының отырысында мен Сатыбылдыны алғаш рет көрдім. Қонымды жинақы

киінген, сымбатты денелі, аққұба жылы жүзді азамат президиум мүшесі екен. Атқаратын қызметі ҚСҚ орталық басқармасының журналы «Еңбек таңының» бас редакторы.

Қоғам мүшелерінің арасында тәлім-тәрбие, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізуде журнал ерекше орын алатын. Оның бетінде қоғамның тіршілігі, оқу-өндірістік мекемелердің табыстары, кездесетін қиыншылықтар, бірінші-екінші топтағы соқыр азаматтардық мұң-мұқтажы, еңбек жолындағы, спорт, мәдениет саласындағы жетістіктері кең көрсетілетін. Мүгедектердің санаторий, демалыс үйлерінде демалу, шетелдерге туристік саяхат және отанымыздық ішінде әр қалаларға экскурсия жұмыстарын ұйымдаструға көп көңіл бөлетін.

«Өмір ұзақтығымен өлшенбейді мазмұнымен өлшінеді», – депті бір ғұлама. Тіршілігінде парасатты мазмұнды өмір сүріп, жора-жолдастарымен құрбы-құрдастарының сый-құрметіне бөленді. Сатыбалды уақыттың бағасын, өмірдің құндылығын білетін азамат еді. Ол сүйікті жары Асылғаныммен қосылып үлгілі отбасын құрып, балалы-шағалы болды, немерелер сүйді. Ұрпақтары өмірде өздерінің орнын таба білді. Сакең отанына елу жылдай адалда абыройлы қызмет етті, елінің, халқының қалаулысы, өскен, жүрген ортасының сыйлысы, құрметтісі болды. Артында қалған балалары, немерелері ұялмай мақтанатындай өнегелі өмір кетті.

Қысқаша айтқанда, Сатыбалды сегіз қырлы, бір сырлы азамат болатын. Қазақтың тарихын, ақын-билердің және көрнекті жазушылардың туындыларын үзбей оқып қана қоймай, жиылған жерде әңгімелеп айтып, жұрттың көңілін көтеріп тастайтын. Өзі кішіпейіл, менмендігі жоқ, баппен сөйлейтін, байсалды мінезді қарапайым көрінетін. Ал қызмет бабында қоғам мүшелері білімділігі, адалдығы, шыншылдығы үшін жоғары бағалайтын.

*Сапарғали ЖОЛМАҒАНБЕТОВ,  
бірінші топтағы көз мүгедегі,  
Ақтөбе қаласы*

## **КӨҢІЛДЕН КЕТПЕС АЗАМАТ**

Мен Сатыбалды туралы естелік жазуды өзіме парыз санаймын. Себебі, ол өзінің саналы ғұмырында өмірдегі барлық құбылыстарға сергек қарайтын, қоғамдық өмірге барынша ықпал етуге, адамдарға айналасына жақсылық жасауға жаны күштар, ізгі жүректі азамат болды. Мен оның көптеген бастамалары мен қамқорлықтарына куә болған адаммын. Ол бірнеше жыл бойы «Еңбек таңы» — «Заря труда» журналында бас редактор болып қызмет атқарды. Редакция құрамына ылғи бір қаламдары жүйрік, шығармашылық қабілеттері жоғары, білікті журналистерді топтастырып, жанары нұрсыз зағип жандардың мұң-мұқтаждарын баспасөз беттерінде батыл көтеріп, біз сияқтылардың жоғын жоқтаушы және қамқоршысы болды деп есептеймін.

Мен Сатыбалды Даумовпен 1986 жылдары журнал редакциясында таныстым. Ол бірден Ақтөбелік зағиптардың хал-ахуалы, тұрмыс жағдайлары туралы сұрап, жатсынбай әңгімеге тартты. Ара-тұра сұрақтар беріп, менің айтқандарымды зейін қоя тыңдады. Осы кездесуден кейін-ақ, арамызда жәй таныстық емес, достық қарым-қатынастың басталғанына қуанышты едім. Оның жазған материалдарындағы тың ойлар, батыл

ұсыныстар біз сияқты мүгедек адамдардың жігерін қайрап, өмірге құштарлығымызды арттыра түсетін.

Біз өзіміздің оқу-өндірістік цехымызда «Еңбек таңының» мақалаларын талқылап, жиі әңгімедүкен құратынбыз. Біздің әріптестер оны көрмесе де, шығармалары арқылы бәрі танитын. Ол кездегі үрдіс солай ма, әлде редактордың тәртібі ме, журналистероблыстырға іс-сапарларға жиі шығып мақалалар жазып жариялайтын. Сол арқылы біз өзге облыстығы тағдырластарымыздың тыныс-тіршілігімен ылғи хабардар болып жүретінбіз. Мұның бәрі бізге Сатыбалдының ұйымдастырушылық, бастамашылдығы екендігін сезініп жүретінбіз. Бір кездескенде ол маған мақала жазуымды, жазумен тұрақты айналысуыма кеңес берді. Мен келісім бере қоймадым. Жастай жазып қалыптаспаған адамның бір күнде қалам ұстай қоюы оңай емес екендігін түсінетін едім. Алайда, ойлана келе Сатыбалдының азаматтық көңілін қалдырмайын деген оймен қинала жүріп, «Ұмытылмас жылдар» атты көлемді мақала жазып, редактор атына салып жібердім. Ол мақаланы алғаннан кейін «Еңбек таңына» басып шығарды.

Осылайша біздің сыйластық достығымыз одан әрі нығая түсті. Мен оның өлеңдерін баспасөзден көретінмін. Шынымды айтсам, өзім орысша оқып, тәрбиеленгендіктен, пәлендей мән бермейтінмін. Сауаты мол адам, қолынан келіп тұрғасын жазатын шығар деп ойлаушы едім. Бір-бірімізге сыйластығымыз қалыптасқаннан кейін, оның қолтаңбасы қалыптасқан талантты ақын екеніне көзім жетті. Өлеңдерін ықыласпен оқып жүрдім.

Талай бір жиындарда, бас қосуларда зағип жандардың мүдделеріне батыл қорғап сөйлеген жігерлі сөздері әлікүнге дейін есімде. Әсіресе, оқу-



өндірістік кәсіпорындардың жағдайларын жақсарту туралы ұсыныстары ылғи біздің ойымызды тап басатын.

Мен Сатыбалдының осы бір ізгі қасиеттеріне қарап көшбасшы азамат деп танушы едім. Оның достыққа адал, іске өте жауапты, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге эталондық үлгі сияқты болатын.

«Сатыбалды Даумов өмірден өтті» деген қаралы хабарды естігенде тек мен ғана емес, бүкіл ақтөбелік тағдырластар қатты қайғырдық. Бірнеше күн бойы елсіз далада сұраусыз, жоқтаушысыз қалғандай сүреңсіз күндерді бастан кешірдік. Тағдырға не шара бар?. Сатыбалдысы жоқ өмірге де көндіктік.

Мен білетін, ел білетін Сатыбалды Даумов өмірден кетсе де көңілден кететін азамат емес. Оның есімі, шығармалары туған елінің қашанда есінде сақталмақ.

*Өтеғали ШЕДЕНОВ,  
экономика ғылымдарының докторы,  
профессор, академик*

## **АҚЖАРҚЫН ЖАЙСАҢ АҒАМЫЗ ЕДІ**

Сатыбалды Даумов – қазақтың абзал азаматы, белгілі ақыны, танымал журналисі еді. Қазақ білімінің кара шаңырағы С.М.Киров атындағы Мемлекеттік университетінің филология факультетіне оқуға келіп түскен. Университетті өте жақсы бітірген соң, Алматыда жұмысқа орналасады. Бұл Сәкеңнің қажырлығы мен қайраттылығы, еңбекқорлығы, қойған мақсатына жету үшін аямай жұмсаған күш-жігерінің арқасы.

Көп кешікпей менде елден Алматыға келіп, осы университеттің экономика факультетіне оқуға түстім. Сол кезден бастап бір-бірімізбен араласып, ағалы-інілі болып кеттік. Бұндай жақындасуымызға да жағдай жасаған, біздерді Азғыр орта мектебінде неміс тілінен сабақ берген Мұрсалимов Әулеш ағай болатын. Ол Сәкеңнің бірге туған Назипа деген апасының жолдасы болатын. Әулеш ағай көп жылдар бойына ауылда төраға, совхозда партком жұмысшылар комитетінің төрағасы, тағы басқа айтулы жұмыстар атқарды. Өзі өте тілге шебер, ақкөңіл, бауырмал азамат еді.

Ол кезде астана Алматы қаласында, жеке отбасын құрып өмір сүрудің өзі өте ауыр болатын. Үй жалдайсың, оның өзі қымбат және таба алмайсың оңайшылықпен, тамақ түрлері де аз және оны алатын қалтаңда жұқа. Соған қарамастан бұл жас отбасының көңілдері көтеріңкі, пиғылдары ашық болатын. Өздеріне «сәлем» беруге келген біз сияқты ашқұрсақ университеттің

студенттеріне барлық сақтағандарын дастарқанға жайып салатын. Осыны сол кезде тез ұққан қу біздер топтасып, сол үйге жиі-жиі баратынбыз. Кейін есейген соң ойлап қарасам, бұлар қандай кеңпейілді бауырмал адамдар екен-ау деймін ғой...

Міндетті түрде айтылатын Сатыбалды ағайдың тағы бір сыры бар. Ол – оның үлкен адамгершілігі, қамқорлығы, жанашырлығы. Сол кезде астана Алматы қаласына елден келіп отбасы құрып, тұрақтап қалатын және келетін адамдар аз болатын. Өйткені астанаға келуші қазақтар аз, ал басқа ұлттың азаматтары көп болатын. Осындай жағдайды, қаншама жыл жанында жүргендерден байқағаны Сәкеңнен «жоқ» деген сөз шықпайтын. Шамасы келсе көмектеседі, келмесе ақылын айтады. Жас болсын, кәрі болсын Сатыбалды ағамызға алғыстарын жаудырып, ризашылығын айтып жататын. Мұндай кеңшілік, ақкөңіл, мырзашылық, көп адамның қолына келе бермейтіні рас қой.

Көп жылдар Сатыбалды Даумов ағамыз елімізге өте қажетті лауазымды қызметтер атқарды. Біраз жыл кітап басатын орында, көп жазушыдардың, ғалымдардың және әртүрлі саладағы белгілі қызметтер атқарған адамдардың еңбектерін шығаруға көмегін бергені анық. Ал «Қазақстан ауыл шаруашылық» журналында жұмыс істеп жүргенде, өзі біраз елдің тұрмыс-күйін және шаруашылық салаларының түрлерін кеңірек дамыту туралы мақалаларын жазып, өзінің ақыл-ойын елдегі халық алдында іске асыруға тырысты.

Одан кейін Республикамыздың беделді журналы «Еңбек таңының» 30 жылдай Бас редакторы болды. Бұл жерде біраз кемтар адамдарға көмек берді, олардың хал-жағдайлары туралы және еңбекке деген ынталарын көтеруге әртүрлі жәрдем жасау мәселелерін құнды мақаларымен жеткізуде аянбастан көмегін жасады. Осындай жұмыс барысында ол өзін жоғары

білікті маман, тәжірибелік, үйрету жұмыстарында ірі ұйымдастырушы екендігін де танытты.

Осы сала бойынша көп адамдар басшылық жұмысқа көтерілді. Айталық, Қазақстан Республикасы Соқырлар қоғамның бастығы Әубәкіров Байболатөзімнің жетекшілігімен экономика ғылымдарының докторы, профессор болды. Бұл азамат әлі де осы саланың басқару жұмыстарын атқаруда, өзі композитор, ақын, былайша айтқанда сегіз қырлы, бір сырлы адам. Екінші, менің ғылыми жетекшілігіммен танылған мықты азамат, экономика ғылымдарының докторы, профессор Александр Базиков, қазір Ресейде Орел қаласында тұрып жатыр.

Ел азаматтары жақсы біледі, Сатыбалды ағамыз ірі ақын, біраз елдегі тұрмыс, еңбек, белгілі халқымыздың азаматтары туралы жазған еңбектері жеке кітаптар болып шыққан. Елдегі кітапханаларда сақтаулы, оны қазақ жастары оқуда.

Ағамыз М. Горький айтқандай, «мен кітапқа өмір бойы қарыздармын» дегендей, ол кісінің барлық жиып-терген байлығы – кітап болатын. Сосын достарымен жолдастары көп болып, бәрімен қарым-қатынаста болатын. Біздерге кездескенде «бос жүрмендер кітап оқыңдар, құрметтендер» деуші еді. «Сіздер білесіздер ме, дүниежүзінде және еліміздің қоғамында мындай ақын-жазушылар бар, солардың еңбектерінен оқып, өмірді қалай сүруді үйреніңдер, басқа нашар нәрседен аулақ болыңдар, уақытты босқа өткізбеңдер» дейтін. Ал өзі кейбір жақсы шығармаларды талдап-түсіндіріп, өмірдегі қауіптерден қалай сақтануға жол сілтейтін.

Бұл туралы да, үнді данышпаны М. Ганди: «Байлықтағы ең қауіптісі – еңбектің қағыс қалуы, идеологиядағы ең қауіптісі – ұстанымның қағыс қалуы» депті.

Бәрімізде еңбек арқылы есейдік, еңбекпен ырызық

тердік, еңбекпен елге елендік. Әр адам: «Әлеуметтік ортаға, Отанға мен де керекпін, менің де қажыр-қайратыма мұқтаждық бар», – деп ойланса, сол сеніммен өмірдің мәні әруақытта да табылады. Осындай өз ойын ағамыз, нарық экономикасының қиын бастамасында жазып үлгірген азамат.

Өмірдің бір беті – қыс, бір беті – жаз,  
Айтқандай бұл заманда кім-кімге наз?  
Соңында өте шықты-ау біздің жастық,  
Кәсіптің бейнеті көп, құрметі аз, –

деген ақын Сатыбалды Даумов еді ғой.

Ағамыз кезінде сол заманның талабына сай қыруар еңбектер атқарды. Тірі болса мамыр айында, биыл 80 жасқа толар еді. Ел болып тойлар едік, бұлда Алланың берген ғұмыры ғой...

Қалай дегенде қазақ жері, қазақ елі Сатыбалды Даумов деген перзентіне риза. Ел ағамызды құрметке бөлеп, барынша марапаттады. «Республикаға еңбегі сіңген қайраткер» деген атағы берілді, медальдар, грамоталар алды. Орал қаласында қаламгердің атында көше де бар.

Міне, осындай кешегі бірге жүрген ағамызды әрдайым есте ұстайық, ұмытпайық!

*1 сәуір, 2014 жыл.*

*Мәкен ӘЛИАСҚАРҰЛЫ*  
*Қазақ зағиптар қоғамының*  
*тарихи-мұражайының меңгерушісі*

## **АЗАМАТ ЕДІ...**

### **АҚЫН ЕДІ...**

Уақыт шіркін сынапша сырғып өте шыққаны білінбейді екен. Кешегі көз көрген жанның көз жұмғанына да біраз уақыт өте шығыпты... Сол аяулы азамат бауырымыз Сатыбалдымен қолтықтасып жүріп, ұзақ жылдар талай-талай сыр бөлісіп, әңгіме тиегін ағытқан күндер естен кете ме? Бәрі де алыстады ғой. Ол марқұмның қадір-қасиеттерін қалай ұмытамыз!

Расында Сәкеңнің 1970 жылдан тапжылмай отыз жылға жуық Қазақ зағиптар қоғамы жүйесіне жасаған орасан еңбектеріне ойлы көзбен қараған адамға, баршасы тайға таңба басқандай «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді» демекші, өзіміз әбден танып-білген тарланбоздай бір зор тұлға — Сәкең еді

Былтыр 15 мамырда 69 жасқа толған еді. Содан небары 14-ақ күн өтісімен ол арамыздан бақиға аттанды, қазаға не шара!

Ал менің айтпағым — Сәкеңнің басқалардан ерекшелігі, біздерге, зағип жандарға жасаған шарапаты болатын. Журналист өмір жолдамасын алған сәтте «Ауыл шаруашылығы» журналы редакциясында жауапты жұмыстар атқарып, баспасөз ісінің қыр-сырына жан-жақты машықтанып, кемелденген шағында «Еңбек таңы» редакциясына қызметке келді. Ол кезде журнал

көлемі шағын бюллетень еді. Екі тілде шығатын басылымға жіберілетін материалдарымыздың кем-кетігін жалықпастан жөндеп, тіпті өлең шумақтарымыз болса бастан-аяқ қайта қарап, көркемдеп журналдарға жариялап, жарым жанымызды жадыратып жүретін еді-ау. «Ана жазғаның әжептәуір екен» деп қолпаштап қоятыны бар еді, жарықтық, туған әкеміздей-ақ әлпештейтін сол шәкіртінің біреуі мен ғой. Қолына қалам ұстағанымыздың жіберген нәрселерін жаман екен деп кері қайтармай, қалай да жариялануына жәрдемдесетін.

Қайран, кемеңгер ағайымыз! Ой-парасаты биік, мінезі де байсалды, қашан да өз басынан қоғам мүддесін жоғары қоятын. Заңғар азамат Сәкең осы аталмыш қоғамның Орталық басқарма алқа мүшелігіне де үш мәрте сайланған «Құрметті азаматы» мүшелік куәлігінің иегері де еді. Сондай-ақ, ағамызға зағиптар үшін сіңірген еңбектерін бағалаған үкіметіміз «Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері» құрметті атағын берген-ді.

Қаламы жүйрік журналист ретінде танылғандықтан да ол кісінің алған марапат қағаздары мен медальдары өз алдына бір мәртебе ғой. Айта берсем жазушы-ақынның бір топ өлеңдеріне әуесқой сазгер Байболат Әубәкіровтің шығарған әсем әндерін де Қазақ радиосынан естігенімізде, Сәкеңді әрдайым еске аламыз.

Әрбір адамның өміріне жіті үңілсек, айтулы тарих іспетті. Ендеше, биыл 70-ке толмақшы Сәкең артына айғақ ізіндей қалдырған: «Жалын-ғұмыр», «Тауқыметті тағдыр» «Қазына», «Сонау бір тұрған Нарында» кітаптары біздің арнайы республикалық кітапханамыз бен тарихи-мұражайымызда сақталуда. Сіз біздің жадымыздасыз, жарқын Саке!

## **АҒА БОЛЫП ЕСІМІЗДЕ ҚАЛДЫ**

1987 жылы, Кеңес үкіметінде, қоғамда қайта құру, өзін-өзі қаржыландыру жүріп жатқан кезде, мені Алматыда балық шаруашылығы министрі шақырып алып: «Сен, Арал теңізі өңірінде туып-өстің, білім алдың, бірақ біраз жерде қызмет атқарсаң да өз еліңде қызмет жасамапсың. Сондықтан Арал балықшыларының қазіргі қиын жағдайында елге барып, халыққа қызмет атқаруың керек», – деп мені Арал балық өндіріс бірлестігіне бас директор қызметіне жіберген болатын.

Сондай қиын-қыстау жұмыс атқарып жүргенде жылына бір рет денсаулықты түзеу үшін демалып қайтатынбыз.

1988 жылы осындай мақсатпен Алматыға «Түрксіб» санаторииіне жұбайым Рәмза екеуіміз демалысқа келіп, орналастық. Көрші палатада демалып жатқан ерлі-зайыпты, бірақ бізден жас шамалары үлкен, алматылық кісілер екен. Таныса келе олар Алматыда тұратындарын, кезекті демалысқа келіп жатқандарын айтты.

Сатыбалды, Асылғаным деп бізбен танысты. Ақ көңіл, ақ жарқын адамдар бірден бізге туыс адамдардай жақын көрінді. Санаторийде бірге демалып, біздер елге қайттық.

Келесі жылы, кезекті демалысымызды алып, біздер «Сарыағаш» санаторииіне келдік. Біз келісіп алғандай тағы да сол жерде Сатыбалды аға мен Асылғаным



жеңгемізбен кездестік. Қастарына өздерінің немерсі Алтайды ертіп келіпті. Туыстарымызды кездестіргендей құшақтасып көрісіп, үлкен қуанышта болдық. Сол жерде әзілдесе отырып кішкентай Алтайдан кім екенін сұрағанымызда, ол өзін ата мен әже баласы екенін, руым «ысық» деп таныстырды. Сол кезде біз Рәмза екеміз бір-бірімізге таңғалып қарап қалдық. Шынында да Сатыбалды ағамен Рәмза бір өлкеден, бір атадан өрген адамдар болып шықты.

Сөйтіп сол жерде туысқан тауып, шұрқырасып жатырмыз. Міне, сол кезеңнен бастап біздер аға-іні, қарындас, жеңге болып, осы күнге дейін туысқан адамдай бірге араласып келе жатырмыз.

Біз Арал өңірінде жүргенде Сатыбалды ағаның бізге деген кішкентай сағынышты өлеңін еске алсақ, былай деп жазған екен:

Бойға – қуат, көңілдерге күйған нұр,  
Сарыағашта өткен әр күн – бір дәуір!  
Дертімізге дауа ғана таппадық,  
Туыс таптық, достар таптық мұнда кіл.  
Қоштасарда қиыса алмай бір-бірін,  
Кеуделерде өтті-ау соғып бір дауыл.  
Ұстап алған соң бір сәтті тап басып,  
Фотограф, саған алғыс мың да бір!  
Бірге өткізген аз күнді еске салатын.  
Қалсын қымбат ескерткіш боп бұл да бір!

*15 сентябрь, 1989 жыл.*

Осындай көңілін айтып, Сатыбалды ағамыз соңымыздан Арал қаласына суретпен бірге бізге жіберіпті. Кейін біз Алматыға көшіп келгенде, өмірінің соңына дейін аға-іні, қарындас болып туған ағадай араласып кеттік.

Сатыбалды ағамен араласып жүргенде ағаның талай достарымен, көптеген ақын-жазушылармен

танысып, жүздесіп, айтқан қызық әңгімелерін тыңдадық. Соның ішінде Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев және көптеген танымал ел ағаларымен дастарқандас болдық.

Сатыбалды ағамыз бен Асылғаным жеңгеміздің кішіпейілділігі, бізді әрқашан қуана, құшақтап қарсы алатынын ерекше айту керек. Үйіміздегі барлық қуаныштарда бірге болып, төрде аға болып отыратын. Жазушылық, ақындық, тарихшы қасиеттеріне бас иіп, қарапайымдылығына таңғалатынбыз.

Қазіргі уақытта Асылғаным жеңгеміз және ағаның балалары үзбей қарым-қатынасты сақтап қалған, жанұямызда үнемі Сатыбалды ағаны еске алып, бірге өткізген күндерді айтып отырамыз.

Сатыбалды аға ұмытылмайды, жақсы аға, ақын аға, жазушы, журналист аға болып, әрқашан есімізде қалды.

*сәуір, 2014 жыл.*

*Светлана АЙТҚАЛИҚЫЗЫ*

## **БІЗ ОНЫ МАҚТАН ТҰТАМЫЗ!**

*Біле білсең, ағайын,  
Ең сыйлы жұрт нағашың!  
Айналайын, бауырым,  
Артық оның бағасы.*

Нағашымыз Даумов Сатыбалды арпа ішінде бір бидай дегендей, төрт қыздың ішінде жалғыз ұл болып өскесін бе, ол кісіні ерекше көрдік.

Марқұм ең үлкен апасы — менің апам Уазипа ылғида інісін «Ол менің асқар Алатауым!» деп отырушы еді...

Сондықтан да болар әрдайым тілекті, тілеуқор боп өтті. Алматыда нағашымыз тұратынын мақтан еттік, сол қалаға жету біз — жиендері үшін алға сүйреген маяктай болды. Мақтанып кәдімгідей қуанып асығатынбыз. Сол жел бізді Алматыға жетелеп, жоғарғы оқу орындарына түсіп, білім алдық. Студенттер қайбір жетісіп жүреді, тиын-тебеніміз таусылып, қарнымыз ашқан уақытта сол нағашымызға барып, шай-суын ішіп бір марқайып қалатынбыз. Өмірлік жар тауып, отбасын құрамыз дегенде, ең алғаш болашақ жарым Амангелдіні апарып таныстырып, ақ батасын алып, осы нағашымның үйінен аттанып, неке қиюымыздың куәсі болған — нағашым Сатыбалды мен жеңгеміз Асылғаным еді.

Сатыбалды нағашым адамгершілігі мол, ағайын

арасында абыройы асқақ жан болатын. Нағашы жұртың жақсылығыңа сүйінеді, жаманыңа күйінеді. Нағашымыз өмірде үлкен тұлға ақын, жазушы, үлгілі әке, бәрімізге қамқоршы боп, тек қана жақсы жағымен із қалдырды. Өзі жоқ болса да Орал қаласында көшенің есімі берілді. Мәңгілікке есімізде қалды, ол кісімен мақтанамыз!

*Нурлан ДАУМОВ,  
сын*

## **ВОСПОМИНАНИЯ ОБ ОТЦЕ**

Отец был разносторонним человеком. Те кто знал отца, помнят его, как интеллектуала, эрудита, замечательного оратора, общественного деятеля, прекрасного руководителя, талантливого журналиста, а также публициста, переводчика, лингвиста. И, конечно, как свойство души - акын, поэт. Это внешняя сторона медали.

Внутренняя же, заключалась в семейной жизни, в быту. Будучи семейным человеком, имея троих детей на руках в эпоху тотального дефицита в эпоху развитого социализма много времени уходило на организацию быта, воспитания, добывание хлеба насущного, папа умудрялся оставаться творческим человеком.

Он очень обожал такие интеллектуальные игры как шахматы. Не от случая к случаю, а системно изучал искусство шахматной науки. В домашнем кабинете на рабочем столе лежали шахматные журналы и газеты. Постоянно следил за шахматными баталиями советских и зарубежных мастеров и гроссмейстеров этой древнейшей игры. С наслаждением анализировал сыгранные партии. Но, самое главное, сам любил играть в шахматы вживую. В 50, 60, 70-е годы 20 века шахматные соревнования во дворах были очень популярны. Так вот, когда наша семья жила на улице Мориса Тореза, отец считался не официальным чемпионом

только двора. Его силу признавал даже известный и уважаемый в те годы республиканский шахматный обозреватель Евгений Носков.

Однажды, в Алма-Ату в начале 70-х годов приезжал выдающийся шахматист современности, вице-чемпион мира по шахматам — Ефим Геллер, давший сеанс одновременной игры своим многочисленным поклонникам. И отец, единственный из участников сумел сыграть со знаменитым гроссмейстером вничью. Тогда, Ефим Геллер предложил отцу провести очный поединок. Сыграли две партии и обе завершились ничьей. Ефим Геллер очень уважительно отозвался об отце, и очень удивился, что отец не имеет шахматного образования, даже начального.

Также отец, любил раскладывать пасьянсы и был не превзойдённым игроком в игральные карты. *(В детстве из этого увлечения мне и моим братьям нравилось, когда к нам приходили гости и на следующий день папа, как правило, раздавал нам по рублю с выигрыша в преферанс.)*

Меня всегда удивляли его руки, точнее ладони. Конечно, он был достаточно крупным мужчиной, но ладони были и вправду очень большие, можно сказать «лопаты».

Потом, через много лет до меня дошло, почему «лопаты». Мы с братьями его называли «Самоделкиным», потому что отец спокойно владел и молотком, и топором, и ножовкой, и отвёрткой. Хозяйственные дела по дому для него не были обузой. Всё он делал с настроением, с душой и на совесть. Вообще не было проблемой отремонтировать табуретки, столы, стулья. Вырезать стекло, поправить дверные косяки, вставить дверной замок, перестелить полы,


повесить антресоли или книжные полки и т.д. Ведь он родился и вырос в сельской местности, в ауле, где практически не было цивилизации, и приходилось делать всё вручную.

Отец всю жизнь, до последнего дня был подтянутым, стройным, спортивным человеком. Благодаря своим «лопатам» и высокому росту он в молодости был авторитетным волейболистом, как в институте, так и во дворе среди мужиков. Был незаменимым «ударником» и по защитным блокам в команде.

И всегда удивляла его опрятность в одежде. Несмотря, что в советские годы красивую, хорошую одежду днём с огнём нельзя было достать, папа всегда умудрялся выглядеть очень элегантно и шикарно. Сам лично ухаживал за своими вещами, даже маме не доверял. Особенно любил красивую обувь. А также, отец был великим любителем и знатоком галстуков. Соседи всегда приходили к нему за помощью повязать галстук. Так как никто другой не мог изящно и красиво повязать галстук как он. Нужной длины и размера узла на шее. У него это выглядело как произведение искусства.

Про его природный юмор, остроумие ходят легенды. Но, про эти качества и другие его таланты, надеюсь, расскажут другие люди, которые его знали и любили.

*07 апреля, 2014 г.*



*Сатыбалды Даумов.*





*Солдан оңға қарай: Өзипа, Сатыбалды, Нәзипа.  
25.06.1940 ж.*



*Орда ауданының студенттері.*



*Алматы. Студент жолдастарының ортасында.*




*Алматы. Сатыбалды мен Асылғаным балаларымен.*



*Сатыбалдының тұңғыш  
ұлының үйлену тойы.  
Нұрлан мен Ольга.*

*Сатыбалдының үшінші  
ұлының үйлену тойы.  
Алмас пен Ғалия.*



*Сатыбалдының екінші ұлының үйлену тойы.  
Өркен мен Ирина.*





*Алматы. Сатыбалды Даумов отбасымен.  
Солдан оңға қарай: Лилия, Алмас, Сатыбалды, Алтай,  
Дина, Асылғаным.*



*Сатыбалды отбасымен.*



*Алматы. Нұрсұлтан Назарбаевтың Даумов Сатыбалдыға  
Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері  
белгісін тапсыруы. 1990 жыл.*



*Сатыбалды Даумов жұмыста.*



*Ульяновск. Владимир Ильич Лениннің үйінде.*




*Ульяновск. Асылғаным жұбайымен  
Волга өзенінің жағасында.*

## Ұрпақтары








*Сатыбалды Даумов  
жұмыс барысында.*




*Орал қаласында  
Сатыбалды Даумов  
атына берілген көше.  
Жұбайы Асылғаным,  
ұлы Нұрлан.*



# Еңбегінің жемісі







*Алмас ДАУМОВ,  
сын*

## **ПРО ОТЦА – ГРАЖДАНИНА, ЖУРНАЛИСТА, ПОЭТА**

Желание написать о своем отце преследует меня уже несколько лет. Наш отец – скромнейший, интеллигентнейший человек из всех, кого я когда-либо знал и знаю по сей день... По паспорту отцу в этом году должно было исполниться 82 года. По его же расчетам, «только» 81. Вот с этого любопытного момента мне хотелось бы начать свое повествование.

### *День рождения – правда и вымысел*

Началось же все с того, что, что папу расстраивал тот факт, что он не знал точную дату своего рождения. Самое интересное, что родным и близким он свою неудовлетворенность по этому поводу никоим образом не выказывал, а нам, в свою очередь, оставалось об этом только догадываться. Как позже выяснилось, папа скрупулезно занимался выяснением данного пробела в своей биографии, и в один прекрасный день смог прийти к собственному заключению. В результате разных сопоставлений, характеризующих знаки зодиака, он для себя окончательно решил, что знак Козерога, основными чертами характера которого являются целеустремленность, трудо-любие, добросовестность, принципиальность, педантичность и гиперответственность, подходит ему в больше, чем все остальные знаки зодиака. Отец никоим образом не

ассоциировал себя со знаком Тельца, к которому его приписали на основании паспортных данных (15 мая), считая, что рожденным под этим созвездием присущи несколько иные черты характера, способности и таланты. В подтверждение вышеуказанных своих доводов отец говорил, что со слов его женге (жены его дяди) он родился зимой, в лютые морозы, тогда как май является далеко не самым холодным месяцем в году.

Короче говоря, в один прекрасный день, когда все дети, внуки, снохи пришли поздравить аташку с очередным шестьдесят каким-то днем рождения, папа нам торжественно объявил, что теперь его день рождения будет отмечаться не 15 мая, а 15 января, и что готов принимать поздравления, но...только в следующем году. Сказать, что все были в шоке, не сказать ничего, но шибко спорить с отцом никто не стал. Как говорится, хозяин – барин. Более того, по словам отца, в его свидетельстве о рождении вкралась еще одна ошибка, которая сделала его на целый год старше. Согласно паспортным данным, он родился в 1934 году, тогда как по его расчетам, в 1935. В итоге, это стало предметом шуток между ним и нашей мамой, которой он шутя, говорил, что по жизни, всегда хотел быть моложе.

Много лет спустя мы узнали, что похожие нюансы с датой дня рождения возникли и у младшей сестры отца – Казимы. Она жила очень далеко от нас, виделись мы с ней крайне редко, в связи с чем, даже не подозревали, что она тоже отмечает свой день рождения также 15 мая. Вот такая получилась забавная история с днями рождений наших ближайших родственников. Получается, что брат и сестра праздновали свои дни рождения в кругу родных и близких в один день, находясь за тысячи километров друг от друга.

Что самое интересное, на этом эпопея с этой знаменательной датой не закончилась. Несколько лет спустя после ухода отца, когда даты его официального дня рождения перестали быть столь актуальными, его первая внучка Лиля самым неожиданным способом напомнила о ней. Благополучно выйдя замуж, она ждала своего первенца. Ее отец, наш старший брат Нурлан, зная о том, что роды должны произойти ориентировочно с 10 по 20 мая, полусуто, полусерьезно сказал ей: «Ничего не знаю, но ребенка ты должна родить именно 15 мая!». В итоге, Лилечка, как настоящая папина дочь, 15 мая 2008 года родила здорового и славного сыночка, которому дали величественное имя - Артур.

Мой рассказ будет неполным, если я не упомяну, что имя Сатыбалды отец получил при весьма интересных обстоятельствах. Дело в том, что до рождения папы, в семье росли уже три девочки. И вот на радостях, что у них родился долгожданный сын, родители решили, что для сохранения жизни и здоровья младенца, по неписаным законам того времени, его, необходимо «отдать» соседям, а затем «выкупить» у них за мешок кизяка. С этой затеей наши ата с аже благополучно справились и стали «полноправными» родителями здорового и крепкого сыночка - Сатыбалды.

Все эти казусы с датами, когда братья и сестры, праздновали дни рождения в один день или различные суеверные уловки, были вполне характерны для аулов в Советском Казахстане 30-40-х годов XX века. Все прекрасно осознают, что учет записи дат рождений новорожденных в те времена оставляли желать лучшего, но «благодаря» этой неразберихе, все наши родные и близкие, с неизменной улыбкой вспоминают дату рождения отца.

Некоторые подробности из детства, юности

и молодости не знаю истинной причины, но папа практически ничего нам не рассказывало о своем детстве. Он лишь изредка затрагивал некоторые фрагменты своей ранней биографии. Например, как он очень рано, лет с шести-семи, начал работать по хозяйству по дому и в поле. Или, как перечитал от корки до корки на казахском и русском языках все книги школьной библиотеки. Либо про то, что вплоть до окончания средней школы его, как и всех аульных мальчишек, стригли наголо. В общем, это практически были все отрывки из его жизни, которыми папа с нами делился в свое время. А, например, о том, что будучи 10-летнем мальчиком он лишился своего отца Арыстанова Даума, которому едва исполнилось шестьдесят лет, и то, что спустя всего несколько лет после окончания школы он потерял маму Орынганым, папа предпочитал не рассказывать вовсе. В свою очередь мы, дети, эту деликатную тему старались не затрагивать, а у него, видимо, были какие-то свои причины не говорить нам об этом.

Много лет спустя, когда отца не стало, один из наших родственников рассказал, что вскоре после смерти отца, дом в котором они жили со своей мамой и сестренкой сгорел. И аже – маме отца, вынуждена была с двумя маленькими детьми долгое время скитаться по родственникам и друзьям, испытывая невероятные лишения и трудности. Мало того, что пришлось пережить голодные военные и послевоенные годы, так еще папина семья осталась «без крыши над головой». Несложно догадаться, видимо он не хотел беречь «старые раны» своими тяжелыми воспоминаниями о голодном, холодном и не самом счастливым детстве. Не в его правилах было поддаваться ностальгическим воспоминаниям, ввергая в тоску и уныние родных и близких. Конечно, бывают случаи, когда старики в

воспитательных или иных целях рассказывают о своей далекой нелегкой жизни своим детям и внукам, но папа был не из их числа. Более того, как бы тяжело и горестно ему не было, ни разу в жизни я не слышал, чтобы он обвинил кого-либо в своих промахах, ошибках и бедах, и тем более, жаловался на судьбу.

### *Становление характера*

Как формировался характер отца? Что сыграло главную роль в становлении его как личности? Перечислить можно много факторов. Это и потеря отца в раннем детстве, когда закладываются основы формирования характера человека. Это и голодные 30-40-е годы, когда бурно растущий организм требовал, но катастрофически недополучал многих, даже самых элементарных для нормального физического развития витаминов, но при этом, не ломался под ударами судьбы, а пробивался, как молодой росток сквозь камень, становясь с каждым годом все крепче и сильнее. Это безусловно, и генетика, которую папа унаследовал от своего отца и дедов. В юности, мы таким нюансам, как генетика, не придавали большого значения, но со временем к нам начало приходить понимание того, что являемся потомками достойных предков, которые в свое время были крупными скотовладельцами, людьми успешными и самодостаточными. Ко всему прочему, наши прародители отличались высоким ростом, крепким телосложением и физической силой. Вероятнее всего, все вышеперечисленное в совокупности плюс, приобретенный жизненный опыт, сформировали тот стержень, благодаря которому отца состоялся, как Личность с большой буквы, оставив яркий след в журналистике и литературе Казахстана.



## *Студенческие годы*

Хотелось бы отметить еще одну немаловажную деталь из папиной биографии. Мало того, что он не делился с нами воспоминаниями о своем детстве, он и про студенческие годы предпочитал особо не говорить. Но, как исключение из правил, отец иногда рассказывал нам о том, как ему и его однокурсникам посчастливилось периодически посещать лекции по «абаеведению», которые читал классик казахской литературы – Мухтар Омарханович Ауэзов собственной персоной. Любопытен тот факт, что аудитории, в которых прославленный акын проводил свои занятия, всегда были забиты до отказа. Порой студентам не хватало даже стоячих мест. Повествования Ауэзова про творческий и жизненный путь великого Абая были настолько популярными, что порой в аудиторию сбегались не только студенты филологического факультета, но и будущие физики, химики, математики, биологи и учащиеся других факультетов, в учебных программах которых данной лекции не было и в помине.

Я полагаю, что М.О. Ауэзов своим блестящим ораторским искусством, харизмой, мощным интеллектом и прекрасным знанием предмета способствовал формированию и развитию целой плеяды литераторов в 50-е-60-е годы двадцатого столетия, которая дала мощный импульс развитию казахского языка и казахской культуры во всем Казахстане. О некоторых из этой плеяды, с кем папа вместе учился в своей альма-матер, и с кем его жизнь пересеклась во время творческой деятельности, я напишу немного позднее.

Хорошо запомнились рассказы однокурсников отца о том, что между собой его называли «заочником»,

который получал стипендию». Они имели в виду то обстоятельство, что пока все студенты добросовестно посещали лекции и практические занятия, отец отсыпался в общежитии. Но когда приходило время сдавать экзамены, многие радовались своим тройкам и четверкам, тогда как, папа легко и стабильно получал «отличные» и «хорошие» оценки в свою «зачетку».

Еще вспоминается один очень интересный случай. Хотя отец, в виду скромности, никогда нам о нем не рассказывал, но такую историю утаить не получилось. На пятом курсе университета он проходил преддипломную практику в селе Чемолган в Алма-Атинской области. По молодости, как большинство юношей и девушек, папа был ярким максималистом и перфекционистом. Эти черты характера существенно влияли на его требовательное отношение не только к другим, но и к себе в первую очередь. Данную модель поведения он перенес и на свою преподавательскую практику, будучи учителем старших классов в вышеназванной школе. Одним словом, спрашивал он по преподаваемому предмету строго и беспощадно.

Так вот, самое интересное, среди тех старшеклассников, которых ему доверили обучать и экзаменовывать, был очень способный парень, который безукоризненно сдавал все свои экзамены и получал за них максимально высокие баллы. Не буду вдаваться в подробности процесса обучения и самого экзаменационного процесса, но отец оценил его знания на твердую «четверку». Казалось бы, не произошло ничего сверхъестественного, но после окончания экзамена учителя, завучи и руководство школы, вплоть до директора, решили выразить несогласие заниженной, по их мнению, оценкой и начали уговаривать отца поменять свое решение, чтобы не портить выпускнику итоговую оценку в

аттестате зрелости. История умалчивает, изменил ли отец свое решение или все же настоял на своем. Казалось бы, стоит ли акцентировать внимание на этом? Такие случаи происходили сплошь и рядом в каждом ауле или городе. Однако, «изюминка» всей этой истории крылась совершенно в другом. Звали этого талантливого ученика – Нурсултан Назарбаев.

Много лет спустя, Нурсултан Абишевич, будучи первым секретарем Центрального Комитета Коммунистической партии Казахстана, лично поздравил папу с присвоением ему почетного звания «Заслуженный работник культуры Казахской ССР» и вручил ему эту высокую награду. Не думаю, что во время награждения он узнал в высоком, солидном, убеленном сединами мужчине того самого практиканта старших классов, в округлых очках, который никак не хотел ставить ему «пятерку». Да и отец, насколько я знаю, даже не пытался каким-то образом напоминать первому секретарю ЦК Компартии Казахстана о том случае многолетней давности.

### *Личная жизнь и начало карьеры*

Несмотря на свою активную студенческую деятельность, отец не забывал и о своей личной жизни. Так, будучи студентом 5-го курса филологического факультета Казахского Государственного университета им. С.М. Кирова, папа стал счастливым отцом моего старшего брата – Нурлана. Случилось это знаменательное событие в прекрасный весенний день, 10 апреля 1958 года. Спустя буквально несколько месяцев после окончания КазГУ, 6 августа 1959 года отец стал уже дважды отцом, когда родился наш средний брат Уркен. До сих пор, спустя 50 с лишним лет, для всех нас остается загадкой, как они

с мамой выживали с двумя маленькими детьми в то непростое время. Не имея какой-либо материальной поддержки от родителей, у них элементарно не было даже родственников в городе, к которым можно было бы обратиться в случае крайней необходимости. В меру своих скромных возможностей, чтобы иметь хоть какую-то крышу над головой, они с мамой сняли в аренду комнатуху в полуподвальном помещении. Чтобы вы могли себе представить, этак комната была размером два на два квадратных метра, с печкой на твердом топливе и с удобствами во дворе. Примерно вот таким непростым образом происходило становление и формирование новой молодой семьи будущего Заслуженного работника культуры Казахской ССР.

Что самое интересное, или скорее комичное в этой истории то, что, несмотря на мизерную, даже по тем меркам жилплощадь, родители умудрялись периодически размещать у себя многочисленных родственников, приехавших «покорять» Алма-Ату из далеких уральских и гурьевских (западно-казахстанских, атырауских) аулов. Чудеса, да и только. По всей видимости, неприхотливость, простота и бедность тех лет были в порядке вещей и не казались чем-то шокирующим или противоестественным.

Высокий, ростом 185 сантиметров, худой, но физически очень сильный и выносливый 25-летний молодой отец двоих малышек, правдами и неправдами «тянул» семейную лямку, устроившись работать рядовым журналистом в журнале «Сельское хозяйство Казахстана» сразу после окончания университета. Учитывая скромное жалование, которое получал отец в начале своей карьеры, для нас остается загадкой, как выживала молодая семья, имея настолько ограниченные ресурсы? Мало того, что у папы с мамой на руках подрастали сыновья двух и трех лет от роду,

